


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

**БАЛАЛАР ПСИХОЛОГИЯСЫ**  
(Туылғаннан мектепке дейінгі кезең)

Алматы - 2021



УДК 159.9 (075)

ББК 88.8 я 7

Б 22

*Пікір берушілер:* Аймағанбетова Қ.А. – п.ғ.док., профессор;  
Сангилбаев О.С. – псих. ғыл. докторы.

Ауталипова Ұ.И. – психология ғ.к., доцент;  
Шеръязданова Х.Т. – психология ғ.д., профессор;  
Абдраманова Д.Е., Құлымбаева А.К..

**Б22. Балалар психологиясы.** (Туылғаннан мектепке дейінгі кезең). – Алматы: «Отан» баспасы, 2021. –142 бет.

ISBN 9965-640-09-2

Бұл оқу құралында психологиялық жағдаяттар, сұрақтар және оларға берілген жауаптар қарастырылған. Ұсынылып отырған психологиялық-педагогикалық міндеттер және жағдаяттар психологияның негізгі түсініктерін әр түрлі нақты өмірлік жағдайларда қолдануға үйретеді. Бала психикасының дамуының негізгі заңдылықтары, нәрселік және сәбилік, мектеп жасына дейінгі, мектепке дайындық кезеңдерінің зерттеу әдістері және пәні қарастырылған. Әрбір бөлімде жас кезеңдеріне байланысты қысқаша теориялық түсініктер беріледі.

Оқу құралы педагогикалық ЖОО студенттеріне, мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілеріне, ата-аналарға және жас психологтарға арналған.

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданып баспаға ұсынылды*

УДК 159.9 (075)

ББК 88.8 я 7

Б 0303005000  
00(05)–10

ISBN 9965-640-09-2

© Ауталипова Ұ.И., Шеръязданова Х.Т.,  
Абдраманова Д.Е.; Құлымбаева А.К., 2021  
© «Отан» баспасы, 2021

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
1. Проблемалық жағдаят және міндеттері.....	6
2. Балалар психологиясын жас ерекшеліктеріне қарай зерттеу әдістері.....	25
3. Бала психикасының дамуындағы негізгі заңдылықтар.....	36
4. Балалардың туылғаннан бір жасқа дейінгі психикалық дамуы.....	60
5. 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың психикалық дамуы.....	65
6. Мектепке дейінгі жастағы балалардың психикасының дамуы.....	71
7. Баланың мектепте оқуға психологиялық дайындығы.....	76
8. Балалардың тұлғалық және психикалық ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемелер.....	86
Глосарий.....	114
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	119
Қосымшалар .....	122

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда психологияға деген қызығушылық адамдарға әр түрлі өмір міндеттерін шешуге көмек беретін ғылым ретінде қарастырылып отыр. Психологиялық білімді қолдану аймағы өте кең – бизнес, білім беру саласы, саясат және де баламен ата-ана қатынасы т.б. Әр ата-ана үшін өз баласының дамуы мен есеюін тиімді шешіп, олармен конструктивті қатынас орната білу өте маңызды. Бәлкім барлық ата-ана осылай болғанын қалайтын шығар, бірақ мұны барлығы бірдей біле бермейді.

Мұғалім де – шығармашыл, ізденімпаз бола отыра өз пәнін терең білумен шектелмей, балалардың онтогенездік дамуының барлық кезеңдерінде, балалармен психологиялық жұмысты тәжірибе деңгейінде қарастырып, әрі жан-жақты зерттеуді талап ету қажет.

Адамдардың көпшілігі баланың өмірге келуін саналы түрде ойланп, ең бастысы киіндіріп, тамақтандырып, көп ойыншық әперу әлі барлығы еместігін түсінеді. Келешек адамға күшпен өзіне деген сенімділікті жинауға, оған не керектігін түсініп, қарым-қатынас орнатып, өз мақсаттарына жете білуге көмек көрсету керек. Мұнсыз бәсекеге толы, құбылмалы өмірде бақытпен сәттіліктерге қол жеткізу мүмкін емес.

Бірақ, біздің отбасында және балалармен жүргізген практикалық психологиялық тәжірибеміз тіпті жақсы ата-аналардың өзі бала өмірінің қай кезеңінде оған ненің тиімді, ненің зиян екендігін біле бермейтіндігін көрсетті. Жақсылық жасаймын деген ниетпен, кейде өз балаларына кері әсерлерін тигізіп немесе жеткіншектермен қатынасын құртады. Мысалы, психологқа келеске 7 жасар баласын алып анасы келеді. Бала күзде мектепке баруы керек. Бала белсенді, тапқыр, ақыл-ойы жақсы дамыған. Әңгіме барысында отбасына жақында нәресте келгендігі анықталды. Сонымен, анасы психологқа былай деп сұрақ қояды: «Ол барлық әріптерді біледі, өзі оқи алады. Мен сен өзің оқи берсең, менің балаға қарайтын уақытым көбірек болар еді деймін...Не істеуге болады айтыңызшы?». Психолог: «Бұлай айтсаңыз ол мүлдем оқымайды». Неге? Себебі, белгілі психологиялық факт бар. Кез-келген үйдің үлкен баласы отбасында кішкентай інісі-

нің немесе сіңілісінің пайда болғанында негативті сезімдерді сезінеді. Бұл сезімдер шынайы – қызғаныш балаға деген көңіл аударудың азайғандығымен байланысты. Бала алдында өзіне ғана берілген ата-ана махаббаты енді сәбиге беріледі деп күдіктенеді. Жағдайдың сәтті дамуы уақыт келе ағайындылар арасындағы түсініспеушіліктерді жойып, жақсы көрушілікпен нағыз достық дами бастайды. Отбасында екінші баланың пайда болған кезінде, үлкен балаға ерекше назар аудару қажет, оған деген өз махаббатымыздың қамқорлығымыздың өзгермегендігін білдіруіміз керек. Ананың баламен айналысуыма ыңғайлы болар еді деп, оның мінез-құлқына байланысты талаптарымен тілектерін түсіндірудің қажеті жоқ. Себебі, бала бұл сөздердің астарынан анасына бұрынғыдай керек емеспін деп түсінеді. Үлкен бала өзі орындап жүрген әрекеттерін (тамақтану, киіну, ұйықтау т.с.с) орындамай қоятындығы белгілі. Ол өзін сәби сияқты ұстайды. Мұндай әрекет арқылы ол өзіне деген ата-анасының қамқорлығын қайтарғысы келеді. Анасы психолог сөзіне таң қалып, өз әректін өзгертуге келісті. Бұл мысыл өз баламызға біз жақсылық тілеп, қамқорлығымызды білдірсекте, дамудың кейбір заңдылықтарын білмейтіндігімізді көрсетеді, себебі әр жеке тұлғаның психикалық ерекшелігін ескере жүргізілетін жұмыс түрлері де әр түрлі.

Құрметті оқырмандар! Білім беру саласындағы мұғалім, тәрбиеші жұмысы және ата-аналық қиын жұмыста біз сіздерге сәттілік тілейміз, психологтар өз кәсіби біліміне және тәжірибесіне сүйеніп, сіздерге көмек беруге дайын екендігін айтқымыз келеді.

## 1. ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖАҒДАЯТ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Ойлау қажеттігі адамның алдында қандай да бір жаңа мәселе, жағдай немесе мақсат туындаған кезде пайда болады. Бұған жүргізуші автомобилінің двигателі тосыннан тоқтап қалып, кездейсоқ жағдайға тап болуын мысалға келтіруге болады. **Оталдыру, май құю туралы оның бар білгені (есте сақтағаны)** двигательді қосуға көмектеспеді. Осы кезде көмекке ойлау (есте сақтау қабілеті көмектеспегендіктен) қажеттігін тудыратын әдеттен тыс жағдаят туындайды. Жағдаята белгілі әдіс-амалдар (олар да керек болып тұрса да) нәтиже бермей, жаңа бір міндеттер туындайды. Мұндай жағдаят проблемалық жағдаят деп аталады. Ол санамен толық қабылданбаған әрі әлі нақты емес әсер-лердің сигналдарынан туындаған жағдайды ойлау дәрежесіне жеткізу қажеттігінен іс-әрекетте қандай да бір қиындықтар (ке-дергілер) туындаған кезде пайда болады. Оны қарастыру кезінде бір жағдайдан, екінші жағдайды шешуге жақын, бірақ әлі ше-шілмеген күйге ауысу пайда болады. Проблемалық жағдаяттың шешімін табу үшін ондағы белгілі жайттарды белгісіздерінен ажырата отырып, талдау керек. Нәтижесінде проблема шешімін табуды қажет ететін міндет дәрежесіне, ал белгілі және белгісіз мәліметтер сұрақ дәрежесіне ие болады, осының арқасында ой-лау үрдісі белгілі бір мақсатқа бағытталады және туындаған мін-деттің бұған дейін белгісіз болып келген шарттары мен талап-тары ашыла бастайды. Бұл жаңа деректер міндетті шешуге кө-мекші бола алады.

Жағдайдың шешімін іздеу оның сұрағының қалай қойылуына байланысты анықталады.

### Қойылатын сұрақтар:

- Жағдаятты (міндетті) талдау
  - мәні неде?
  - неге маңызды?
  - неге екенін түсіндір...
  - қалай екенін түсіндір... және т. б.
- Талдау (тұжырым)
  - (Деректердің, құбылыстардың...) әлсіз және мықты жақтары неде?

- Жорамалдау
  - жағдаяттың дамуын болжап көр...
  - егер .... болса, не болады?
  - егер ... болса, қандай жағдай туындайды?
- Басқа көзқарастарды қарастыру
  - сіздіңше, басқалар қалай ойлайды?
- Бұрыннан бар білімдерін белсендіру
  - қалай әсер етеді?
  - бұл немен байланысты?
  - сипаттаңыз.
  - мысал келтіріңіз.
  - өмірге бейімделуі қалай?
  - қалай қолдануға болады?
- Дәлелдеме
  - шешуіне қай аргумент «жақ», қайсысы «қарсы» деуге қарастыруға болады? Мысал келтір.
    - «Жақ» немесе «қарсы» аргументтерді ата.
- Салыстыру – қарсы қою
  - ... және... арасындағы айырмашылық неде?
  - қандай ұқсас жағдайлар болуы мүмкін?
  - несімен ұқсас?
  - ұқсас нәтижелерді салыстыр.
- Балама шешімдерді іздеу
  - тағы қандай осыған ұқсас шешімдер болуы мүмкін?
  - қандай ұқсас жағдайлар болуы мүмкін?
- Бағалау және негіздеу
  - сәйкестігін анықта.

\* \* \*

Проблемалық жағдаяттарды танып-білуді түсіну міндеттері және оның шешу жолдарын іздестіру орынды қойылған сұрақтардың көмегімен жеңілденеді. Қойылған сұрақтардың шешімін табу олардың бағытына байланысты анықталады.

Нақты бір мәселелерге (жағдаяттарға) көңіл аударайық.

**Жағдаят:** Екі жас ананың әңгімесінен: «Мен өз қызымды белсенді және дербес деп есептеймін, сондықтан оқудағы табыстарына оның өзі жауапты – оған көмек көрсетудің қажеті аз», -

дейді бала анасының біреуі. «Ал менің ойымша, – дейді екінші ана, - ол бәрібір бала. өскен кезде өзі-ақ жауапты болады».

**Екі ананың бала тәрбиесіне деген көзқарасын салыстыр.**

Бұл жағдаятты шешу үшін тәрбиелеудің түрлі стильдеріне түбегейлі талдау жасап, баланың белсенділігі мен дербестігінің рөлі туралы қорытынды жасау керек.

**Шешім:** екі ана да дұрыс көзқараста емес. Бірінші жағдаятта белсенді балаларға дербестік тән қасиет екенін ескеру қажет. Анасы осыған сүйеніп, мұндай балаларға үлкендерге қоятын талапты қойғысы келеді. Алайда мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалдық-ерік-жігерлік дамуы жас ерекшеліктеріне байланысты өзі шамалас балалардағыдай болады. Сондықтан артық қойылған талап – міндеттер орындалмай қалуы мүмкін. Бұл жастағы балаларда бірінші орында өз басының жеке қызығушылығы тұрады. Бала дамуының қозғаушы күші – белсенділік пен білуге құштарлық.

Аналардың мұндай пікірлері балалармен қарым-қатынастың түрлі стильдерде болатынын көрсетеді. Бірінші жағдаятта кішкентай қыз эмоционалды жылулықты сезінбеуі мүмкін. Бұл мінездің тұйықталуына не бейқамдығына, тіпті біршама қаталдыққа әкеп соғуы мүмкін. Ал екінші жағдайда балада жауапкершілік пен дербестік сезімдері дамымай қалуы ықтимал.

Оқыту-үйрету мақсатында пайдаланылатын тапсырмалар нақты тәжірибелік және оқып-үйрену мақсатындағылар деп екіге бөлінеді.

## МІНДЕТТЕР

НАҚТЫ ТӘЖІРИБЕЛІК	ОҚЫП – ҮЙРЕНУ
<b>Бағыт</b>	
Жеке және нақты нәтиже алу үшін	Оқу жағдайының элементтеріне байланысты жалпы қағидаларды ашу
<b>Білім мен білікті игеру</b>	
Жеке жағдаяттарға қолданылатын форма арқылы іске асады; тәжірибелік міндеттерді шешу арқылы	Нақты жағдаяттарда оларды қолдану Нақты міндеттерді шешуге пайдаланылатын жинақталып қорытылған білім мен біліктілік міндетті шешудің жемісі болып табылады.

Нақты тәжірибелік міндеттер тікелей өмірлік мазмұнда болады, олардың шешімі де өмір қандай да бір маңызға ие нәтижелерге жетелейді. Міндеттердің мұндай түрлеріне нақты жағдаяты шешуге мүмкіндік беретін жауаптарды іздеуге байланысты міндеттерді жатқызуға болады.

**Жағдаят:** Жуықта балалар бақшасының орта буын тобына бұрын бала бақшада болмаған 4 жастағы Санжар келді. Ол ойыншық машинамен ойнап болып, оны бөлменің ортасына тастап кетті.

**Мұндай жағдаятта тәрбиеші не істеуі керек?**

**Шешім:** Бұл жағдаятта тәрбиеші баланың жаңадан келгенін, бала-бақша тәртібін білмейтіндігін ескеруі керек және оның бойындағы аландаушылық жағдайына да көңіл бөлуі керек. Тәрбиеші байыппен, түсінікті түрде балаға бала-бақша тәртібін айтуы керек. Содан кейін мейірімді дауыспен: «Жүр, біз екеуіміз ойыншықты өзінің тұратын жеріне, гаражға апарайық», – деп, ұсыныс жасаса, бала мұндай ұсынысты барлық ынтасымен орындайды.

Осы тектес жағдаяттарды және оның шешімдерін салыстыру өте пайдалы.

Осындай нақты тәжірибелік міндеттердің дұрыс жауабын оларды көп мөлшерде шеше отырып алуға болады. Мұндайда осы жағдаяттан шығу жолдары мен тәсілдері туралы ақпараттар жиналады.

Міндеттерді шешу барысында, нақты өмірлік жағдаяттарды балалардың эмоционалды және рационалды (оңтайлы, тиімді) дәрежеде талдай білу қабілетін дамыту қажет. Бұған қоса қатысушы тұлғалармен болған жағдайларда қоса қобалжу (бірге кешу) дағдылары мыналардың есебінен біртіндеп жетіліп отырады:

а) баланың дамуы туралы әрбір нақты жағдайды пайымдауға көмектесетін жаңа хабарлама алу;

ә) өмір жағдайларында өздерінің жеке реакцияларын жете түсіну.

## Қоса қобалжу жағдаятының әдісін қолданудың жалпы нұсқасы

### I. Алғашқы реакциялар сатысы

А. Жағдаяттың сипатымен танысып, алған әсерлерінді айтып бер.

Б. Жеке өмірлік тәжірибеңнен өзіннің алғашқы әрекетінді түсіндіруге көмектесетін сәттерді баяндап бер.

### II. Эмоциялық реакция сатысы.

Өзінді осы жағдайға қатысушының орнына қойып көр.

Әр қатысушы тұлғалардың әрқайсысының орнына өзінді қойып, олардың сезімдерін түсінуге тырыс.

Бағалау барысында өзіңе сақ бол: ұялмаңдар, кінәләмандар.

Тек өз сезімдерінді суреттендер.

### III. Рационалды (оңтайлы, тиімді) жетістік сатысы.

А. Жағдаятты суреттегенде негізгі, басты сәттерге көңіл бөл.

Б. Қосымша әдебиеттерден осыған ұқсас (осы тақілетті) мәселелер туралы ғылыми ақпараттармен таныс.

В. Жиналған ақпараттарды қарастырылып отырған жағдаяты түсіндіруге және оның қатысушыларының мінез-құлқын түсіндіруге қолдан.

Әр қатысушылардың басқа бір жағдайдағы мінезін болжап көр. Олардың әрекеттерін кінәлаудан аулақ бол. Өзіндегі барлық ақпараттардың көмегімен болжам жаса.

Г. Осындай немесе осыған ұқсас жағдаяттарда өзінді қалай ұстайтыныңды ойла.

Өзіңнің өмірлік тәжірибеңде осындай мінез-құлқтың танытуыңа не себеп бола алады?

*Ақпарат.* Зертеулерде анықталғандар:

1. Егер ересек адамдар балалардың әрекетін қатаң бақыласа және олардың дербестігін мадақтамаса, онда олар еркін ортада тәрбиеленіп жүрген балаларға қарағанда жуас, тұйық, енжар, селқос және белсенділігі төмен болады.

2. Егер мінез-құлқтың қандай да бір түрі (формалары) мадақталып отырса, онда балалар сол мінез-құлқын түрлерін таңдаушы еді.

**Жағдаят:** бағалауды қолданбай, тек алған ақпараттарға сүйене отырып (1) тәрбиешінің баланың дербестігін мадақтамаған жағдайдағы К. (мысалға алынға шартты есім) мінез-құлқын түсіндір. Тәрбиеші басқа балалардың салып отырған суретін 5 жасар К. салуын талап етті және оны орындатқызды. К. тіл алғыш, бірақ тұйық және білімге құштарлығы төмен бала болды.

Сіз қалай ойлайсыз: а) неге бұлай болды? б) тәрбиешінің рөлі қандай? в) К. ата-анасының ықпалы туралы не айтуға болады? г) оның мінез-құлқының өзгеруіне құрбыларының әсері қандай? д) осы өзгерістердегі К. өз рөлі қандай?

Ақпараттың екінші бөлімін қолдана отырып, осы жағдайды басқа жағынан қарастырайық. Тәрбиеші берілген тапсырма бойынша сурет салып отырған балаларға жақсы қарады. К. бұл суретті салу ұнамады. Бірақ ол тәрбиешінің тапсырма бойынша сурет салған басқа балаларды мадақтағанын байқады. Ол басқа балаларға ұқсап тіл алғыш болып, өз мінез-құлқын өзгертті.

Осы ақпаратты тәрбиешінің мінез-құлқын талдау барысында (2) пайдалануға болады. Мысалы, оны жас педагог деп алайық. Педагогикалық оқу орындарында сабақта балаларға шығармашылығын дамытуға көп ерік беру керектігін оқытады. Тәрбиеші өз еңбек жолын бастаған кезде басқа тәрбиешілер немесе әкімшілік тарапынан түсініспеушілікті байқады. Басшылар оны топтағы тәртіп үшін мадақтады. Ата-аналар өз балаларының суреттерін сүйіспеншілікпен тамашалады. Топтағы тәрбиешінің мінез-құлқына қоршаған әлеуметтік орта әсер етті.

## Алынған ақпараттар негізінде мінез-құлқын болжам жасау

Азамат пен тәрбиешінің мінез-құлқын басқа жағдаяттарда нақты болжауға көмектесетін қосымша ақпараттар табуға тырыс. Жағдаятты шешуге таңдалған тәрбиелік әдіс Азаматтың тұйық, енжар, селқос әрі білімге құштарлығының төмендеуіне әке-

ліп соқты. Азаматтың өзі ұнатып салған суретін мадақтаған болса, одан болашақта дизайнер шығуы мүмкін еді.

Алынған ақпараттар негізінде тағы да қандай болжам жа-сауға болатынын ойлыстыр.

**Өмірлік тәжірибенің мәні.** Азаматтың, тәрбиешінің және өзіннің өмірлік тәжірибенді ескере отырып, осындай жағдай-лардағы мінез-құлық бағытын анықта. Сенің өмірлік тәжірибең мінез-құлқыңа қаншалықты және қалайша әсер етеді?

Нақты тәжірибелік міндеттердің шешілу жолдары өте күр-делі: қандай да бір құбылыстардың дамуына әсер етуші жалпы заңдылықтарды білмегендіктен ағаттықтар орын алуы мүмкін.

Арнайы құрастырылған оқып-үйрену мақсатындағы мін-деттерді шешу барысында студенттердің білімі мен білігі басқа-ша қалыптасады.

В.В.Давыдов: «...оқушылардың нақты және жекелеген мін-деттердің кейбіреулерін шешу барысында қисындық тұрғыдан жинақталған тәсілдерді менгеруі оқу міндетінің маңызды сипат-тары болып табылады. Мектеп оқушыларының алдына оқу мін-деттерін қою – оны шешу шарттарының нақты және жекелеген нұсқаларының барлық мүмкін жалпы әдістеріне бағытталуды талап ететін күйге енгізу.», - деп жазады. (Формирование учеб-ной деятельности школьников. М., 1982. с. 15).

Сонымен, оқып-үйрену міндеттерін шешу барысында нақ-ты тәжірибелік міндеттерді шешуге де ортақ тәсілдердің кейбір түрлерін игеру керек. Мысалы: «Егер бала ойнаған ойыншық-тарын (оқыған кітабын және т.б.) жинамаған жағдайда тәрбиеші не істеуі керек?»

Берілген міндетті шешу үшін осы құбылыстың барлық мүмкін болатын себептеріне, бала мен оның жағдайының жеке-психологиялық ерекшелігіне мазмұнды талдау жасау керек. Атап айтқанда: топқа бала жаңадан келген бе, оның психология-лық күйі қандай, оның күнделікті мінез-құлқы осындай ма, күн түзіліміндегі осы жағдай туындаған уақыт пен орын, алдыңғы және келесі әрекеттерінің сипаты, қызығушылығы, денсаулығы және т.б. Мазмұнды талдауға жағдайдың негізгі сипаттарын, олардың өзара байланысын, өзара тәуелділігін қосу керек. Жағ-дайдың әр параметрінің өзгерістері басқа параметрге қалай әсер

ететінін бақылау керек. Олар қалай байланысып тұрғанын анықтау керек.

Барлық жағдаяттарда тәрбиешінің зейінді болуы, баланың жеке тұлғасын құрметтеуі, баланы тәртіп сақтауға үйрете оты-рып, мәселені жан-жақты шеше білуі, бала еңбегін бақылауы және мадақтауы қажет.

Кез-келген нақты тәжірибелік міндетті мазмұнды талдау жасау және шешудің ортақ тәсілін табу мақсатында оқып-үй-рену мақсатындағы міндетке айналдыруға болатынын атап өту керек. Оқып-үйрену мақсатындағы міндетті шешу жағдайды қайта жаңғыртуды, қарастырылып отырған міндеттің қатынасы мен шарттарын есепке алған оқу әрекеттерінің көмегімен іске асады. Графикалық немесе таңбалық формадағы оқу әрекеті ретінде жағдаятты мазмұнды талдауға көрнекі сипат беретін мо-делдеуді қолдану өте маңызды.

**Модельдің және моделдеудің оқу әрекеті ретінде қолданылуы:**

- зерттеліп отырған құбылыстың барынша ортақ және ма-ңызды қатынастарын анықтау және белгілеу тәсілі ретінде;
- ішкі жасырын қатынастарды зерттеудегі сыртқы тұғыр ретінде;
- құбылыстар мен фактілерді ортақ бір сипатқа жатқызу құралы ретінде;
- көрнекілік түрінде.

Мысалы, бала тәрбиешінің (мұғалімнің) сабағында қызы-ғушылығын танытпаған кездегі оқу мысалын шешіп көрейік. Жағдаятты модельдей отырып, қызығушылыққа қатысты барлық белгілерді кестелейміз. Одан мынандай модель пайда болады (1-кесте).



Шығармашылық ойлау мен ақиқатты тану негізінде модельдеу әрекеті жатқанын атап айту керек.

#### Оқып - үйренудің модельдеу кезеңдері

1. Объектіні зерттеу және міндеттерді, мәселелерді, сұрақтарды анықтау.
  2. Объектінің моделін жасау.
  3. Жасалған модельді зерттеу және мәселелерді модель тілінде шешу.
  4. Зерттеу нәтижелерін алғашқы объектіге көшіру.
- Бұлардың ең маңыздысы 2-кезең – объект моделін жасау.

**Оқушы міндетті қалай қоятынын және шешетінін қарастырайық** (2-кесте). Проблемалық жағдаяттан, яғни іс-әрекет-тің қандай да болмасын күрделілігінен мәселе туады (тұтыным мен мүмкіншілікті қанағаттандырудағы қарама-қайшылық). Егер осы қарама-қайшылықты оқушы аңғарып, жойғысы келсе, онда оқушыда беймазалық: түсініксіздік,

жағдайды шешуге ұмтылыс, белсенді ой-әрекетті ояту сезімі пайда болады.

Оқушы проблемалық жағдаяттың негізгі бөліктері мен олардың арасындағы байланыстарды бөлшектеп талдайды. Талданған шарттар мен проблемалық жағдайдың байланысын реттей отырып, белгіліні белгісізден ажырату міндетін қояды. Тілдің таңбалық белгілерін пайдалана отырып, міндеттің моделін құрастырады. Модельді қарапайым түрге айналдырып, оны шешеді.

Осылайша, міндет проблемалық жағдаятты модельдеу үрдісінің нәтижесі ретінде немесе сырттан (оқулықтан, мұғалімнен немесе өзі жасаған) тууы мүмкін. Ол міндетті шешу үшін оған оны толық меңгеріп, қабылдап, меңгеруі керек. Ол үшін:

- кейбір шарттардың анықтамасын өзгерту;
- бір сөзді (анықтаманы) екінші сөзбен ауыстыру;
- мәселенің жекелеген бөліктерінің орнын ауыстыру және т.б. керек.

Осы әрекеттер мәселенің барынша түсінікті болуына көмектеседі. Яғни оқушылар міндеттерді қабылдау барысында олар өздерінің проблемалық жағдаят құрастырады. Модельдеу көмегімен бір проблемалық жағдаяттан екінші проблемалық жағдаятқа ауысу оның біртіндеп шешілуіне ықпал етеді.

Оқып – үйрену мақсатындағы міндеттерді шешудің ортақ тәсілдерінен кейін оқу материалын бекіту мақсатында нақты тәжірибелік міндеттердің бірқатарын шешкен дұрыс. Әр түрлі оқу әрекеті міндеттердің әр түрін талап етеді. Атап айтқанда:

- әр түрлі құбылыстардың заңдылықтарын анықтау міндеттері, психологиялық негіздеме беру;
- баланың әрекеттеріне сай жас ерекшеліктерінің даму кезеңдерін анықтауды қажет ететін міндеттер;
- дұрыс жауапты іздеу бағытын анықтауды қажет ететін міндеттер;
- бала әрекетінің себебін, педагогикалық қатынас білігін, дұрыс қарым-қатынас жасай білуді қажет ететін міндеттер;
- балалардың бақылай білу мен зерттеу біліктілігін қажет ететін міндеттер;



- бала дамуының психикалық ерекшеліктерін бақылау міндеті, тәрбиеге ықпал ету жолдарын айқындай алуға көмек ретінде, педагогикалық ағаттықтардың ал-дын алу міндеті;

- оқу анықтамасының маңызды белгілерін саралау міндеті.

Психологиялық талдау үрдісінде мыналар іске асады:

- алғашқы мәліметтер мен мәліметтерді қарастыру;
- жағдайларды (шарттарды) ретке келтіру, қарастырылатын жайттарды іріктеу сұрыптау;
- бар болған байланыстар мен заңдылықтарды бөліп алу;
- бар білімдерді қолдану;
- анықтамалық мәліметтерді пайдалау;
- міндеттің ақырғы шешімін іздеу;
- өзін-өзі бақылау.

Жас ерекшеліктеріне байланысты психология курсының оқып-үйренуде жағдаяттың шешімі ғана емес, оларды құрастыру да маңызды болып табылады. Бұл өмірлік және оқып - үйрену жағдаяттының біртұтас шығармашылық үрдісінің екі жағы болып табылады.

**Құрастырылған міндеттер дидактиканың қабылданған жалпы мынадай талаптарына сай болуы керек:**

**1. Оқытудың маңыздылығы, елеулілігі.** Бұл талапты іске асыру үшін психология міндеттерінің мазмұны игерілуші материалмен тығыз байланыста және психология заңдылықтарын терең түсінуге бейімдейтін және оқып-игерудің болашағын ашып бере алатын, яғни оқыту функцияларын кеңейтуді қамтамасыз ете алатын, ғылыми көзқарас қалыптастыратын, зерттеудің психикалық әдістерінің объективтілігінің жүйелі айқындалуына ықпал етуші болу керек.

**Психологиялық жағдаяттарды (міндеттерді) шешу үрдісінің жалпы көрінісі**



**2. Оқытудың соңғы міндеттері.** Бұл талап оқу міндеттерін шешу үрдісінде тәжірибеде кездеспеген, бүгінгі күнге дейін белгісіз, сапалы жаңалықты ашуды қарастырады.

**3. Оқыту міндетінің игерімділігі.** Іріктеу барысында шешімінің бірнеше жолдарын қарастыруға болатын міндеттерді таңдап алу дұрыс. Бұл алға қойған мәселерді өз бетімен шешуге, осы уақытқа дейін игерілген білім деңгейінде жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Игерімділік қиындықпен қосылып нәтижеге жетелейді.

Қазақ инновациялық  
 гуманитарлық-заң  
 университеті  
**КІТАПХАНА**  
 № 74290

**4. Оқыту міндетінің қызықтылығы.** Бұл талап мыналарды қажет етеді:

а) психология тарихынан, атакты ғалым – психологтардың өмірі мен еңбектерінен фактілер қолдану;

б) міндеттер мазмұнында өмірде болған жағдаяттарды айқындайтын парадокстар мен софизмдерді қолдану;

в) өмірде және күнделікті тұрмыста кездесетін сюжеті мен түріне қарай қызықты міндеттер таңдау.

**5. Міндеттің тәрбиелік және дамытушы сипаты.** Міндеттердің шешімі мен мазмұны студенттердің психикасының дамуына бейімдейді.

**6. Міндет мазмұнының тәжірибелік әрекетпен байланысы.** Міндетті шешу тәжірибенің молаюына көмектеседі. Осы мақсатта міндеттер жас ерекшелігі психологиясының барлық бөлімдеріне қатысты өмірдегі барлық жағдайларды қарастыру керек.

**Міндеттерге қойылатын талаптар:** а) кез-келген міндеттің қиындығы болады. Оларды жеңіп шығу керек. Психологиялық міндетте ол – белгілі бір объектілерде белгісіз сипаттың болуы;

б) міндеттің мәтіні шарттар мен сұрақтардан тұрады. Бұл компоненттердің көрініс беруі әртүрлі болуы мүмкін. Көбінесе міндет мәтінінің соңында қойылатын сұрақтарда міндеттің шешілуіне қажетті шарттың бір бөлігі, қандай да бір маңызды қағида болуы мүмкін;

в) сұрақтың қойылуының әртүрлілігіне қарай психологиялық міндеттің шешімін іздестіру бағыты анықталады;

г) міндеттің шарттары – қандай да бір объектінің (немесе объектілердің) белгісіз сипаттары бар өмірде кездесетін психологиялық жағдайдың (эксперимент жүргізілген, бақыланған) суреттелуі.

Белгісіз және белгілі сипаттардың саны әр түрлі болуы мүмкін. Егер міндеттерінің шарттарындағы мәліметтер оның орындалуына жеткіліксіз болса, ондай міндетті қажетті қосымша мәліметтерсіз шешу мүмкін емес.

Жас ерекшелігіне байланысты психология курсына жете меңгеру үшін міндеттерді өздігінен құрастыра білу аса маңызды немесе төмендегі талаптарды орындай алу керек:

а) қойылған шарттарға сұрақ құрастыру;

б) қойылған сұрақтарға міндеттің шарттарын құрастыру;

в) берілген міндеттерге кері міндет құрау;

г) бір шешілген нақты тәжірибелік міндеттер негізінде оған ұқсас басқа бір міндет құрастыру;

д) суреттер бойынша міндет қою.

Жас ерекшеліктегі психологияның тақырыбының немесе бүтіндей бір бөлімінің мазмұны сипат беретін Міндеттер мен сұрақтардың жүйесін құрастыруда олардың жас ерекшеліктеріне байланысты психологияның тақырыптарын немесе бүтіндей бір бөлімінің мазмұнын көрсете алатындай болғаны дұрыс болып табылады. Мысалы, «Үш жасар балалардың жеке тұлғасын дамыту» тақырыбын оқығаннан кейін «Үш жастың дағдарысының» белгілері мейлінше нақты көрсетілген міндеттер құрастырған жөн.

Өзімізге белгілі қисындық жағдаяттың немесе міндеттің жауабының негізінде міндет құрастырып көрейік. Бұл кезде жұмыс негізгі түсінікті, олардың маңызды белгілерін суреттеуден басталады. Содан кейін барып міндеттердің сұрақтары құрастырылады, ең соңында мол немесе жеткілікті және жеткіліксіз мәліметтер саны бар міндет суреттеледі.

Психологиялық міндеттерді, өмірлік жағдаяттарды құрастырып, оларды шеше отырып, психологияның қисынды қағидаларын және оның тәжірибелік маңызын ойда жүйелейді.

**Студенттердің оқу жұмысының барлық түрлерінде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде ұтымды қолданылуындағы өмірлік жағдаяттар мен міндеттер:**

- лекция оқыған кезде;
- тәжірибелік сабақтарда;
- жеке және топтық консультация кезінде;
- жазбаша бақылау жұмыстарының орындалуы кезінде;
- студенттердің тәжірибелік сабақтарға және емтиханға дайындалу кезінде;

- Емтиханда.

Лекция оқу барысында проблемалық жағдайды қойылған мақсатқа байланысты лекцияның басында, ортасында немесе соңында қолдануға болады.

1. Лекцияның басында, жаңа материал баяндалғанға дейін:

а) студенттер назарын белсенді жұмысқа аудару мақсатында. Бұл **проблемалық жағдаяттар** болуы мүмкін.

Мысалы, «Баланың психикалық дамуының факторлары» тақырыбын оқыған кезде мына жағдайды ұсынуға болады: «Серіктің әкесі алғаш көрген адамға ақылды, сенімді, байыпты адам болып көрінеді. Ұлы туралы (14 жас) шағымдана отырып, оны «нашар оқиды, тіл алмайды, дөрекі және бірбеткей, ешкімге бой бермейді, ешқандай шара көмектеспейді» деп қаралайды. Әкесі «одан не шығады» деп мазалануда. Мектеп психологы жасөспірімді тексере отырып, мынандай тұжырымға келді: ой-өрісі, мінез-құлқы қалыпты мөлшерде, жұмысқа қабілеттілігі бар, дамуы мен қызығушылығы жасына сай. Сонымен әкесі ақылды адам және ұлы да ақылды. Ұлын тәрбиелей отырып, әкесі әрқашан оған өзінің қиын балалық шағын жиі айтатын (әкесі ерте дүниеден өткен, оған анасына көмектесуіне, өзінен кіші інілеріне қарауға, сиыр бағуға тура келді; 14 жасында көптеген қиындықтарды басынан кешті). Ұлының жауабы: «Әкесіне 14 жасқа дейін көптеген қиындықтарды басынан өткерді. Ал менің жақсы оқығанымды қалайды. Егер ол маған қиын жағдайлар тудырмаса, мен оған қалай жетемін?».

Психикалық дамудың негізгі факторлары тұрғысынан баяндалған жағдайға психологиялық талдау беру керек. Осыған байланысты мынадай **міндет-сұрақтар** пайдалануға болады: «Шамамен қай уақытта маңызды материалды хабарлау керек: басында, ортасында... Неге?» Немесе мынадай **міндет-қастық**, мысалы: «Кіші жасөспірім жеңілдетілген тәртіп талаптарын қалайды. Ол тәртіпті бұза алады, өйткені тез шаршайды және тез қозады. Осыған ұқсас жағдайға жыныстық жетілудің екінші кезеңінің басталуына байланысты үлкен жасөспірімнің мінез-құлқы өзгере ме? Сабақта үлкен жасөспірімнің әрекетін қалай ұйымдастыру керек?»;

б) студенттердің лекцияға дайындығын, сонымен қатар лекция материалдарын түсіну деңгейін бақылау мақсатында, мысалы: «Зейін» тақырыбы бойынша «Оқушылардың арасында кім зейінді?» деген сұрақ қойылады:

- бос сөздер мен шуға назар аудармайтын оқушы;
- маңайда не болып жатқанын біліп, көріп, естіп сұраққа жауап бере алатын оқушы;
- Бір сәтте бірден бірнеше бөлшектерді аңғаратын оқушы.

2. Лекция оқыған кезде:

а) материалдағы барынша маңызды, күрделі түсініктерді ескеріп және олардың мәнін меңгеруді қалыптастыру.

Мысалы: «Мына сөздерде қандай қисындық қағида бар: «...Біздің сезіміміз сыртқы әлемнің сипатының мәні?» Тағы бір мысал: «Мына сөздерде сезімнің қандай заңдылықтары бар: «Оның жіңішке, ащы дауысын естігенде Артурдың құлағы шыңылдап кетті?»»;

б) кез-келген қисынды қағидаларды нақтылау және оларды түсінуін тексеру мақсатында немесе берілген нақты тақырып бойынша білімді меңгеру үрдісі туралы жедел ақпарат алу.

Мысалы, адамдардың қоршаған ортамен тура және кері байланысының рөлін оқып-үйренген кезде мынандай міндет қойылады: «Көзі көрмеген кезде түйсік арқылы танып-білген куб пен шарды адам жасалған операциядан көзі көретін болғанда тани ала ма? «Түйсік» тақырыбы бойынша тағы бір мысал.. Мұзыканттың дыбысты, есту қабылдау қабілетін зерттегенде, скрипкашы мен пианистің айырмашылығы аз (жарты тон және одан төмен) дыбыстарды сезінуі бірдей емес. 1) Кімде ол жоғары? 2) Дыбыс созылуын сезіну деңгейінің айырмашылығын қалай түсіндіруге болады?»

в) Студенттерді кейбір қисынды қағидаларды негіздеу немесе психологиялық заңдылықтарды ашуға жетелеу.

Мысалы, мидың оң және сол жартышарының рөлін оқыған кезде мынандай мәселе туады: «Еңбек сабағының мұғалімі Мараттың кестемен, сызбамен, диаграммамен жұмыс істегенде салыстыру операцияларын жақсы меңгергеніне көңіл аударды. Ал, Самат нақты кескіндер мен заттарды жақсы салыстырады. Мұғалім Мараттың ми қабаттарының жұмысы туралы қандай

қорытынды жасау керек? Мидың сол қабатының белсенділігі түстерге, геомериялық фигураларға, таңбаларға ұзақ және созылмалы уақыт бойы дамуын қамтамасыз етеді. Ал оң жақты жұмысқа қосу детальдарды аналитикалық жолмен бөліп алу негізінде тез синтездеуді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге мидың сол қабатының басым жұмыс істеуі абстракты ой-лауды, ал оң қабатының басым жұмыс істеуі нақты ойлауды дамытады.

### 3. Лекцияның соңында

а) студенттерге айтылған материалдарды терең түсінуге немесе лекция материалдарын меңгергендерін тексеру үшін тағы да бір мүмкіндік беру мақсатында.

«Темперамент» тақырыбы бойынша мысал. Міндет. Адамның нерв жүйесі типтерін оқып-үйрену әдістемесі бір ғана тітіркендіргішке (айталық, дыбысқа) көп рет (70 рет) қайталанатын қозғалыс реакциясының латентті кезеңдерінің динамикасын өлшеуден тұрады. Тәжірибенің басында және соңында реакцияның латентті кезеңін орташа көрсеткіші салыстырылады. Зерттеліп отырғандардың біреулерінің орташа көрсеткіші кемиді, ал екіншілерінікінің көрсеткіші керісінше артады. Осы әдістің көмегімен жүйке жүйесінің қандай қасиеті бақыланады? Зерттелініп отырған бірінші топтағылардың осы қасиеті қандай деңгейде? Ал екінші топтікі ше? Бұл проблемалық жағдайды шешу, сұрақтарға жауап іздеу үшін студенттерге өз конспекттерін пайдалануға рұқсат беру дұрыс болады. Бұл студенттердің барлық ынтасымен, зейін қоя лекция жазу құлшынысын тудырады;

б) меңгерген материалдарды тереңдету, бекіту немесе үйде өздік жұмыстарды ынтамен орындату мақсатында.

«Ерік» тақырыбы бойынша мысал. Мектеп тәжірибесі жасөспірімдердің ерік күші мұғалімнің мынадай ескертулерінен кейін артатынын көрсетеді: «Неліктен біз жақсы жұмыс істей алмаймыз? Мен оған сенбеймін»; «Нағыз адамдар осылай жұмыс істей ме екен?»; «Саған осы қиын ба, сен ересек адам емесің бе?» және т.б. Бірақ бірқатар жағдайларда бұл әдіс тиісті нәтиже бере бермейді. Мұндай ескертулер жасөспірімнің ерік күшін ынталандырудың қай сипатын қоздыруға арналған? Жасөспірімдердің жеке ерекшеліктеріне байланысты қандай жағдайда бұл ескертулер оң әсер береді.

Тәжірибе сабақтарындағы міндеттер лекция сабақтарындағы мақсаттарға сай қолданылады. Мұнда міндетті материалдарды терең талдауға, кез-келген жағдайға талдау беруге мүмкіншілік туады.

Жеке және топтық консультация (кеңес беру), коллоквиум кезінде, өз бетімен оқып-үйренуге тақырыптар және міндеттер мен жағдайлардың көмегімен студенттердің қай тақырыпты жете игергендерін, қай тақырыптарды қайталау керектігін анықтауға болады.

Тәжірибе сабағына және емтиханға дайындық барысында міндеттер мен жағдайлар студенттерге оқу материалдарын терең түсінуге, есте сақтауына көмектеседі.

Емтиханда өмірлік жағдайлар мен міндеттерді шешу билетке қосымша сұрақ ретінде қолданылады. Егер өмірлік жағдайлар мен тапсырмалар қызықты әрі көкейтесті болса, студенттердің болашақ жұмыстарында тәжірибелік маңызға ие болса, онда олар ақыл-ой әрекетін ынталандырады, оқу материалдарын игеруге құлшыныстарын арттырады.

Оқытушы психология курсының тақырыптары бойынша оларды толықтырып тұратын қосымша суреттері бар мәтін дайындайды. Әр мәтін танымдық міндеттердің иерархиялық (сатылық) жүйесі ретінде құрылып, төмендегі талаптарға сай болуы керек:

а) жалпы міндеттер көрсетілген (қойылымы мен шешімі жағынан барлық тақырып қамтылған);

б) шағын міндеттері көрсетілген;

в) шешімі студенттерге келесі жағдайдың дамуын болжауға мүмкіндік беретін микроміндеттері көрсетілген.

Егер студент өздігінен микроміндеттердің шешімін дұрыс тапса және өз жорамалы оқытушының болжамы түсіндіргенімен тура келсе, ол студенттің танымдық сезімдерінің деңгейін көтеруші жетістік ретінде қабылданады.

Өмірде кездесетін проблемалық жағдайлар мен психологиялық міндеттердің шешімдерін табу ұжымдық немесе жеке тапсырма түрінде де болуы мүмкін.

Алдымен студенттердің ұжымдық жұмысын ұйымдастырған дұрыс, оның белгілері: проблемалық жағдаят туғызу, оқу,

қайталау, міндет туралы мәліметтерді ерекшелеу және сұрақ қою. Жауапты ойластыруға біршама уақыт беріледі. Жауаптарды бірінші айту мүмкіндігі беріледі. Әрі қарай берілген жауаппен келіспейтіндердің пікірі тыңдалады.

Жұмыстың нәтижесін бағалағаннан кейін оқытушы міндетті түрде қорытынды жасайды.

Міндет – тапсырмалар жеке қағаздарға басылып шығарылады, сонда әр студент өз нұсқасының тапсырмаларын орындайды. Білімді тексеру үшін, әсіресе тест тапсырмаларында компьютер қолданылуы мүмкін. Тест білім деңгейін, дағды мен қабылдауды объективті бағалауға, оқытудың жекелеген қарқынын, студенттің ағымдағы және қорытынды дайындықтарында жіберген ағаттықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қисын мен тәжірибеде белгілі барлық тест тапсырмаларын түрлеріне қарай төрт топқа бөлуге болады:

1. жабық түрдегі тапсырма, яғни дұрыс жауабы (бір немесе бірнеше) таңдалады;

2. ашық түрдегі тапсырма, жауап беруші жауапты өзі жазады;

3. бір ұғымның элементтерін келесі бір ұғымның элементтерімен салыстыру, яғни сәйкестігін табу;

4. іс-әрекеттер мен операциялардың орындалу кезектерін немесе реттерін көрсету.

Барлық тапсырмалардың құрылымы мынадай талаптарға сай болуы керек:

- тапсырманың қысқа болуы;
- олардың мазмұны барлық студенттерге түсінікті болуы;
- қабылдауға жеңіл;
- жауаптың белгілі бір орны болуы;
- студенттерді бағалау критерийлерінің объективті болуы.

## 2. БАЛАЛАР ПСИХОЛОГИЯСЫН ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Балалар психикасының дамуын зерттеуде әдетте мынадай негізгі әдістері қолданылады:

1. **Әртүрлі жастағы балалармен әңгіме.** Бұл әдіс баланың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, мінез-құлық ерекшеліктерін, сонымен қатар, қоршаған ортаға қатысын, ол туралы танымын, білімін айқындауға мүмкіндік береді.

2. Баланы немесе балалар тобын **бақылау.** Бұл әдісті қолданғанда бақылау мақсаттарын дұрыс қоя білуді, жоспар құруды, бақыланушы объектіні бөліп алуды, бақылаудың көңіл аударарлық белгілерін анықтай алуды, бақылау барысын уақыттарға бөлу және т. б. білу керек.

3. **Эксперимент** сенсорлық тәрбиені, шығармашылық ойын (ойнау), оқу әрекеттерін, белгілі бір жастағы балаларды психикасының айшықталуына қарай даралану ерекшеліктерін тануға бағытталған.

4. **Социометрия** балалардың топ ішіндегі өзара қарым-қатынасын және де өз құрбылары арасында алатын орнын танып-білуге мүмкіндік береді.

5. **Балалар іс-әрекетінің нәтижесін** олардың суреттері, жабыстыру, аппликация және т.б. арқылы **тану.**

**2.1. Жағдаят:** анасы бала тәрбиесі туралы балабақша тәрбиешісінен көмек сұрады. Педагог оны ойындағысын толық айтуға мүмкіндік жасап, мұқият тыңдады.

*Мұндай тәсілдің психологиялық мәні неде?*

**Шешім:** тәрбиеші мейірімді, зейінді, түсінетін, адам алдында жеке басының мәселелерін ашылып айтудың психотерапиялық әсерін ескеріп, әңгімені білікті жүргізе отырып, баланың анасына сөйлеу еркіндігін береді. Мұнымен қатар жеке басының мәселелерін ашық айтқызу тәсілі дұрыс шешімдер (бұл тәрбиешінің көмегімен болуы да мүмкін) қабылдауға жетелейді. Егер тәрбиеші ананың шешімдерін қостаса, анасы баласымен қарым-қатынасында бұл шешімдерді сеніммен іске асырады.

**2.2. Жағдаят:** әңгіме барысында баламен өзара түсінушілікке, тіл табысуға қалай қол жеткізуге болады?

*Осы кезде көмекші құрал ретінде тест қолдануға бола ма?*

**Шешім:** Ия, баламен қарым-қатынас кезінде көмекші құрал ретінде тест пайдалануға болады. Тест қарым-қатынасқа түсуге, кейбір мәліметтерді нақтылауға болатындай қызықты, шағын әрі жеңіл болу керек. Тестік тап-сырманы орындаған кезде баланың мінез-құлқын, анасымен қарым-қатынасын бақылаған дұрыс. Тест орындау кезінде мақтау, қателерін көрсету, дауыс ырғағын өзгерту, көмек беруге ұсыныс айту, жұмысты қалай өзгертетінін қадағалау керек.

Тестпен жұмыс кезінде баламен қарым-қатынасқа түсу жақсы нәтижелер береді. Зерттеуші – психолог белсенді түрде тікелей қатысуы қажет.

**2.3. Жағдаят:** тәрбиеші баланың анасымен сөйлесуде. Бірақ анасы өз баласының құрбыларымен қарым-қатынасы қандай екендігін сұрауға тіпті зауқы жоқ.

*Тәрбиешінің іс-әрекеті қандай болу керек?*

**Шешім.** тәрбиешіге әңгіме желісін сыпайы түрде өзгерту керек. Анасы баласының ауыратыны туралы айтқан кезде «Мирас жиі ауыратын болса, балабақшаға бармаған болды ғой? Ал оның достары сол кезде үйге келуші ме еді? Олар қалай ойнаушы еді?» - деп сұрауына болады.

**2.4. Жағдаят:** көркем әдебиетті оқу, кинофильмдер көру және т.с.с. бөбектерді бақылау нәтижесінде жиналған фактілер негізінде балалар психологиясын танып-білуге болады деген пікір бар.

*Мұндай пікір дұрыс па? Адамның өмірлік тәжірибесінен алынған фактілер психологтардың зерттеулерінің нәтижесінде алынған фактілермен бірдей бола ала ма?*

**Шешім.** адамның өмірлік тәжірибесінен алынған фактілер нақты әрі шынайы емес, сондықтан олар толық емес және бір-жақты. Олардың берген дәйектемесі субъективті сипатқа ие.

Психология нақты анықталған және тексерілген фактілерге ғана сүйенеді. Белгілі бір фактілердің материалдарын тіркеу, өңдеу және талдау нәтижесінде зерттелінуші құбылыстың шын-найылығының жоғарғы дәрежесіне жететіндей зерттеудің объективті әдістерінің көмегімен жүргізіледі, сонымен қатар балалардың психикалық айшықталуы да объективті түрде зерттеледі

**2.5. Жағдаят:** зерттеуші мектепке дейінгі жастағы балалардың әр кезеңдегі есте сақтау қабілеттерін зерттеу үшін есте сақтау қабілетін зерттеу әдістемесін жасады.

*4 жасар, 4-6 жас аралығындағы балалардың есте сақтау қабілеттерінің ерекшеліктерін анықтау үшін зерттеу жұмыстарын қалай құру керек?*

**Шешім:** 4 жасар баланың есте сақтау қабілетінің бұған дейін анықталған ерекшеліктері тек осы жастағы балаға тән екенін нақтылау үшін, балалар саны 100 немесе одан көп топты зерттеу керек. «Көлденең» зерттеу дегеніміз осы. Баланың есте сақтау қабілетінің дамуын зерттеу үшін белгілі бір балаларды өсу кезеңінде ұзақ уақыт бақылау қажет. Мұндай зерттелген балалар саны аз болған жағдайда әр баланы жеке зерттеу саны көбею керек. Бұл «тігінен» зерттеу болып табылады.

**2.6. Жағдаят:** бір экспериментте тексерілген объективті әдістемелердің көмегімен мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балалардың және үлкендердің есте сақтау қабілеттері сипатының кейбір ерекшеліктері салыстырылды.

*Бұл зерттеуді іске асырушы әдіс қалай аталады? Объективті мәліметтер алу үшін зерттеушілер қандай талаптар қояды?*

**Шешім:** зерттелушілердің әртүрлі топтарын салыстыру салыстырмалы әдіс арқылы іске асады. Балалар психологиясында салыстырмалы әдіс жас ерекшеліктеріне қарай немесе «көлденең қиықтармен» берілген. Зерттелінуші психикалық үрдіс динамикасын анықтау үшін психикалық дамудың әр жастағы жекелеген ерекшеліктеріне салыстыру жасалады. Салыстырмалы әдісті қолданып жасалған эксперимент мына шарттарды: бір орында бір мезгілде бірдей (стандартты) тапсырмаларды орын-

дауды қатаң сақтауды талап етеді. Зерттелінуші топтар ғана әртүрлі болуы мүмкін.

**2.7. Жағдаят:** бала психикасын диалектикалық тұрғыдан түсінуде таңдалынып алынған зерттеу әдістері әдіснамалық (методологиялық) қағидаларға сай болуы тиіс. Бір әдістің кемшілігі психиканы объективті зерттейтін екінші бір әдіспен толығады.

*Зерттеуші неге бір әдісті, нақтырақ айтқанда бақылау әдісін қолданумен шектелмейді? Бақылау әдісінің кемшіліктері неде?*

**Шешім:** зерттеудің бірнеше әдістерін қолдану барысында зерттелінуші құбылыстың жан-жақты толық зерттелінуіне мүмкіндік туады. Сонымен бірге, бір әдістің нәтижелері екінші әдістің нәтижелерімен салыстырылады, алынған нәтижелердің объективтілігі, сенімділігі артады. Бақыланушының бәсеңдігіне байланысты уақыттан ұтылу, фактілерді қайта бақылау, құбылыстың нақты себептерін ашу мүмкіндіктерінің жоқтығы, ескеру мүмкіндігі жоқ сәттердің көптігі, субъективизм мүмкіндігі бақылау әдісінің кемшілігі болып табылады.

**2.8. Жағдаят:** өзін таңдаған тақырып (мәселе) бойынша үйрену мақсатында орындайтын зерттеудің негізгі кезеңдерін белгіле.

**Шешім.** зерттеу кезеңдері:

1. зерттеу пәнінің қисынын оқып-үйрену;
2. зерттеу объектісі (мектеп жасындағы бала) туралы алдын-ала мағлұмат жию және зерттеу барысында тексерілетін жорамалды қалыптастыру (құрау);
3. зерттеу міндеттерін анықтау, зерттеуді жоспарлау, әдістерді таңдау;
4. зерттеуді өткізу;
5. алынған фактілерді талдау және зерттеу жорамалына сәйкес оларға түсініктеме беру.

**2.9. Жағдаят:** тәрбиеші Санжар (5 жас) мен Миранстың (5 жас) жиі бірге қыдырып, ойнап жүргендеріне назар аударды. Олардың мінез-құлықтарында байқарлықтай ештеңе болмағандықтан бұл жайт тәрбиешіні таңғалдырды. Тәрбиеші балалардың достығы неге негізделгенін анықтамақ болды.

*Анықтау барысында тәрбиеші қандай әдістерді басшылыққа алады? Зерттеу өткізуге материалдар дайында.*

**Шешім:** тәрбиеші арнаулы жасалған жоспар бойынша бақылау және белгілі бір мақсатқа жету үшін қойылған сұрақтар төңірегінде әңгіме өткізе алады. Арнайы дайындалған эксперимент өткізуге болады.

**2.10. Жағдаят:** педагогикалық колледж студенттеріне «Ойын» тақырыбына курстық жұмыс орындау үшін бақылау әдісін пайдалана отырып, қажетті материалдарды жинау керек. Балабақшаға келген ол балаларға : «Маған бүгін сендердің қалай ойнағандарыңды бақылау керек!», - дейді.

*Студент жинаған мәліметтер шынайы бола ма?*

*Студент қандай маңызды шартты бұзды?*

**Шешім:** алынған мәліметтер шынайы болмайды, өйткені балалар бақылаудың шын мақсатын да, өздерінің бақылауда жүргенін де білмеуі керек. Білген жадайда олардың мінез-құлқы және психикалық үрдістер барысы өзгеріске ұшырайды. Ересектердің бақылауы балалардың үйреншікті іс-әрекет жасауға үйренген жағдайында өткізіледі.

Бұл жағдайда студент мынадай маңызды шартты бұзды: балалардың психикалық үрдістерін бақылау табиғи жағдайда іске асу керек.

**2.11. Жағдаят:** көптеген зерттеушілер «бақылау кезінде біз ертеден белгілі нәрселерді ғана бақылаймыз, белгісіз нәрселер назарымыздан тыс қалады» дейді.

*Мұндай пікір дұрыс па? Бақылау нәтижелі болу үшін не істеу керек?*

**Шешім.** иә, дұрыс. Бақылаудың алдында мақсатты нақты анықтап, бақылау жоспарын жасау керек, бақылауды ұйымдас-

тыруды, шарт талаптарын, жазба жұмыстарының түрлерін, тіркеу тәсілдерін және т.б. ойналастыру керек.

**2.12. Жағдаят:** студент өзі бақылау жасау барысында мына фактіні анықтады: «Санжар (2 жас 5 ай) Мирас (2 жас 3 ай) жасаған құрылысын бұзған кезде ұрып жіберді».

*Тәрбиешінің мұның себебін тек баланың мінезінің жазымсыз жақтарынан іздегені дұрыс па, әлде отбасы тәрбиесінің жеткіліксіздігінен іздегені дұрыс па?*

*Екі баланың да мұндай әрекет жасауының мүмкін болатын себептерін ата.*

**Шешім:** мінез-құлықта агрессияның болуы басқа да көптеген факторларға байланысты, олар: құрбыларына еліктеу; жауап реакциясы; ер балалардың импульсивтілігі (тез қозғыштығы); тәрбиешінің бұған дейінгі жасаған ескертуінен туындаған реніштен; екі бала да бұл жағдайдан шығудың жолын білмейді; балалардың тілі әлі қалыптаспаған; екеуінің біреуі қозу жағдайында немесе дені сау емес; балалар контактіге түсе алмайды; риза болмаушылық сезімі басым болды.

**2.13. Жағдаят:** өзінің бақылауы кезінде студент былай деп жазды: «Санжар (5 жас) тәрбиешінің түсіндіргенін зейінмен тыңдады. Бұған оның сыртқы бейнесі дәлел: ол тәрбиешіге көз алмай қарап отырды. Бірақ, оған сұрақ қойған кезде, ол дұрыс жауап бере алмады».

*Баланың сыртқы бейнесіне қарап, іштей өтіп жатқан психикалық үрдістер туралы айтуға бола ма?*

**Шешім:** сыртқы бейнесіне қарап, ішкі психикалық үрдістер сипаты туралы дұрыс шешім шығару мүмкін емес. Кей балалар ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді жасыра алады, ал кейбіреулерінің сыртқы бейнесінен, бет пішінінен байқалып тұрады.

**2.14. Жағдаят:** бақылау барысында 5 жасар баланың құрастыру әрекетіне қызығушылығын анықтау.

*Бақылауды өткізу жоспарын жаса. Бақыланатын фактілерді тіркеудің тәсілдерін (жолдарын) анықта.*

**Шешім:** бақыланған фактілерді тіркеудің жолдары әр түрлі. Мысалы, әр сұраққа бір бет арнап, бақыланатын фактілерге сай балаларды таңдау. Мұндай жол сәйкес күндерін белгілеп отырып, бақылау кезіндегі жағдайларды көрсетіп, мазмұнды жазбалар жасауға және т.б. мүмкіндік береді. Бұларды еркін таблица түрінде белгілеуге болады. Мұның артықшылығы таблицада бар топтағы балалар көрнекті көрсетіледі және олардың ұқсастығын байқауға мүмкіндік болады.

Бақылаулардың үлгі жоспары	иә	жоқ
1. Бала құрастыруды жақсы көреді, істі аяғына дейін жеткізеді		
2. Құрастыруды бар ынтасымен жасайды, бірақ аяғына дейін жеткізбейді		
3. Құрастыруды ынтасыз жасайды, бірақ аяғына дейін жеткізеді		
4. Ынтасыз құрастырады, аяғына дейін жеткізбейді		
5. Құрастырумен көңіл-күйіне байланысты айналысады		
6. Жалғыз құрастырғанды жақсы көреді		
7. Басқа балалармен бірге құрастырғанды жақсы көреді		
8. Қандай да бір эмоция жетегінде болады		

**2.15. Жағдаят:** студент өткізген бақылаудың хаттамасын талдау. Балабақшаның ересектер тобында математика сабағы. Бақыланушы: Санжар (5 жас).

#### Бақылау хаттамасы

р/с №	Тәрбиешінің әрекеті	Балалар әрекеті	Сашаның әрекеті
1	а) Тәрбиеші сабаққа жақсы дайындалған	б) барлық балалар зейінімен тыңдап отыр және жақсы жұмыс істеуде	в) «Баспалдақтың жоғарғы сатысында төменгіге қарағанда заттар нешеге көп?» деген бірінші сұраққа Санжар жылдам қол көтерді
2	г) «Санжар дұрыс жауап берді ме?» деген сұрақ қойды	д) Балалар дұрыс жауапты біледі, өйткені барлығы қол көтерді	е) Санжар бар ынтасымен тыңдап отыр, ол барлығын түсінгісі келеді.



*Қай жазбада (а, б, в, г, д, е) фактілер көрсетілген, қайсысында түсіндірілген екенін анықта. Неге тек бақылау мен жағдай барысында кездесетін фактілер тіркеуге алынып, ал олардың түсіндірмелері одан тыс қалуы керек?*

**Шешім:** студент жазбаларда в, г – фактілер; а, б, е – фактілерді түсіндірмесі. Бақылау барысында оларға қатысты фактілер мен құбылыстар ғана тіркеледі. Бақылаудағы бір ғана сыртқы әрекет сипаты адамның ішкі жан дүниесінің қилы қырларын көрсетуі мүмкін, сондықтан фактілердің түсіндірмесі бақылау біткеннен кейін оларға қатысты құбылыстардың бәрін ескере отырып жасалады. Бақылауда заңдылықтар емес, тек сыртқы фактілер мен әрекеттер көрінеді. Фактілерге бірден түсіндірме берілсе, онда қателіктер кетуі мүмкін.

**2.16. Сұрақ:** *бақылау әдісін өткізген кезде нақтыланатын симптомдарды (белгілерді) ата. Фактіні тіркеген кезде оған ілескен құбылыстарды нақтылау нәтижесі маңызды?*

**Жауап:** бақылау симптомдары (белгілері) төмендегілер болып табылады:

- 1) қозғалыс, іс-әрекет, қызмет;
- 2) айтылған сөздер;
- 3) бет-әлпетінің қимылы (мимика) және пантомимика;
- 4) вегетативті реакция;
- 5) күнделікті өмірдегі баланың жасайтын істері.

Бақылау барысында зерттеуші баланың күнделікті өмірдегі мінез-құлқының сыртқы көріністерін, яғни оның қандай бір да затпен әрекеті мен айтқан сөздерін, айшықты қозғалыстарын және т.б. бақылай алады. Бірақ психолог бұл сыртқы көріністерге емес, олардың артында сырт тұрған психикалық үрдістерге, қасиеттерге, күйге түсініктеме береді. Бір ғана сыртқы сипат іштегі әртүрлі күйді көрсетуі мүмкін.

**2.17. Жағдаят:** тәрбиешіге Мирас (5 жас) пен Ерсұлтан-ның (5 жас) мінездерінің сипатын бақылау керек.

**Көңіл аударуға керекті барлық сұрақтар қарастырылған бақылау жоспарын құр.**

**Шешім:** бақылаудың үлгі жоспары.

1. Бала өзіне жүктелген тапсырмаларды қалай орындайды, оларды қайталап түсіндіру керек пе?
2. Баланың ұжымға көзқарасы қандай?
3. Тәрбиешінің, жолдасының ескертуін қалай қабылдайды?
4. Мінез-құлқына баға беруге қалай қарайды?
5. Топ ішінде жолдастары бар ма, оларға деген көзқарасы қандай?
6. Баланың киімі қандай күйде? және т.б.

**Бақылауды тіркеу үшін бақылау күнделігінің төмендегідей толтыру формасын пайдалануға болады.**

Бала есімі	Бақылау барысында болған жағдай	Бала қылығы факторының суреттемесі	Фактілерді талдау	Психологиялық-педагогикалық қорытынды

**2.18. Жағдаят:** Сағыныш (6 жас) құрылыс материалдарынан үлкен ғимарат тұрғызды. Бақылау жолымен баланың құрастырушы әрекетке қатысын анықтау керек.

**Бақылау әдісін қолдану үшін орындалуы керек талаптарды ата. Баланың құрастыру әрекетіне қатынасын білдіретін белгілерді анықта.**

**Шешім:** бақылау ғылыми-зерттеу әдісі ретінде мынандай талаптарға сай болуы керек:

- бақылауды өткізуші баланың үйренген адамы болуы керек;
- бақылаудың мақсатын дәл айқындау және оның жоспарын құру қажет;
- бақылаудың ұйымдастырылуын, шартын, жазба формасын, тіркеу тәсілдерін ойластыру;
- бақыланушы бала, оның іс-әрекеті туралы жеткілікті мәлімет жинау үшін бақылауды жүйелі түрде және ұзақ уақыт жүргізу;
- бақылауға қатысты сыртқы жағдайды және баланың денсаулығына тікелей байланысты субъективті мәліметтерді ескеру;

• жиналған мәліметтерді объективті нәтижелерге жету үшін сандық және сапалық жағынан өңдеу керек.

Баланың құрастырушы әрекетке дайын екенін көрсететін белгілер: жұмысты өз бетімен орындау алу; ынталылық (инициатива); қызығушылық дәрежесі; зейін тұрақтылығы; өзін-өзі бақылауы; нәтижеге жетуі.

**2.19. Тапсырма: Бақылау әдісінің көмегімен балабақшаға баратын баланың темпераментінің ерекшеліктерін анықта.**

Жоспар бойынша бақылау.

1. Тез әрекет жасау қажеттігі жағдайында баланың өзін-өзі ұстауы:

- А) жұмысқа тез кіріседі;
- Ә) белсенді әрекет жасайды;
- Б) байыпты әрекетте, артық сөзі жоқ.

2. Тәрбиешінің ескертуі балаға қалай әсер етеді:

- А) бұдан әрі мұндай жасамаймын деп, біраздан соң тағы қайталайды;
- Ә) тыңдамайды, өз дегенін істейді, ескертуге ашуланады;
- Б) үндемей тыңдайды;
- В) үндемейді өкпелеген, уайымдайды.

3. Өзіне маңызды жағдайда бала басқа балалармен қалай сөйлеседі:

- А) тез, эмоциямен, бірақ өзгелердің айтқандарын тыңдайды;
- Ә) тез, импульсивті, өзгелерді тыңдамайды;
- Б) ақырын, сабырлы, сенімді;
- В) үлкен сенімсіздікпен.

4. Әдеттен тыс жағдайда (дәрігердің, меңгерушінің бөлмесінде және т.б.) өзін қалай ұстайды:

- А) тез үйреніп кетеді, белсенділік танытады;
- Ә) белсенді, артық қозу байқалады;
- Б) жасық, сасқалақ.

Осы жоспар бойынша бақылау үшін оның мынандай нұсқасын пайдалануға болады (қажетті графаларға «+» немесе «-» белгілерін қой):

Бақылау жоспарының пункттері Нұсқалары	1	2	3	4
а				
ә				
б				
в				

**Ескерту.** Егер балада «а» типті жауаптар көп болса, онда оның темпераменті сангвиник; «б» - холерик, «в» - флегматик «г» - меланхолик екенін көрсетеді..

**2.20. Тапсырма:** 4 жасар баланың жұмысын жинақта (суреттер, қағаздан жасалған ойыншықтар және т.б.). Бұл жұмыстарды баланың орындауына деген қатысы тұрғысынан төмендегілерді ескере отырып талдау жаса:

- ұқыптылық;
- түстерді пайдалану;
- детальдер қосу, күрделендіру;
- жұмысының аяқталуы.

### 3. БАЛА ПСИХИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЗАҢДЫЛЫҚТАР

Балалар психологиясы – баланың психикалық дамуының заңдылықтарын зерттейтін психологияның саласы. Педагогикамен, жас ерекшелігі морфологиясымен және физиологиясымен, әсіресе баланың жоғарғы жүйке қызметінің физиологиясымен тығыз байланысты.

Осы бөлімнің міндеттерін шешу барысында психикалық сананың маңызын, жалпы және жас ерекшелік психологиясының ерекшеліктері мен заңдылықтарын оқып-үйрене отырып, мына жайттарды есте сақтау керек:

- психиканың дамуы әуел бастан әлеуметтік үрдіс болып табылады;
- психиканың дамуы баланың белсенді іс-әрекеті арқылы жүзеге асады;
- баланың өз ортасына қатысты әрекеті әрқашан ересек пен бала арасындағы қарым-қатынасқа қарағанда қарапайымдау болады.

Тапсырманы орындаған кезде қажетті терминдер (жетекші іс-әрекет, сензитивті кезең, жақын арада дамудың зонасы, госпитализм, баланың психикалық дамуының факторлары); баланың психикалық дамуының маңызын түсіндіретін қисындар; психикалық дамудың қозғаушы күштері және т.б. пайдаланылады.

Терминдерді білу кез келген типтегі тапсырмаларды шешудің жалпы жолдарын табуға көмектеседі; жаттығуларда кездесетін көптеген жағдайларды бағдарлауға үйретеді.

Жаттығулар мен тапсырмаларды орындау зерттеудің негізгі әдіснамалық қағидалары, олардың құрылысы, ұйымдастырылуы, жүргізілуі мен түсініктемесі туралы білімді терең түсінуді және бекітуді қамтамасыз етеді.

**3.1. Жағдаят:** Дамирдін (4 жас 7 ай) анасы тәрбиешіден ақыл сұрады: бірбеткей болып бара жатқан ұлыма не істеуге болады? Ол оның әкесі мен атасының да бірбеткей екенін де айтты. Мүмкін бұл тұқым қуалағыш мінез?

*Ананың қобалжуы орынды ма?*

*Психологиялық негіздеме бер.*

*Психикалық дамудың қандай факторлары бала мінезінің осылай қалыптасуына әсер етті?*

*Анаға қандай кеңес айтқан болар едің?*

**Шешім:** ананың қобалжуы негізсіз емес, бірақ ол дұрыс пікір емес. Бірбеткейліктің пайда болуына тұқым қуалағыштық емес, теріс тәрбие әсер етеді. Балаларда бірбеткейлік өзіндік ерекшеліктердің дамуын негізсіз басуға риза емес екендігін білдіру, өз ойының іске аспағанына қарсылық формасы болуы мүмкін.

**3.2. Жағдаят:** кейбір ата-аналар арасында балаларының жалқаулық, тіл алмаушылық, тыңдамаушылық, бірбеткейлік, сабаққа ынтасы болмауы сияқты жаман қасиеттер тұқымына байланысты деген пікірлер бар.

*Неліктен тұқым қуалаушылық қисыны қазіргі кезде ата-аналар арасында кең тараған?*

*Мүмкін болатын себептерді ата.*

**Шешім:** тәрбиеге осындай көзқарастан кейін бала ата-ана назарынан тыс дамып келеді деген қорытынды жасау қиын емес. Кейбір ата-ананың педагогикалық ұстанымы мынандай: ең бастысы денсаулығы дұрыс бала өсіру, қалғандары өздері қалыптасады.

Ата-аналар арасындағы тұқым қуалағыштық қисынының кең тарауы олардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығының төмендігіне байланысты. Сонымен қатар кейбір ата-аналар өз балаларының тәрбиесімен айналысқысы келмегендіктен, балаларды өздері өсіп жетіледі, қалыптасады деп есептейді. Егер ата-анаға балаларының бір қылығы ұнамаса, онда олар өздерінің әрекетсіздігін тұқым қуалағыш факторлармен ақтайды. Бала тәрбиесі жаман болса, тұқымының нашар екеніне меңзей салады. «Ол туғаннан осындай»; «Музыкаға қабілеті жоқ» деп айту, осылайша бала тәрбиесі жауапкершілігінен бас тарту жеңілірек.

**3.3. Жағдаят:** балалар үйіндегі сәбилер жақсы күтімде болғанына қарамастан өмірінің алғашқы жылдарында салмақта-

рын аз қосатыны, аяқтарының жай шығатыны, аурушаң болатыны және жалпы психологиялық дамуы төмен деңгейде болатыны байқалады.

**Бұл құбылысты қалай атауға болады? Оның пайда болу себептерін көрсет. Отбасы тәрбиесі жағдайында осылай болуы мүмкін бе?**

**Шешім:** сәби өмірінің алғашқы жылдарындағы терең психикалық және физикалық дамуының артта қалуы, қарым-қатынастың, тәрбиенің, туыстық сүйіспеншіліктің тапшылығы салдарынан пайда болады. Мұндай құбылыс «госпитализм» деген атауға алған. Бұл құбылыс селқос ата-ананың өз баласына деген жылы сезімдерсіз суық қарауынан, өз балаларына дұрыс көңіл бөлмегендігінен отбасы жағдайында да пайда болуы мүмкін.

**3.4. Жағдаят:** әйел адамдың ана болуға баратын жолы өте ұзақ және ауыр. Болашақ ана бала дүниеге келмей тұрғанда бала дамуының ерекшелігі туралы және олардың күтімі туралы білуі керек. Ол өзінің эмоционалды күйін (сферасын) дамытып, сәбимен қарым-қатынас жасауға дайындалғаны жөн.

**Аналық сезімнің дамуына не әсер етеді?**

**Осы мәселе туралы өз пікіріңді айт.**

**Шешім:** қыз балада аналық сезім отбасында (әсіресе көп балалы отбасында) анасынан үлгі алғанда, ана рөлінде қуыршақтармен ойнағанда дамиды. Аналық сезім дамуының келесі кезеңі қыз баланың жыныстық дамуы кезінде болады. Қыз баланың қуанышы мен махаббаты болашақ ана сезімімен, әсіресе жүкті кезеңде, сәбидің дүниеге келуін күткен кезде көріктенеді. Нәресте дүниеге келгенде аналық сезім анық байқалып, әрі қарай дами түседі.

**3.5. Жағдаят:** Малика (3 жас 5 ай) анасының көмегімен қуыршақты киіндіріп – шешіндіріп үйреніп жүр, қуыршақты әлдилеп, кереуетке жатқызады. Қыз бала тек анасының айтуымен немесе оның қатысуымен осы әрекеттерді айнытпай орындайды.

Аружанның (3 жыл 6 ай) анасы қызына қуыршақпен қалай ойнау керектігін көрсете отырып, қызының зейінін ананың балаға деген көңілі мейірімді, аялы, ақпейіл, сүйікті болу керек

екеніне аударалды. Ол қызына аналардың барлығы осындай деп түсіндіреді. Аружанға жалғыз ойнауды ұсына отырып, ол қызының мейірімді аналар сияқты қуыршақты бесікке бөлеуін өтінеді.

**Берілген жағдайды қарастыра отырып, балалардың қайсысының ойыны әрекет ретінде тезірек қалыптасатынын анықта.**

**Шешім:** Аружанның ойыны әрекет ретінде тезірек қалыптасады, өйткені оның жағдайында ойын әрекетін жасау ғана емес, оған лайықты түрде анасының қылығын қайталау қажеттігі туындады.

Анасының талаптары оның қатаң басшылығымен болғандықтан мұндай нәтиже Маликада болмады. Бұл жағдайда «ана болып» ойнау қажеттігін тудыратын ана бейнесі қалыптасқан жоқ.

**3.6. Жағдаят:** балаларға әр түрлі заттардың суреті бар бір парақ қағаз бер. Содан кейін парақта бейнеленген суреттің үстіне басқа заттардың суреті бейнеленген (алдарында жатқан) кішкене карточкаларды қоюды тапсыр.

1-топтың балалары зат атауының алғашқы әріптері бірдей суреттерді қоюы мүмкін. 2-топтың балалары парақтағы суретпен карточкадағы суреттің өзіне белгілі өзара байланысын байқап, өзінің нәтижесін хабарлауы мүмкін. Мысалы, «Суретте ара бейнеленген, мен оған балтаның бейнесі бар карточканы қойдым, өйткені ара мен балтаны үй салғанда қолданады». Содан соң екі топтың балалары парақтағы суреттерді атап шығуы керек.

**Балаларды оқытып-үйретудегі берілмек ұғымдар олардың қабылдауымен сәйкес келе бермейтінін ескере отырып, қорытынды жаса.**

**Шешім:** әрекетке не бағытталғаны, оның мақсаты неде екені ой елегінде сұрыпталады.

**3.7. Жағдаят:** бір ана барлығын дұрыс істеу мүмкін емес деген шағым айтады. Мен үнемі жақсы ана болып көріну үшін

көп күш жұмсаймын, - дейді ол. Ұлыммен бірге бірдеңе істеймін, бірақ өзіме қызықты емес.

**Мүмкін ұлымен аз уақыт болса да, шын көңілмен айналысқаны дұрыс шығар?**

**Шешім:** әрине, өзінді, өз әрекетінді үнемі бақылап, олардың жақсы ана рөліне лайықтылығын салыстырып отырған өте қиын. Тіпті мүмкін де емес. Жақсы ана болуға тек қана тырыспай, жақсы ана болу керек. Сәби жасандылықты қалтқысыз сезеді. Шындығында да солай: мамасы не істегенді ұнатса, әдетте сәби де соны ұнатады. Егер анасы дауыстап оқығанды, ал ұлы тыңдағанды ұнатса, екеуіне де жақсы болар еді.

**3.8. Жағдаят:** дарынды балалар жайлы жиі айтылады. Ерте оқи бастады, санады, ерте шахматта ойнауды үйренді және т.б. сияқтылар олардың ерте дамығандарын көрсетеді.

**Егер бала дарынды болмаса не ітсеу керек?**

**Шешім:** ата-ананың баласының бойынан қашан болады, бар ма? жоқ па? деп дарынды қасиеттер іздегеннен гөрі осы мәселеге байыппен қарауы көптеген жақсы нәтижелер береді.

Бірақ қандай жағдайда да кеюге болмайды. Барынша құнды және ерекше дарын, ол – дара тұлға болу, азамат болу, адам болу. Сондықтан осы дарынды тауып дамытуға ата-аналар уақыт пен күшті аямауы керек.

Сонымен бірге мынаны есте сақтаған жөн, дарын әркез ерте ояна бермейді.

**3.9. Жағдаят:** бала бейнелік ойлау қабілетімен шеше алмайтын тапсырмалар бар. Олар логикалық ойлауды, түсінік апаратын қолдануды талап етеді. Мұндай тапсырмаларды көрнекі түрінде беруге болмайды, олар тек сөздермен беріледі. Олар «Жана Пиаже тапсырмалары» деп аталады. Мысалы, егер құтыдағы сұйықтықты одан көлемі жағынан диаметрі үлкен құтыға құятын болса, оның мөлшері өзгере ме? Бала су мөлшері азайды деп жауап береді. Мұндағы қателік – бала су мөлшерін құтының биіктігіндегі су бағанының деңгейі арқылы өлшейді. Балалар су мөлшерін оның деңгейінен бөлек өлшей алмайды.

Жан Пиаже 7-8 жастан кіші балаларға санға байланысты болатын әрекеттерді толық меңгеру мүмкін емес деп санайды. Логикалық операциялар тек 11-12 жасқа қарай дамиды.

**Жан Пиаженің пікірін жоққа шығаруға бола ма? Оны ненің көмегімен дәлелдеуге болады?**

**Шешім:** Жан Пиаженің пікірін балаларға шартты өлшемдер әдісін қолдана отырып, ғылыми білімге үйрету барысында жоққа шығаруға болады.

В.В.Давыдовтың зерттеулерінде 5 жастағы балалардың салыстыру үшін шартты өлшемдерді қолдану тәсілін білген жағдайда, санды жинақтау мен оның амалдарын да білетіндіктері дәлелденген.

**3.10. Жағдаят:** ата-ананың балалар еліктейтін әрекетінің балалар дамуында үлкен рөл атқаратыны бәрімізге белгілі.

**Неге кейде еңбекқор ата-аналардың балалары жалқау және бос болып өседі?**

**Мүмкін болатын себептерді ата.**

**Шешім:** жақсы үлгі тәрбиеде белгілі бір рөл атқарады. Бірақ біліктілік пен білімділік, сонымен қатар еңбекқорлық пен табандылық сияқты қасиеттер тек іс-әрекетте ғана қалыптасатынын есте сақтау керек. «Қолы алтын» ата-аналар балаларынан тапсырманы жоғары сапада орындағанын талап етеді, нәтижесінде балалардың қандай да бір іс істеуге деген құлықтары жоғалады. Балалар, тапсырманы мұндай жоғары сапалы талапқа сай орындай алмағандықтан, олар мүлдем ештеме істемейді. Кейде ата-аналар балалардың бір нәрсеге қатысуын нәтижеге жетудегі көмек деп түсінеді. Олар баланың әрекеті оның дамуына қажет екенін жетік түсіне бермейді.

Сонымен бірге, баланың ересекпен бірлесе атқарған әрекеттері ата-ана мен бала арасында өзара көмек, өзара түсіністік тудырушы тұрғыдан өте маңызды. Көбінесе бірлесе жасаған әрекеттерде ғана ата-ана өз балаларына үлгі бола алады.

**3.11. Жағдаят:** АҚШ ұлттық педагогикалық ассоциациясында мынандай ұран қалыптасқан: «Үйрете отырып, балаға тиіспе».

*Осыған байланысты өз пікіріңді айт.*

**Шешім:** зерттеуші Т.Филлдің ойынша, адам белгілі бір мөлшерде денесіне дене тигізуді витаминдей қажет етеді. Ол «тері ашығуына» ұшыратпайтын арнайы балалар үйін құрған. Мұнда құшақтауды, аркасынан сипалауды, иығынан қағуды шектемейді, күнделікті 15 минут массаж жасайды. Балаларды көп «сипалаған» тәрбиешілерді мадақтайды. Зерттеу нәтижелері осы бақшаның балаларының барынша ашық, көңілді, сезімтал екенін, олардың жақсы ұйықтайтынын көрсетті.

Нәрестеге және үлкен балаларға деген «дене (физикалық) махаббаты» қалыптасқан қоғамда қаталдық (жауыздық) деңгейі төмен екені сезіледі.

**3.12. Жағдаят:** баласын әкесіне ерте сеніп тапсыратын аналар мен әкесін баласына мүлдем жолатпайтын (оның қолы «дөрекі») аналар арасында салыстырмалы зерттеулер жүргізілді.

*Зерттеу нәтижелеріне болжам жаса.*

**Шешім:** егер әйелі күйеуін баласына жолатпаса, баланы күйеуіне бағуға сирек қалдырса, онда жұбайының нағыз әкелік рөлді менгеруге мүмкіндігі аз болады, оның әкелік сезімі оянбайды. Мұндай жағдайда жыл сайын бала өміріндегі әкенің тәжірибесі анасына қарағанда төмен болатыны айқын. Ол өзіне сенімсіздік білдіріп, тәрбиесіне араласпауды жөн көреді.

Ер адамдар басқа адамдар алдында өз махаббаты мен қамқорлығын сирек көрсетеді, ал керісінше әйелдер балаға деген сезімін адамдар арасында жасырмай жайып салады.

**3.13. Жағдаят:** ағалы-інілі егіздер Ержан мен Ерсін (6 жас) әкесімен бірге хайуанаттар паркіне барғаннан кейін, екеуі торда отырған маймылдардың саны туралы дауласты. Олар балаларының осыған көп көңіл аударғанына таң қалған әкесінен көмек сұрады. Анасы ақырын ескертті: «Серуен кезінде балалардың алған әсерлері мен көңіл толқуларына назар салып жүру керек».

Ата-анасы балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын қолдауға тырыса отырып, балаларының байқампаздығын дамыту үшін ұлдарымен бірге хайуанаттар паркіне екінші рет барды.

*Осы жағдайдағы әкесі мен анасының әрекетін талда.*

**Шешім:** ұлдарының байқампаздығын дамыту ата-анасы үшін өте құнды. Олар өз балаларының дауына дұрыс көңіл бөліп, дұрыс шешім қабылдады. Әкесі мен анасы келісімге келе алды, ұлдарының тәрбиесіне дұрыс жол таба білді, нақтырақ айтқанда, олардың байқампаздығын дамыту болашақта балалар дамуына жақсы әсер етеді.

**3.14. Жағдаят:** педагогика училищесінің студенті «Мектеп жасына дейінгі балаларда дербестіктің қалыптасуы» атты тақырыпта курстық жұмыс жасады. Ол үлкен топтағы серуенге бара жатқанда бүлдіршіндердің киімдерді қандай тәртіппен киілетінін ұмытып қалғанын байқады. Олардың ата-аналары (тәрбиешісі де) бұл балаларды не жалқау, не зейінсіз деп санады.

Студент бұл жағдайдан шығатын жол тапты. Үлкен плакатқа киім кию үрдісін белгілі бір реті бойынша схема (сурет) түрінде бейнеледі. Балалардың киім киюі жақсы жаққа күрт өзгерді.

*Сурет салынған плакатты қолдану нәтижесіне жақсы әсер берді?*

**Шешім:** келтірілген мысалда қимылдың бейнелері көрсетілген осы кесте-плакаттың көмегімен балалар үшін (ата – аналар мен тәрбиешіге де үйрету жағынан қиын болған) күрделі – жылдам және дұрыс киіну проблемасы шешілді. Бағдар алу жүзеге келгеніне қарамастан, әкесі көрнекі түрде толық және нақты болған сайын оқыту-үйрету үрдісі де нәтижелі жүреді.

**3.15. Жағдаят:** белсенділік мүмкіндігі және оның тұрақтылығын сақтаудағы адамның мүмкіншілігі көбінесе мидың терең бөлігінің жұмысымен анықталады. Бұл құрылым жатырда жатқан кезден қалыптаса бастайды. Бірақ оның жетілуі дүниеге келгеннен кейін де жалғаса береді. Олардың қоршаған орта әсерлеріне: экологияға, стресстерге, жүрек айнушылыққа (интоксикацияға), эмоционалдылы уайымға, шамадан тыс психикалық ауыртпашылықтарға деген сезімталдылығын ескерген жөн.

*Баланың оқу әрекетіне энергетикалық қамтамасыз ету әлсіздігі қалай әсер етеді?*

**Шешім:** энергетикалық қамтамасыз ету әлсіздігі есте сақтау, (ұмытшақтық, нақты есіне түсіре алмауы) және зейін (көңілі бөліну, беймазалық, назар салудың қиындығы) үрдістерінде байқалады. Баланың энергетикалық мүмкіндігін көтеру үшін, әсіресе, оның даму кезеңінде төмендегілер қажет:

- қолайсыз әсерлерді болдырмау;
- туыскандарымен, құрбыларымен арадағы қарым-қатынаста оң эмоционалды орта құру;
- дене жаттығуларын жасату (ойындар, жаттығулар), спорттың әр түрімен айналысу;
- күн тәртібін орындау: оқу дайындығының нақты басталу уақытын сақтау, еңбек пен демалысты кезектестіру, іс-әрекет түрін алмастыру.

**3.16. Жағдаят:** үлкенді тыңдау арқылы бала өз мінез-құлқын қалыптастырады; әрекеттерді игеру ұғымпаздықты дамытады.

*Осы пікірді талда.*

**Шешім:** Л.С.Выготскийдің пікірінше бала тыңдау арқылы өз мінез-құлқын қалыптастырады деп ойлау қате. Керісінше, бала өз мінез-құлқына ие болғаннан кейін ғана ұғымпаздық пайда болады. Ең алдымен баланы үйретіп, содан соң сұрау керек.

**3.17. Сұрақ. Тынымсыз баланың тәртіпке бағына білуін қалай дамытуға болады?**

**Шешім:** еркін (басшылыққа алына алатын) мінез-құлқты дамытуға тәріп бойынша ойналатын көптеген ойындар көмектесе алады. Олар: «Аққу мен қаздар», «Тығылмаш», «Қарақшылар» және т.б.

Шарт бойынша әрекет жасауға барлық рөлдік ойындар көмектеседі. Өз құрдастарымен бірге ойнаған ойындары тіпті әсерлі.

**3.18. Жағдаят:** мектеп жасына дейінге балалардың ойыны мазмұны, құрылымы және ұйымдастырылуы жағынан біртіндеп

өзгеретіні белгілі. Алайда, балабақшаға жаңадан келген балалардың жас шамасы кіші, бірақ көптен балабақшаға келіп жүрген балаларға қарағанда қарабайыр ойнайтыны байқалады.

**Бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады? Психологиялық негіздеме бер.**

**Шешім:** ойын дамуының сензитивті кезеңі назардан тыс қалған. Мүмкін үйде (отбасында) бұл балаға ойын ойнау үйретілмеген.

**3.19. Жағдаят:** анасы өзінің қызы Айжанды өте белсенді деп жазады. Балабақшада балалармен қарым-қатынаста болуды, өзіне көңіл аударуды ұнатады, барлық жұмыспен құлшыныспен айналысады: жақсы сурет салады, ән айтып, би билейді. Бірақ анасына қызының жұмсалмаған энергиясы әлі де болса көп сияқты болып көрінеді. Әр түрлі өнермен айналысудың шегі бар ма?

**Кішкентай қыздың барлық үйірмеге қатысуына қарсы немесе жақ қандай дәлелдер келтіруге болады?**

**Шешім:** өкінішке орай, анасы қызының дене тәрбиесінің дамуы туралы оның ойын ойнауы туралы жазбайды. Ал бұл бірінші кезекте кішкентай қыз үшін өте қажет. Көптеген педагогтар өз жүйелерін ең алдымен дене тәрбиесінен бастаған. А.Ф.Лесгафт дене жаттығуларына білімдік мағына бере отырып, өз жүйесін «Дене білімі» деп атаған. Мұндай сабақтарда балалар мектепте жақсы үлгеруге қажет болатын кеңістікті бағдарлай білуге, қозғалыс үйлесіміне, икемділікке, шапшаңдыққа үйренеді. Сонымен қатар дене тәрбиесі сабағында балалар көп энергия жұмсайды. Ал бұл баланы Айжанды анасының алаңдатушылығын тудырған «жұмсалмаған энергиядан» босатады.

Бейнелеу, би, ән сабақтары кішкентай қыздың қиялын, ойын дамытады.

Қиял белсенділігі музыканың, бейнелеу өнерінің, дене тәрбиесінің жалпы үйлесім заңдылықтарына жетуге көмектеседі. Бұл – осы жастағылардың басты жетістігі.

Шығармашылық мазмұндағы жалпы дамытушы сабақтар мидың оң және сол қабаттарының бірлесе дамуын үйлесе толықтырады, толық көруге, естуге, қозғалуға үйретеді.

Егер кішкене қызға түскен жүктеме туралы айтатын болсақ, онда физикалық іс-әрекетте әркезде жүктеме толық орындалмайтынын ескерген жөн.

**3.20. Жағдаят:** «Маған ұлым Қанатпен өте қиын – деп анасы тәрбиешіге жүгінді. – Меніңше, ол шектен тыс білім құмар. Ол оқи алады, санай алады, жаза алады.

Егер біз оның сұрағына жауап бере алмасақ, ол қажетті әдебиет табуды өтінеді. Ол бар-жоғы төрт жаста. Мүмкін бұл қалыптан тыс. Бұл баламен мен не істеуім керек?»

**Ерте даму деген не? Ондай баланы қалай тәрбиелеу керек?**

**Шешім:** мұндай жағдайда ата-ананың қобалжуының негізі бар: балаға зиянын тигізіп алмау. Мектепке дейінгі кезеңде мектептегі білімге үйретудің қажеті шамалы. Бұл білімге ол өз уақытында оңай үйренеді. Қазірден бастап мектеп жасына дейінгі кезеңде сурет салу, құрастыру, ойын үрдістерінде барынша әсерлі дамытын таным қабілетінің дамуына көңіл бөлу керек. Алайда, кеңістіктегі, абстрактілі түсінік беруге болмайды; қиынсынған жағдайларда сурет, кесте сияқты көрнекілік құралдарды пайдалану керек. Осылайша баланың білімге құштарлығын танымдық белсенділікке айналдыруға болады. Баланың физиологиялық ерекшеліктерін де ескеру керек. Ал ерте даму проблемасына келетін болсақ, осылай ма әлде басқаша ма – оны тек маман ғана анықтай алады.

**3.21. Жағдаят:** Қанат – тынымсыз бала. Оның қолдары әрқашанда жыбырлап тұрады. Ол көзіне түскен заттарды ұстай береді. Қарындашпен сызады. Оған көп ойлар келеді, ойын сол сәтте айтуға ұмтылады. Қанат – тентек. Бәріне қатысқысы келеді, бәрін білгісі келеді, бірақ бастаған ісін жылдам тастап, қайтадан басқа бір іске, жаңасына ауысады. Анасына ол ұнамайды. Ол көбінесе ұлын тыныштандырады, тоқтатады.

**Тынымсыз баланы сабырлыққа үйрету неге мүмкін емес екенін түсінді?**

**Шешім:** тынымсызды тынымды балаға айналдыру мүмкін емес, бірақ баланың өз мінез-құлқын, өз денесін, энергиясын қа-

лыпты жағдайда ұстауға көмектесу керек: энергиясын шығаратын жерде оны шығарып алуды, кейбір жағдайларда талапқа сай өз-өзін ұстай білуге үйрету керек.

**3.22. Жағдаят:** Тентек балалар өте белсенді және тынымсыз. Олардың қозғалыстары (амплитуда және үйлесім) нақты емес.

**Тынымсыз баланың өз денесін басқаруын қалай үйретуге болады?**

**Шешім:** өз денесін басқара білу – өз қалау-тілектерін басқара білу. Тынымсыз балаларға дене жаттығуымен, әсіресе дене қимылына мән беретін, онымен нақты, дәл қимылдар жасататын жаттығулармен шұғылданған пайдалы. Көпшілігін би үйірмесіне беруге болады. Қимылдың икемділігін, үйлесімділігін доппен, секіртпемен секіріп ойналатын және «Классик» ойындары дамытады.

Баламен бірге арнайы жаттығулар жасауға болады. Мысалы: өз қозғалысы белгілі бір санға дейін дейін санаумен байланыстыру, белгілі бір санды белгілеп, сол санға жеткенде алдыға қарай еңкейіп, еденге қол жеткізу, бұлшық еттерді белсенді түрде қысып, қайта босату. Дененің бұлшық еттерін қысып және босату жаттығулары баланың өз денесін сезінуге және одан қанағат сезімін кешуге көмектеседі.

**3.23. Сұрақ. Тынымсыз жеңіл моторикасын дамытатын, балаға қолмен жасалатын ұсақ қозғалыстарды қалай үйретуге болады?**

**Жауап:** әдетте, тынымсыз балалар ұсақ заттармен жұмыс істей алмайды және істемейді, сондықтан олар сурет салу сияқты істермен шұғылдануды ұнатпайды. Мұндай балалардың жеңіл моторикасы аз жаттығудың және орнықтылықтың жоқтығы себепті жеткілікті дамымаған.

Тынымсыз бала үшін ұсақ қозғалыстар жасау қиын және ыңғайсыз екенін ескеру керек. Сондықтан да тапсырмалар қызықты болуы керек. Тапсырманың бір идеяға байланысты болғаны жөн. Мысалы: мерекелік дастарханға арналған әр түрлі пі-



шіндегі майлық, жаңа жыл шаршасына қар қиыршығының өрнегін жасау.

Шаршағанның немесе жиіленіп кеткен ұқыпсыздықтың алғашқы белгілері аңғарыла бастағаннан кейін жұмысты дереу тоқтату керек. Бала жұмысының нашарлағанын, оны сол себепті тоқтатқанын байқамас үшін, жұмысты тоқтатар алдында оның жұмысын мақтап, мұндай жауапты жұмыстар асыққанды көтермейтінін түсіндіру керек. Жұмыс майданы көз жетерлік және бала қолынан келетіндей болу дұрыс.

**3.24. Жағдаят:** Тамараның (5 жас 9 ай) анасы қызын қолынан бәрі келетін және көп білетін бала болып өскенін қалап, қызымен жүйелі түрде айналысу керек деп шешті. Анасы оған үй тұрғызу үшін кубиктерді қалай жинау керек екенін бірнеше мәрте көрсетті. Оның суреттері анасының салған суреттерінің көшірмесіне айналды. Тіпті анасы қызының ойынына да өз қимылдарын кірістіре бастады.

*Ананың тәрбиелеу әдісін талда.*

**Шешім:** үйретудің мұндай жүйесі қыздың өздігінен ойнау, сурет салу, кубиктерді жинау сияқты әрекеттерінің дербес дамуына жол бермейді. Балада таным белсенділігі дамымайды. Қарапайым нәрсеге еліктіруді қажет етеін қарапайым көрсетулер баланың тек кішкентай бөбек кезінде ғана жақсы нәтиже береді. Бала түрлі заттармен әрекет жасау дағдысына үйренеді, осыған байланысты оның тілі де шыға бастайды, ол белсенді. Мектепке дейінгі жас аралығында үйрету сипаты да өзгеше болады: әрекет етуде, ойыншық таңдауда және т. б. бала қалауы ескеріліп отырады.

Бұл мысалдағы тууға жақын дағдарыстың себебі Тамараның анасының балаға дербес іс-әрекет тудырушы жағдайларды жасамағанында. Егер ол қызымен қарым-қатынас формасын өзгертпесе, оның өз талаптарына сөзсіз бағынуын талап етеін болса, ары қарай бұл қыз балада еріксіздік, ынтасыздық, өздігінен әрекет ету дағдыларының жойылуы дамуы мүмкін. Бұл жағдайда бала наразылық білдіріп, қандай да бір әрекеттерден бас тартуы мүмкін. Мектеп жасына дейінгі кезеңде балаларды оқыту-

үйрету баланың өзінің белсенділік танытуын қамтамасыз етуі және тәрбиелік сипатқа ие болуы керек.

**3.25. Жағдаят:** 6 жастағы балалардың тілін дамыту сабағы кезінде тәрбиешіге балаларды әр түрлі сападағы қағаздардың қасиетімен таныстыру керек болды. Педагог балаларға су құйылған тегене мен әр түрлі сортағы қағаздарды беріп, тәжірибе жасауды ұсынды.

*Тәрбиеші балалардың психикалық дамуының қандай факторларын қолданды? Тәрбиеші балаларды тәжірибе жасаушылардың орнына қоя отырып, қандай мақсатты көздеді?*

*Психологиялық талдау жаса.*

**Шешім:** балалардың бұл әрекеті олардың психикалық үрдістерін (танымдылық, эмоциялық, еріктік) белсендіруге көмектесті, осыған байланысты олардың дамуына жол ашты.

**3.26. Жағдаят:** екі ананың әңгімесінен. Бір ана алаңмен: «6 жастағы балаларда оқуға деген қызығушылық пайда болады, ал кейбір балалар 5 жасында да оқи бастайды деп естідім. Ал менің Қанатымда оқуға деген не қызығушылық, не зауық жоқ, ал ол жақын арада мектепке барады» - дейді.

*Анасы баланың психикалық дамуына әсер ететін қандай факторды қолданбады?*

**Шешім:** келтірілген мысалда баланың белсенділігін тәрбиелеу факторы іске аспаған.

**3.27. Жағдаят:** ауырып ауруханаға түскен Сара (6 жас) біраз уақыт аралығында төсектен тұрмай жатуға мәжбүр болды.

*Кішкене қыздың ұзақ уақыт бойы төсектен тұрмай жатуы оның ақыл-ой дамуына әсерін тигізеді ме?*

*Сараның дұрыс дамуын қамтамасыз ету үшін оның өмірін қалай ұйымдастыру керек?*

**Шешім:** Әсер етеді. Қозғалыс белсенділігінің төмендеуінің салдарынан кішкене қызда сезу тәжірибесі негізінде білім алу үрдісі тоқырайды. Әсіресе, қатты сырқат немесе созылмалы аурулар балалардың ересектермен қарым-қатынас жасауына, олардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас сипатына белгілі бір

мөлшерде әсер етеді. Сырқат баланың белсенділігіне, мінез-құлқына, қоршаған ортамен қатынаста болуы, өмір сүру салтына кері әсерін тигізеді. Саранын ауруханада өткізген күндері заттармен әрекет барысында белсенділікті күшейту мақсатында анализаторлық (талдау жасаушы) жүйелер мүмкіндігінше толық қамтылған түрде ұйымдастырылу керек. Таным шеңберін қызбен көркем әдебиет оқығанда, әңгіме, түрлі-түсті суреттерді көру барысында дамыта отырып, ой-өрісін кеңейту керек.

**3.28. Жағдаят:** 2-сынып оқушысы Сұлтан (9 жаста) сырт көзге 6 жастағы баладай болып көрінеді. Жасық... Өзіне сенімсіз екені білінеді... Тығырыққа тірелген... Сұлтанның отбасында анасы, әжесі және атасы бар. Әкесі кетіп қалған. Үйінде ешқандай айғай-шу, төбелес, маскүнемдік жоқ.

Сұлтанмен әңгімелесейік:

– Сұлтан, есейгенде кім боласың?

– Әйтеуір бірдене болармын... Барлық ересек адамдар бірдеңе болып жатады ғой. Мүмкін құбыр жөндегіш... немесе көше сыпырғыш... білмеймін көре жатармыз...

– Оқуың қалай?

– Нашарлау, мен жиі ауырамын. Барлық сабақтан «2». Тақтаға шақырғанда, қатты қорқамын... барлығына қарап тұрып, ештеңе айта алмайтыныма ұяламын. Тіпті білетінімді де ұмытып қаламын.

– Сен баға алғанды қалайсың ба?

– Жоқ, қаламас едім. Егер олар болмаса, ешкім менің жан, топас екенімді, қолымнан ештеме келмейтінін білмес еді.

**Мұндай тығырыққа тірелу қайдан келген?**

**Психикалық дамудың қандай факторлары байқалады және Сұлтанның психикалық дамуына олар қалай әсер етеді?**

**Шешім:** Анасының айтуынша Сұлтан туғанда мықты және дауысы зор болған. Өзінің дауысымен барлығын басына көтеретін. Ал анасы Сұлтанды көп ұйықтасын деп оны жөргекпен орап, бөлмені қараңғылаған. Анасы бұл жаста ол түк те түсінбейді деп, ұлымен әңгімелеспеген, ойнамаған және де оған уақыты да болмаған, бар уақыты күнделікті күйбең тіршілікпен

өткен. «Әйтеуір айғайын қойды. Содан ол тынышты және жуас болды. Бір жерде тапжылмай өз ойыншықтарымен тыныш ойнап отыратын», - дейді анасы. Ол анасына бөгет болған жоқ, оған анасы да риза болды. 1 жас 2 айында тәй-тәйлап жүре бастады. Біз оны жүгіртпегендіктен, ол аса жүгіре қойған жоқ. Бір жарым жасынан бастап Сұлтан жиі ауыра бастады, күні кешеге дейін ызындай беретін. 3 жасына дейін тілі шықпады, содан кейін ақырындап сөйлей бастады. Ол кітапқа қызықпайды. Суреттерін ғана қарайды.

Талдау жасасак, Сұлтан туғанда денсаулығы мықты, дауысы зор, белсенді болған. Ол анасымен қарым-қатынаста болмаған, ал ең бастысы анасы оның белсендігін басып отырған. Баланы белсенділіктен және әлеуметтік ортадан айыру Сұлтанның психикалық дамуына әсер еткен.

**3.30. Жағдаят:** баланың белсенділігі туралы айтқан кезде, біз оның анық байқалып тұрған ақыл-ойында, санасында болып жатқан үрдістерді қарастырамыз. Барлығына көрініп тұратын іс-әрекеттері (құрылысы, бейнесі және т.б.) сыртқы үрдіс (процесс) деп аталады. Санада іске асатын әрекеттерді ішкі үрдістер (процестер) деп атайды.

**Жаттығулар кезіндегі ересектер мен сәбидің ішкі және сыртқы белсенділіктерінің қатынасы туралы қорытынды жаса.**

**Шешім:** балаларды оқыту кезінде, тәрбиеші көп сөйлегеннен гөрі, өзі іс-әрекет жасауға тырысуы қажет. Балалардың өз ісін ұйымдастыруы – негізгі мақсат. Әсіресе, балалардың көп сөйлеп, көп әрекет жасағаны дұрыс.

Тәрбиешінің оқытудағы жетістігі жақсы сөйлеп, дұрыс көрсеткенінде емес, балаларға жаңа оқу материалдарын меңгерту мен дербес нәтижелі жұмыс істету әдістемесін қолдануды қамтамасыз етуінде.

**3.31. Жағдаят:** қыркүйектің 1-інде Мирас 5 жас 11 айға толды. Ол мектепке бармай, балабақшада қалды. Ержан мен Ерсіні 6 жасқа толып, олар мектепке барды. Даму ерекшеліктері барлық балаларда бірдей.

Бір жылдан кейін осы балалар қайта тексерілді. Нәтижесінде мектепке барып жүрген Ержан мен Ерсіннің дамуы балабақшасында қалып қойған Мирасқа қарағанда көш ілгері боды. Мектепке барып жүрген ұлдардың психикалық дамуын салыстырғанда, Ержанда дамудың жоғары көрсеткіштері байқалды.

*Ауырмаған және, дене дамуы бірдей болған жағдайда ұлдардың психикалық дамуындағы айырмашылықтың себептерін ата.*

**Шешім:** Ержан мен Ерсіннің психикалық дамуының жоғары көрсеткішін олардың жаңа әлеуметтік сатыға көтерілуінде деп түсіндіруге болады. Олар мектеп оқушылары қатарына қосылды. Оларда жаңа қызығушылықтар, іс-әрекеттер, қарым-қатынастар пайда болды. Ұлдардың негізгі жұмысы оқу болды, яғни өзгерді. Ал Мирас бұрынғыша балабақшасында жүріп, мектеп жасына дейінгі кезеңде қалып қойды. Әрине Миранстың да ақыл-ойы дамуда, бірақ Ержан мен Ерсін сияқты емес.

Ержан мен Ерсінге келетін болсақ, оқу жылының аяғында олардың дамуында айырмашылық байқалды. Барынша белсенді, көп оқыған, бақылаған, есеп шығарған Ержан жыл соңында оқу материалдарын дербес, өздігінен меңгере алды. Сондықтан оның дамуы Ерсінге қарағанда жоғары болды.

**3.32. Жағдаят:** кейде біз баладан «бала» емес, «үлгілі бала» жасауға талпынамыз. Ол мынаны – ананы істей алуы керек, әрқашанда үлгілі және тіл алғыш болуы керек.

*Бала сүйікті анасы үшін тырысып, шыдай – шыдай, ақыры дағдарысқа ұшырайды.*

*Неге осылай?*

**Шешім:** шындық тітіркенушілікті, әлсіздікті, зұлымдықты, қызғаншақтықты сыртқа шығаруға жол ашады. Бұл баламен бірге анаға да өте ауыр тиеді. Мұндай сәттерде баланың жүрегі жараланып, сары уайымға түседі.

Сондықтан ата-ана баласының қандай екеніне қарамастан жақсы көруі керек.

**3.33. Жағдаят:** Мирас (5 жаста) ерте жасынан бастап әжесі мен атасының, тағы бір әжесі-атасының әпкесінің арасында

өсті. Олар баланың әр қадамын, әр ойын, әр қимылын қадағалап жүрді. Анасы баласымен тек жексенбі күндері ғана қарым-қатынаста болды. Өйткені әжелер жас ананың артық істен демалғанын қалады.

Мирансты сырттай бақылағанда, қандай мінезді екенін, нені ұнататынын, нені жақтыртпайтынын, қызығушылығы қандай, кім екенін анықтау қиын болды. Ол керемет тіл алғыш бала болды. «Бар» десе барады, «отыр» десе отырады. Ал ештеңе айтпаса, сол қалпында «бағанға» ұқсап тұра береді. Әжелері мен атасын бұл қылық алаңдатпады. Керісінше Миранстың тіл алғыштығын олар мақтаныш етті. Оларды тек баланың тілінің тұтықпасы ғана алаңдатты. Кейде ұлдың тұтықпасы қатты білінетін.

Көршілері: Мирасқа көп дербестік берсе жақсы болар еді. Ол өзі жалғыз серуендей алушы еді, - деп ұсынды.

– Не дегеніңіз! - деп шошынды үй күтуші.

– Ол жуықта мектепке барады ғой.

– Онда тұрған не бар! Оның анасын мектепке де, институтқа да қолынан жетектеп алып барғанбыз.

*Өмірдегі жағдайда балаларын шамадан тыс әлпештеген ата-аналарды мысалға келтір.*

*Берілген көріністе қандай негізгі психикалық даму факторлары қатыспаған?*

*Осындай тәрбиенің нәтижесі қандай болатынын болжа.*

*Осындай ата-аналарға айтар кеңесің қандай?*

**Шешім:** берілген жағдайда балаға белсенділік, әлеуметтік орта (басқа балалармен бірігу) сияқты мүмкін болатын психикалық даму факторлары берілмеген.

Баланы қоршап тұрған мұндай шамадан тыс әлпештеулік (гиперопека) балалардың үрейін тудырады және қорқынышын көбейтеді. Қоршаған әлем қорқыныш әлеміне айналады. Мысалы: ит қауып алады, машина мыжып кетеді, қаз тістеп алады, құлап қаламын т.б. Осындай қорқынышты әлемді бала психикасы жеңе алмайды.

Мұндай әлпештеудің басқа да жеке жағымсыз (негативті) жақтары бар. Олар: ерте некеге тұру, ата-ана қанатының асты-

нан тезірек кету, алғашында ата-анасына, содан кейін әйелі немесе күйеуіне құлдыққа байлану.

**3.34. Жағдаят:** психикалық талдау анасына тәуелділік өте ертеде туатынын көрсетті. Физикалық тұрғыдан бала анаға туғаннан тәуелді. Психологиялық тәуелділік туғаннан кейін бірнеше айдан соң пайда болады және өмір бойы сақталады. Ал тәуелділіктің шарықтау шегі балалық шақта болады.

*Баланың психологиялық тәуелділігі неден пайда болады?*

*Бихевиористік көзқарас тұрғысынан тәуелділік қалай қалыптасады?*

**Шешім:** баланың психологиялық тәуелділігі ересектердің назарында болуды іздеуден, үрейден, жалғыздықтан қорыққаннан пайда болады.

Бихевиористік көзқарас тұрғысынан тәуелділік ассоциация заңы мен еліктегіш заңы негіздерінде қалыптасады.

**3.35. Жағдаят:** егер балада ата-анаға деген тәуелділік шамадан тыс болса, оны шектеу (әлсіздету) керек. Бала дербес болуға дағдылануы қажет. Осы мақсатпен ата-ана елемеушілік (көзге ілмеушілік) стратегиясын жиі қолданады. Қарапайым түрде баланың жылағанына назар аудармайды.

*Ата-аналар қолданатын баланы елемеушілік стратегиясы неге әкеледі?*

**Шешім:** ата-ананың мұндай көзқарасы баланың ызақор болуына әкеліп соғады.

**3.36. Жағдаят:** тәуелділіктің пайда болуы ересектер мен балалардың бір-біріне бірдей мимикамен жауап беруіне үйретеді. Мысалы: анасы күліп қараса, баласы да күледі т.б. Әрекетті күту рефлексі пайда болады.

*Бала тәрбиесінде әрекетті күту рефлексінің маңызы қандай?*

**Шешім:** әрекетті күту рефлексі баланың реакциясының өзгеруіне, мақсатқа бағытталған әрекет бірлігіне айналуына тікелей маңызы бар. Егер анасы өзінен күткен әрекетті жасамаса,

онда сәбиде алаңдаушылықты, риза еместікті көрсететін немесе жылаумен шығатын фрустрация (көңілі қалу) пайда болады.

Екеуі де өздерінің үйреншікті күтуге лайықты әрекетін орындағанда ғана ана мен баланың қарым-қатынасы нәтижелі деңгейде болады. Нәтижесінде бөбек кезіндегі тәжірибесіне сүйеніп, бал анасынан қажетті әрекеттерді «сұрайтын» болады.

**3.39. Жағдаят:** әдетте «жаман балалар» жаман қылық, «жақсы балалар» жақсы қылық жасайды деген пікір бар.

*Мұндай пікір неге негізделген?*

**Шешім:** мұндай пікір көшіріп алу құбылысына негізделген. Бала жаман жағынан көріне қалса, біз оған «жаман» деген атақ береміз. Сол берілген атақ бойынша оның қылығын бағалаймыз немесе керісінше.

**3.40. Жағдаят:** Даурен (2 жас 7 ай) көп ауырды, ұзақ уақыт ауруханада жатты, тілі де толық шықпады. Соның салдарынан Дәуреннің дұрыс сөйлеуі үшін анасының көптеген күш жұмсауына тура келді.

*Дәуреннің тілінің дұрыс шықпауының негізгі себептерін ата.*

**Шешім:** негізгі себеп – тілдің шығуға барынша тиімді сензитивті кезеңді (1,5-3 жас аралығы) дұрыс пайдалана алмау, ол уақыт кезеңінен ұтылу.

**3.42. Жағдаят:** 8 айлық Айнұрдың айналадағы барлық қоршаған заттарға қызығуы ата-анасына ұнайды. Сондықтан олар кішкентай қызға барлығын ұстауға, қарауға, сындыруға, шағуға рұқсат береді. «Ештеңеден бас тартуға болмайды, ол дамып, өсіп келеді», - дейді.

Басқа отбасы ең бастысы тәртіп пен мықты талап деп санайды. Аружанның ата-анасы кішкене қыздың уақытында тамақ ішуге, суға түсуге, серуендеуге шартты рефлексі дағдыланғанына қуанады.

*Егер тұқым қуалағыш пен туғаннан пайда болған даму үрдісі бірдей десек, Айнұр мен Аружан қалай өседі?*

**Шешім:** Аружан мен Айнұр әртүрлі қоршаған әлеуметтік ортаның әсерінен әртүрлі өседі. Оларға қойылатын талаптар мен

өз белсенділігінің әр түрлілігі психикалық өсуді анықтайтын болады.

**3.44. Жағдаят:** Нәресте көзі көрмей немесе құлағы естімей дүниеге келеді. Олардың әдеттегі балалардан өзгешелігі миларынын қоршаған ортамен сезу мүшелері (көру, есту мүшелері) арқылы байланысы жоқтығында.

*Мұндай нәресте дауыс шығарып, сөйлей ала ма?*

*Егер сәбидің естуі генетикалық тұрғыдан қалыптаспаған және ересектердің назарынан тыс қалса, ол тұқым қуалаушылық белгілерінің басымдығынан қатардағы адамдар санатына кіре ала ма?*

**Шешім:** егер сәбидің туғаннан естуі шектелген болса, өз дауысын өзі ести алмаса, онда ол бала сөйлей алмайды. Ондай бала ести және сөйлей алмайтын болады. Көру мүмкіндігі жоқ болған жағдайда қоршаған ортамен байланысы қиындай түседі. Зерттеулердің көрсетуінше психика өз бетімен даму сипатына ие емес. Тек ересектер мен нәрестелердің сыртқы ортаның ұғымдарымен бірлескен және бөлек әрекеттері барысында психика және адамдардың мінез-құлықтары қалыптасады. Сәбидің жеке тұлғасы ішкі ағзамен бағдарланбаған, ол бала өзі қабылдайтын әлеуметтік тәжірибеде бағдарланған.

**3.48. Жағдаят:** әкесі мен баласының ұқсастығын айта отырып, олардың айырмашылығын да ескереміз. Қызының «шешесінен аумаған болса да» әкесіне ұқсайтын да белгілері бар. Ол анасынаң тура көшірмесі емес.

*Тұқым қуалаушылық ұқсастық толық болмаса, мұндай жағдайды қалай түсіндіруге болады?*

**Шешім:** Кейбір тұқым арқылы берілетін жеке туыстық белгілер өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер өмір сүру жағдайларына бейімділікті ұтымды қамтамасыз ете алады.

**3.59. Жағдаят:** Димаш (1 жас 10 ай) өздігінен (автономды түрде) сөйлей ала тұрып, анасының ойыншық бергені туралы тілегін анық, түсінікті айта алмады. Анасы Димаштың ойыншықты қолымен көрсетпей, атымен атағанын қалады. Тағы бір-

де анасы Димашпен серуендеп жүріп, алаңда ойнап жүрген балалардың арасына ұлын қосты.

*Баласына қайшылықты жағдай туғызған анасының әрекеті дұрыс па?*

*Баланың өздігінен әрекет жасауын қалай басқарған дұрыс? Осындай жағдайға мысал келтір.*

**Шешім:** анасы Димашқа саналы түрде әдейі тілдік күрделі (яғни проблемалық) жағдай туғызды, бұл арқылы ол баласының қиындықтарды жеңе отырып, дұрыс, анық, нақ сөйлеуге тырысқанына, сөйтіп тілді дамытқанына жетелеуге ұмтылды. Бұл, бір жағынан, Димаштың өздігінен (автономды түрде) қалыптасқан тілінен, екінші жақтан ойын кезінде ол тілді басқа балалардың түсінбеуінен туындаған қайшылық болып, проблемалық жағдайдың шешілуіне – тілдің дамуына әкеледі.

Ересек адам баланың өздігінен қозғалысын былайша басқаруы керек:

- а) қайшылықтардың тууына жағдай жасау;
- ә) баланың ерекшеліктерін ескере отырып, осы қайшылықтардың шешілуіне көмектесу ;
- б) қалыптасқан қайшылықтардың ерекшеліктері мен сипатын ескеру.

**3.63. Жағдаят:** американдық психолог Макгроу екі егіздермен эксперимент жасады. Ол балаларға біріншісіне 11 ай, екіншісіне 22 ай толғанда роликпен, конькимен сырғанауды үйретті. Нәтижелері әр түрлі. Біріншісі конькимен сырғанауды тез үйренді.

*Берілген фактіге психологиялық түсініктеме бер.*

Бұл жүру, конькимен қозғалу сияқты әрекеттерді игерудің сензитивті кезеңімен байланысты. Жүруді үйренген сәбиге роликпен сырғанауды үйрету өте қиын. Екеуіне қатар үйрету керек. Дәл осылай балаға шет тілін үйрету оның тілі енді шыға бастаған кезеңде оңайға түседі, және нәтижеге тез жетуге болады.

**3.69. Жағдаят:** атақта педагог Н.Ф.Каптерев сәбилердің 2 жасқа дейінгі жастық кезеңдерін былай белгіледі: сорғыш, ұстағыш, еңбектегіш, жүргіш, сөйлегіш.

*Бұл кезеңдер нәрестенің қандай өсу ерекшеліктеріне байланысты пайда болған?*

**Шешім:** Н.Ф.Каптерев бұл кезеңдердің негізі ретінде сәби қылықтарын сипаттайтын ерекшеліктерді басшылыққа алған.

**3.71. Тапсырма:** Баланың белсенділігін бақыла. Баланың белсенділігін жоғарылататын немесе төмендететін факторларды тап. Баланың белсенділігін ересектердің басқаруға алғаны туралы жағдайларды суретте.

*а) баланың моторлық, қозғалыстық белсенділігі қандай?*

- іс-қимылында, заттармен әрекеттенгенде;
- ойнағанда;
- спорт сабақтарында;
- еркін жүргенде.

*ә) коммуникативті (сөйлеу) белсенділігі қандай?*

- байланысқа түскендегі шапшаңдығы;
- коммуникацияның жиілігі;
- Балалармен, ересектермен қарым-қатынастағы жеке тәртібі.

*б) танымдық белсенділігі қандай?*

• бір нәрсеге немесе біруге назар аудару, зейінін жинақтай алу;

- білімге құштарлық, танымдық қызығушылығы;
- «зерттеушілік» әрекеті;
- сұрақтардың жиілігі мен сипаты.

**Мыналарға көңіл аудар:**

- әрекетін өз еркімен таңдай ма;
- өз әрекетіне мақсат қоя ма;
- әрекеттерге жеке қызығушылығы бар ма.

**Ересек адам баланың белсенділігін қалай басқара алады:**

- бала белсенділігіне жақсы (кері) ықпалдар тудырады;
- бекітілген тәртіптерді қолданады;

- акпаратты қабылдау жылдамдығы;
- нәтижеге жете білу дағдысы;
- өз әрекетін бағалай білу.

**3.72. Тапсырма:** Дамуында қандай да бір кемшілігі бар (есту, көру, қозғалу ақаулығы, тұтықпа, сыртқы пішіні) балалардың қылығының ерекшелігіне бақылау жаса.

**3.73. Тапсырма:** 1 жастағы, 2-3 жастағы, 6-7 жастағы балалардың қылығына бақылау жаса.

Олардың қылығы дағдарысты кезеңдегі суреттелген мінезбен сәйкес пе?

Баланың қылығы қандай жағдайларда анық байқалады?

**3.74. Тапсырма:** Өзіңнің балаға деген қатынасыңды талда. Сіз баланы шектен тыс әлпештемейсіз бе? Ол өзі істей алатын істерді атқаруға мүмкіндік бересіз бе? Олардың ойынды, жаттығуды өз таңдауына рұқсат бересіз бе?

**3.75. Тапсырма:** Сәбидің ойынына бақылау жасаңыз.

- ол тек нұсқау бойынша ғана әрекеттене ме, әлде өз тарапынан да жаңалық қоса ма?
- бір ойыншықпен ойнағандағы әрекетін екінші (алғашқысына ұқсас) ойыншыққа ауыстыра ала ма?
- сабынның орнына кубикті, градусниктің орнына таяқшаны қолданып, ойнай ала ма?

#### 4. БАЛАЛАРДЫҢ ТУЫЛҒАННАН БІР ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Бала өмірінің алғашқы жылындағы психикалық даму ерекшеліктеріне аса көңіл бөлу қажет, себебі келешекте тұлға болып қалыптасуы осы кезеңге байланысты болады.

Балаға туылғаннан бастап шартты және шартсыз рефлекс-тер әсер ететінін, алғашқы әлеуметтік қажеттілігі «жандану комплексінде» көрінетінін, қоршаған ортамен байланысы тек ересектер арқылы жүзеге асатынын біз міндетті түрде білуіміз қажет. Ересек адам бала мен қоршаған ортаны байланыстырушы. Олардың ортақ іс-әрекеті балада қарым-қатынасқа деген қажеттілікті қалыптастырады, яғни уақыт өте келе оның сөйлеуінің дамуына ықпал етеді.

Бала өмірінің алғашқы жылында психикалық дамуда көп жетістіктерге жетеді: басын ұстай алады, еңбектейді, алғашқы қадам жасайды, т.б. Қол қимылының дамуы ерекше орын алады. Қолдың көмегімен бала заттардың қасиетімен танысады. Көзімен көргенін қолмен ұстап көру, баланың ақыл-ойының дамуына ықпал етеді. Бала өмірінің алғашқы жылының соңына қарай қоршаған әлем туралы түсінік қалыптасады, қабылдау мен ойлаудың қарапайым түрлері қалыптасады.

Бұл бөлімді теоретикалық түрде оқу мыналарды үйренуге мүмкіндік береді:

1. 1 жасқа дейінгі баланың даму деңгейін анықтау;
2. баланың дұрыс дамуына жағдай құру;
3. бала мен қоршаған орта арасында байланыс орнату.

**4.1. Жағдаят:** ғалымдардың айтуынша, жаңа туылған сәби аштықтан мазасызданғанда, магнитофонға жазылған анасының жүрек қағысын естісе тынышталады. Бұл құбылыстың себебін атаңыздар.

**Шешім:** бұл құбылыс ана мен бала организмдерінің бірлігіне байланысты.

**4.2. Жағдаят:** әдетте жаңа туылған сәбиде қолдарымен, аяқтарымен, басымен және бүкіл денесімен қозғалудың әр түрлігі байқалады.

Осы құбылысты түсіндіріңіз.

**Шешім:** баланың әр түрлі қозғалысы оның нерв жасушаларының өткізгіш жолдары әлі миэлинді 55 қабықпен қапталмаған, сондықтан қозу жеңіл түрде басқа жүйке жолдарына өтетінімен байланысты.

**4.3. Сұрақ:** жаңа туылған сәбидің сезім мүшелерінің функциялануы мен бас миының үлкен жарты шарының арасындағы өзара қатынас қалай көрінеді. Жас сәбидің тәрбиеленудің шарттарын, құралдарын және жолдарын сілтеңіз.

**Жауап:** баланың сезім мүшелерінің функциялануының қосылуы бас миының үлкен жарты шарының дамуына әкеледі, ал ол сезім мүшелерінің өздерінің дамуына оң әсерін тигізеді. Осылайша, сезім мүшелерімен үлкен жарты шардың бірігіп дамуы жүзеге асады. Жаңа туылған сәбидің психикасы дұрыс дамуы үшін, әсіресе сезім мүшелерінің дамуы үшін жатыңулар жасау керек. Ол әр түрлі дыбыс шығаратын ойыншықтар болуы мүмкін. Мұндай жаттығулар балада жауап реакциясын тудырады.

**4.5. Жағдаят:** адамзат өзінің көп ғасырлық тарихында мәдениет әлемін түбегейін өзгертті. Адамдық құндылықтар өзгерді. Тек қана жаңа туған сәби ғана өзгеріссіз қалды, ол бұрынғыдай өмірге керек болатын қарапайым тума механизмдермен болады.

Баланың жануарлар баласы ортасында мүлдем қорғанысыз болып өмірге келуі неге байланысты.

Балалық шақтың ұзақтығы ұрпақтан ұрпаққа өткен сайын өзгеріп отыра ма?

**Шешім:** бала дамудың үлкен жолын жүріп өтуі керек. Адам баласы жануарлардан қаншалық жоғары болса, оның балалық шағыда соншалықты ұзақ болады. Бұл кезең баланың адамдар қоғамының толық мүшесі болып қалыптасу кезеңі. Бала туа берілген аз ғана рефлекс-тер бағасын кеңейтіп, әлемді өзіндік етіп, мінез-құлықтың жаңа формаларын жасауда шексіз мүмкіндіктерге ие.

Балалық шақтың ұзақтығы қоғамның материалдық және рухани мәдениетіне тікелей байланысты.

**4.6. Сұрақ:** мінез-құлықтың туа сала берілген аздаған формасы бала дамуында жетістікпе әлде жетіспеушілік пе?

**Жауап:** мінез-құлықтың туа сала берілген аздаған формасы жаңа туған сәбидің жетістігі болып табылады, себебі онда мінез-құлықтың жаңа формаларын табудың шексіз мүмкіндіктері бар.

**4.7. Сұрақ:** алғашқы шартты рефлексдер дегеніміз не? Олар немен байланысты? Ананың қандай әрекеттері балада теріс әдеттердің қалыптасуына әкеледі?

**Жауап:** жаңа туылған сәбидің алғашқы шартты рефлексі ата-анасының баланың тума реакцияларымен сәйкес белгілі шарттарының пайда болуымен байланысты. Мысалы: алғашқы шартты рефлексінің бірі-баланы анасының емізуі үшін қолға алуы, яғни баланың орны. Одан кейін естумен және көрумен байланысты бағдарлық рефлекс, ұйқы мен сергектік рефлексі, үлкен адамдарға рефлекс т.б. пайда болады.

Жаңа туылған сәбидің тума рефлексдеріне сүйенген ананың кез-келген әрекеті балада шартты рефлексдердің пайда болуы мен бекітілуіне әкеледі. Сондықтан анасы өзінің қандай әрекеттері балада теріс әрекеттерді қалыптасуы мүмкін екенін ойлауы керек (бос емізіп пайдалану, ұйықтар алдында тербету т.б.)

**4.8. Жағдаят:** сору кезінде балада беттің бұлшықеттері дамиды, тістердің қалыптасуына жақсы әсер ететін қызыл иек бекиді. Бала үшін сору- жұбанудың өзіне тән тәсілі. Бұл рефлекске қажеттілік бала жайсыздық сезінгенде пайда болады.

Бала үшін емшек пен еміздіктің айырмашылығы бар ма, әлде бәрі бір ме?

**Шешім:** жоқ, бәрібір емес. Жаңа туылған сәби, ол өзін анасынан әлі бөлген жоқ сондықтан ол ананың бауырында өзін қорғанышты сезінеді, бұл балада өзін қоршаған ортада, анасында және өзінде сенімділікті қалыптастырады.

Сүт бөтелкесінің пайда болуы, еміздіктің пайда болуы баланың санасының қалыптасу процесін түгелімен өзгертеді, баланың адаммен қатынас тәжірибесін затпен қатынасқа ауыстырады. Еміздік баланың жалғыз қалуына әсер етеді, психикалық дамуын баяулатады.

**4.9. Жағдаят:** анасы баласын қоректендіргенде, алдымен ас салынған қасықты көзінің деңгейіне әкеледі, яғни бала қасыққа қарап ол рефлекторлы түрде аузын ашады, сосын оны асықпай тамақтандырады.

Баланы бұлай тамақтандыру немен байланысты?

**Шешім:** анасы дұрыс істеді. Бала алдымен жағдайға үйреніп, сосын барып әрекет етуі керек.

**4.10. Сұрақ:** «жандану комплексі» дегеніміз не? Бала дамуының осы этапындағы ересектің рөлі қандай?

**Жауап:** «жандану комплексі»- бұл баланың ересектерге бағытталған ерекше эмоционалды қозғалыс реакциясы. Бала ересектерге көз тоқтатады, оған жымыяды, жанды түрде қолдарымен және аяқтарымен қозғалады, ақырын дыбыс шығарады. «Жандану комплексінің» пайда болуы бала дамуының жаңа кезеңі- нәрестелік шаққа өтуін білдіреді. «Жандану комплексі» баланың сөйлеуінің, эмоциясының, қозғалысының және осылардың негізінде- психикалық дамуы үшін маңызды.

**4.11. Тапсырма:** жандану комплексі анасының бетіне көз тоқтату реакциясының нәтижесінде пайда болады.

- дыбыс шығару мен қозғалыспен түсіндірілетін эмоционалды- жағымды реакция;
- Қозғалыс координациясының тууы;
- Мінез-құлықтың бірінші актісі, үлкендерді бөлу актісі;
- Сыни кезеңінің негізгі жаңа құрылымы;
- Нәрестелік шақтың басталуы;
- Есту және көрудің пайда болуы;
- «Біз әлеуметтік жағдай» (Л.С.Выготский бойынша), ол бала мен ересек адамның бөлінбес бірлігі деп қарастырылады.



**4.12. Жағдаят:** жас сәби өмірінің алғашқы күндерінен-ақ жымияды, бірақ ол күлкі белгілі бағытты емес, көбінесе ұйықтап жатқанда болады, оны «физиологиялық» деп атайды. Балада алғашқы екі айдың соңында «Жандану комплексі» пайда болады, яғни анасына күлкісін сыйлайды. Егер «тану» күлкісі кешіксе, оны шақыру керек болады. Анасы баласына қарап жиі жымып, сөйлесіп, оның эмоциясын дамытуы керек. Баланың эмоционалдық дамуы психикалық процестің қайсысына әсер етеді?

**Шешім:** эмоционалды даму ақыл-ой дамуымен тығыз байланысты. Әдетте, бала 3 айда өзінің қуанғанын көрсетеді, ал 4 айда қатты күледі. Мимиканың мәнері пайда болады: қуану, ренжу, тандану. 6 айда қозғалыспен қарым-қатынас жасау туындайды. Ана эмоциясы- баланың эмоциялық және ақыл-ой дамуының кепілі

**4.13. Жағдаят:** көптеген ата-аналарды алаңдатанын жағдай: олардың баласы ести ме, жоқ па? Олардың қорқулары заңдылық па? Егер бала естімесе, сөзді қалыптастыруға бола ма?

**Шешім:** ата-аналардың аландауы заңдылық: естуі дамымаса, бала сөйлеуді үйренбейді, ол өзінің де, өзгенің де даусын естімейді. Есту болмаған жағдайда сөз басқа анализаторлық жүйелердің негізінде қалыптасуы мүмкін, мысалы: тактильді, қозғалыс негізінде қалыптастырады.

## 5. 1 ЖАСТАН - 3 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ

1 жастан - 3 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуде төмендегідей бағыттарды білуі керек: тік жүру және оның бала дамуындағы рөлі; көру қызметінің ортақ нәтижесі ретінде бұлшықет сезімі, сонымен қатар, кинестезия мен сезу; кеңістікке бейімделу; қарулы әрекеттері, тіл дамуының сензитивтілігі; ішкі және сыртқы нысаналық әрекеттері; көрнекі-ықпалды ойлауы; Сананың таңбалы қызметі; сөз – мінез-құлықты реттеуші; бала мен ересектің біріккен іс-әрекеті – бала даму үшін басты жағдай; 3 жақтағы дағдарыс; сана-сезім және оның ерте жастық шақта көрінуі.

Қарастырылған кезеңде бала өз өмірінде болып жатқан тік жүру, заттың іс-әрекеттерін және тілді меңгеру сияқты өзгерітерімен қатар психикалық дамуында да үлкен орын алатынын естен шығармауымыз керек. Бұл жаста заттар әлеміне жаңа қатынастың дамуы орын алады. Олар бала үшін айла-амал үшін ыңғайлы объект болып қана қоймай нақты тағайындалған және белгілі қолдану тәсілі бар зат болады. Ересек адамның баламен байланыста болу және қарулы әрекеттерді қолдануы, қоршаған заттарға ықпал жасау, оларды өзгертуді дамытады. Бұл әрекеттер жаңа іс-әрекеттерді: ойын және заттық (сурет салу, жабыстыру, құрас-тыру) меңгеруге шарт қояды.

Ойын және заттық әрекеттерді пайдаланғанда жинақталған әсерден балада белсенді сөйлеудің дамуы қалыптасады. Едәуір нәтижелі белсенді сөйлеу балада ересектермен бірлескен іс-әрекет негізінде қалыптасады, ересек адам баланың сөйлеу қажеттілігін, тілегін, ойын, сезімдерін анық көрсете білуін дамытуы керек.

Қолайлы жағдайларда балада бұл жаста жүйелі түрде белсенді сөйлеудің дамуы, автономды сөйлеуден жүйелі сөйлеуге ауысады. Тілді сезіну оянады. Ойын және заттық іс-әрекетте белсенді сөйлеудің қалыптасуы баланың барлық психикалық дамуының негізі болып табылады.

Ерте жастық шақтағы балалармен айналысатын ересектер 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың психикалық дамуын зерт-

теп және оны түсіне білуі керек; баланың дұрыс дамуына жағдай жасап, 3 жастағы дағдарыстың шешілуіне, бала мен қоршаған орта арасында сарапшы болып, өзіндік педагогикалық мәдениетті жоғарылату керек.

**5.1. Сұрақ:** сәбилік кезеңде бала дамуының басты ерекшеліктері қандай?

**Жауап:** сәбилік кезеңде бала үшін мына ерекшеліктер тән: денесінің өсуі және психикалық дамуы, индивидуальды даму шапшандығы, қатты ренжу, үйренуге деген құштарлық.

Бала денесінің өсуі және психикалық даму бір-бірімен тығыз байланысты. Бала денесінің дамуындағы кез-келген ауытқу психикалық дамудың бұзылуына алып келеді. Баланы тәрбиелеуде ерекше талаптар қойылады. Бала ағзасымен мүшелерінің жүйеленуі әртүрлі жылдамдықпен дамиды және бір-бірімен тығыз байланыста болады. Баланың жүйке жүйесі өте иілгіш, сондықтан шартты байланыс оңай пайда болады, ми белсенді дамығандықтан үйренуге қабілетті болады.

**5.2. Сұрақ:** сәбилік кезеңде баланың психикалық дамуының басты факторы қандай?

**Жауап:** сәбилік кезеңде баланың психикалық дамуының басты факторлары бұлар тік жүруді, заттық әрекеттерді және сөйлеуді меңгеру.

**5.3. Сұрақ:** баланың психикалық дамуының тік жүруді меңгеру факторының мағынасы қандай?

**Жауап:** тік жүруге қабілеттілік сыртқы ортамен еркін және дербес қарым-қатынасқа түсуге, қалаған мақсатқа жетуге, кеңістікке бағдарлануға қабілетін дамытады. Жүру процесі кезінде бала эмоционалды қайғыны бастан кешеді, өзінің тәнін басқару сезімі қалыптасады.

**5.4. Сұрақ:** Санжар 1 жаста. Ол анасының қолын ұстау арқылы қозғалады, дербес жүруден бас тартады. Өз баласының бірінші қадамымен байланысты қорқынышты жеңу үшін (күште-ну, тепе-теңдікті жоғалту, құлау) ата-аналар не істеу керек?

**Шешім:** ата-аналар баланың дұрыс қозғалмаған уақытында оның құлаған уақытында наразылық көрсетпеуі керек. Әйтпесе, балада құлау қорқынышы пайда болады және де ол ұзақ уақыт бойы жүруге талпынбайды.

**5.5. Сұрақ:** баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасқа дербес түсуін дамыту үшін ата-ана не істеу керек?

**Жауап:** баланың қоршаған ортамен дербес қарым-қатынасқа түсуі жүруді, заттық әрекеттерді және сөйлеуді меңгергенде дамиды.

Ата-аналар баласына белсенді іс-әрекетін қолданатын шарттар қою керек оны бірге орындау міндетті, біртіндеп балаға көп дербестік береді. Бұнда оларға әртүрлі ойыншықтар: пирамидалар, матрешкалар әртүрлі мөлшердегі қосымша қағаздар, түсті жиынтықтар (формалар) әртүрлі материалдан жасалынған формалар, сонымен қатар қуыршақтар, машиналар, құрылыс материаланың жиынтықтары және т.б.

**5.6. Жағдаят:** кішкентай қыз Н. (1 жас 8 ай) қуыршақтармен өзінше ойнайды - үнемі оларды шешіндіруге тырысады, бірақ ешқашан киіндірмейді. Н. дамудың қандай процесінде?

**Жауабы:** Нағима балалар өзінің тәнінің басқа тәннен айырмашылығын және ұқсастығын түсінетін уақыттағы дамудың жыныстық кезеңінде. Қуыршақ балаларға ұқсас, ал Нағима қуыршақтың қалай құрастырылғанын түсіну үшін оны шешіндіреді. Ал киіндірмеуінің себебі, бұл үшін ол әлі қиын, кешірек киіндіруді де үйренеді.

**5.7. Жағдаят:** жас ана: «Мен баламды кішкентай кезінен бастап тәртіпке үйретуге тырыстым. Бірақ кейде серуенге шықпас бұрын ойыншықтарды жинау талабыма, 1,5 жастағы балам үлкен қарсылық білдіреді. Мен айытқанымды орындатпай қоймаймын, бірақ бәрі жылаумен аяқталады. Мүмкін, кейде көну керек шығар?»

**Шешім:** анаға тәртіпсіздік болып көрінетін, әрқашан тәртіпсіздік болмайды, мүмкін бұл жай қандай да бір ойын кезі шығар. Икемділік таныту қажет-ананың түсінігіндегі тәртіпсіздікке серуендеп келгеннен кейін бала жоюға көшеді. Осы үшін

оны соншалықты жылатуға болмайды. Бұл жағдайда ымыраға келу пайдалырақ. Бірақ, егер бала тазалауға қатысса, оны қолдап, оның ынтасы мен еңбегі үшін мадақтау керек. Ал анаға баланың белсенділігін басқаруды үйрену керек.

**5.8. Жағдаят:** бала алдына ойыншықтарды итергенді және тартқанды жақсы көреді. Ересек адам оған қалай көмектесе алады.

**Шешім:** ересек адам ойыншықтарды көрсету арқылы балаға итеру мен тартуды үйретеді. Бала ойыншықтарды әртүрлі қозғалтуға тырысып, әртүрлі жаққа бірнеше қадам жасауға тырысады. Бұл оған алға, артқа жанынан жүруде тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Балаға ұнайтын ойыншықтарға жіптер байлап қойыңыз.

**5.9. Жағдаят:** біртіндеп бала заттарға кейбір әрекеттерді орындау арқылы жетуге болатынын түсінеді.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін ересек адам қандай жағдайлар жасауы мүмкін.

**Шешім:** ересек адам мынандай жағдайларды орындауына болады.

А) бала ойнауы тиіс үстелге допты дөңгелетіп лақтыру;

Б) бала алуы керек ойыншықты жастықтың астына қою;

В) тығылыспақ ойнау (бала ересек адамды таба алады ма?)

Г) серуендеу кезінде бағытты және алаңдағы, соқпақ жол және т.б. қозғалыстың жылдамдығын өзгерту керек;

Міндетті түрде баланың іс-әрекетінің нәтижелеріне қуанып, мақұлдай білу қажет.

**5.10. Жағдаят:** бала өз аяғына өзі тұра алады және де өзі қозғалуға тырысады.

Ересек адам қалай көмектесуі мүмкін?

**Шешім:** ересек балаға ұсына алады:

А) тұрақты арбаны ұстау, оны итеру;

Б) балаға ұстауға қажет зат (ағаш, шеңбер) беру;

В) балаға 2 қадам жақын тұрып, оған кол созу арқылы ересек адамға қарай жүруге ниеттендіру;

**5.11. Жағдаят:** алғашында балалар үшін денені тепе-теңдікте сақтап қалу қиын болады. Бірақ олар өздеріне сенімді бала бастағаннан кейін, өздеріне қиын тапсырмалар іздей бастайды: Жоғары қарай көтерілу бір аяқта тең ұстау қозғалмалы сүйеніште ағашаяқтарда, (қолына бір нәрселерді ұстау) тепе-теңдікті сақтауға тырысуда қолына бірнәрселерді ұстау және т.б.

Бұл не? Ойын-ермек пе, әлде қажетті іс пе?

Ата-аналар «қауіпті» ойындардан қорқу керек пе?

**Шешім:** сөзсіз, тек қана ермек үшін арналмаған ойындар бар, олар баланың денесін өсіріп, эмоционалды және интеллектуалды түрде дамытады, сонымен қатар балаға қоршаған ортаға үйреніп кетуге көмектеседі.

Ата-аналардың «қауіпті» (ойындар туралы қорқынышты балаларға берілуі мүмкін. Сондықтан, ата-аналар бұл тапсырмаларды орындауға тиым салмау керек, керісінше оларды түсінуге көмектесу керек.

Бала тепе-теңдікті сақтау арқылы өзін қаншалықты сенімді сезінетінін оңай білуге болады- ол аяқ астына қарамайды.

**5.12. Сұрақ:** баланың заттарға еркін манипуляция жасаудың заттық іс-әректе ауысу процесі немен байланысты.

**Жауабы:** ерте жастық шаққа тән бұл ауысу заттарға жаңа қатынас жасаумен байланысты. Ол балалар үшін манипуляция жасау үшін қолайлы объект ретінде емес, нақты тағайындалған және нақты қолдану тәсілі бар зат. Бұл процесте үлкен рөлді ересек адам атқарады. Ол зат туралы ақпарат береді және затты қалай қолдану керектігін көрсетеді.

**5.13. Жағдаят:** Санжар (1 жас 1 ай) әртүрлі ойыншықтармен ойнау барысында бірдей әрекет жасайды: тоқылдатады, жерге лақтырады, сүйрейді, оларды қысады және т.б., ал Малика (2 жас 1 ай) сол ойыншықтармен ойнағанда басқаша әрекет жасайды: қуыршақты шайқайды, машинаны жүргізеді, қаламмен сызады және т.б.

Санжар мен Маликаның ойыншықтармен іс-әрекеті қалай аталады?

Олардың айырмашылығы неде?

Сәбилік кезеңде заттық әрекеттерді меңгеру жүйелігі қандай?

**Жауап:** Санжардың әрекеті манипуляция деп аталады, яғни балалардың тағайындалған орнына қарамастан заттардың тек қана сыртын қолдануы.

Ал, Маликада заттарды тағайындалған орнына байланысты заттарды қолдану, заттық әрекеті байқалады. Бұл әрекеттерді балалар тек ересек адамның басқаруымен байланыстырып, оларға ұқсағысы келіп меңгереді.

Екі жаста бала заттардың тағайындалған орны туралы ақпаратты меңгереді, қоршаған заттарды дәлме-дәл және сәйкес қабылдайды: заттарды дәлме-дәл тағайындалған орнымен қолданады. Қуыршақты шайқайды, таракпен таранады, кеседен ішеді және т.б.

Үш жаста заттық іс-әрекетпен байланыс еркін, жанама түрде, бала заттың не үшін қажеттілігін біледі, бірақ оны басқалайда қолдануы мүмкін және т.б. Мұндай әрекеттер ойынның пайда болуына бастама болып табылады.

## 6. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Мектепке дейінгі баланың дамуы айналасындағы ортамен қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Мысалы: (ойында, кимыл іс-әрекетте т.б.). Мектепке дейінгі баланың дамуы оның психологиясының дамуына да әсер етеді. Баланың қоршаған ортамен қатынасында, ойын, оқу, еңбек әрекеттерінде үлкендермен психолог маңызды рөл атқарады. Ересек адамдар мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына және келесі тақырыптарда бағытталған: мектепке дейінгілердің әлеуметтік жағдайы, құрылымдық компоненті, сюжеттік рөлдік ойындар, балалардың ойында рөлдік және шынайы өзара қарым-қатынастары өнімді іс-әрекеттің түрлері, іс-әрекеті бейнелік-схемалық бейнелік ойнауы, еңбектегі іс-әрекеті танымдық қызығушылықтары логикалық ойласуы тілдік іс-әрекеті мектепке дейінгі танымдық процестер эмоциясы еріктік процесс, өзіндік бағалауы және өзін-өзі тануы.

Балалардың мектепке дейінгі кезеңде ойлауы қалыпты жағдай. Өйткені ол өзіне таныс функцияға ие. Ойын кезінде балалар ересек адамдарға еліктейді, заттардың сапалығын анықтап, олармен қолдануды үйренеді және белгілі бір рөлі оған өзінің мінез-құлқын басқаруды және өзінің құрдастарымен ұжымдық сапаны түсінуге көмегін тигізеді. Ойында баланың өзін-өзі тануы орындалады. Оған бұл әлеуметтік қарым-қатынастың мектебі, соның ішіндегі мектепке дейінгі балалар мінез-құлқы үлгіленеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың психикасының деңгейін дамуын ересектер міндетті түрде ескеруі тиіс. Баланың көзқарасына басқа да, іс-әрекетте баламен қарым-қатынас жасау мектепке дейінгі балада дамуында барынша қолайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі кезеңде балалардың өзіндік беделін дамытып, бағыттап отыру.

**6.1. Жағдаят:** қоршаған адамдар арасында мектеп жасына дейінгі (3-7 жас) баланың иеленетін орны балаға тән ерекшеліктерін өзгеше. Мектепке дейінгі баланың жекеленген әлеум-

меттік дамуын айта отырып жекелеген бақылауына әдеби кітаптардан мысал келтіру.

**Шешім:** мектепке дейінгі балаларда баланың әлеуметтік сапалық дамуындағы өзгерісі айқындалады.

1. Өзіндік «Меннің» жете түсіну;
2. Өзіндік мінез-құлқын жете түсіну;
3. Үлкендердің көзқарастарымен әлемге көзқарас.

Бұл өзгерістер айтарлықтай мектепке дейінгі балалардың сюжеттік-рөлдік ойындардан көрінеді. Мектепке дейінгі балалар бір жағынан үлкендермен байланыста, оқуындағы жағдайы элементарный міндеттері. Ал екінші бір жағынан алып қарасақ балалардың қоғамға деген көзқарасын білдіреді. Үлкендер балалардың жетістігін көтермелеп отыру керек.

**6.2. Жағдаят:** әрбір көрсетілген жағдайлар мектепке дейінгі балалардың негізінен жекелеген ішкі көзқарастары көрсетілген.

1. «Балабақшаның жоғарғы топтары гараж ойынын ойнады. Санжар және Акежан бастық болғысы келді. Конфликт туындады. Тәрбиеші көмекке келді: біздің гаражда алуан түрлі машиналар өте көп тек бір ғана бастық олармен жұмыс істеу өте қиын. Гаражда инженер, механик, слесар, жүргізуші болу керек. Акежан инженер болуға келісті, ал Санжар бастық, олармен бірге басқа да балалар болды. Өздерінің бөлінген рөлдерімен өте қызықты достық қырым-қатынаста ойнады.

2. Анасы ыдыс-аяқ жуып жатыр. Мария (4 жаста) жанында бақылап тұр, одан кейін анасына «мен дәл» осылай ыдыс-аяқты жуа аламын. Рұқсат берші маған.

3. Нағима (5 жаста) үнемі үй бөлмесіндегі өсіп келе жатқан гүлді жулады. Анасы осы туралы тәрбиешіге айтты: Тәрбиеші балаларға назар салды: «Кім үйінде өсіп келе жатқан өсімдіктерге қарайды әдемі гүл ұрықтарының нәтижесін көреді». Балалар тұс-тұстан гүл ұрықтарын сұрай бастады. Ал Нағима басын төмен түсіріп үндемеді. Анасы кешке келгенде қызымен әңгімелесуді ұйғарды. Анашым менің гүлдерді құлғанымды айтпашы. Мен енді бұлай істемеймін деді.

4. Бала-бақшаның жоғарғы топ тәрбиешісі балалардың анасына біреуінің жұмысы туралы айтып беруін өтінді. Анасы белгіленген уақыт бойынша киініп барды. Өзінің ұжымында түскен суреттерін алып келді, өзінің жұмыс орны туралы айтты. Балалар оның әңгімесін қызықтап тыңдады білгірлікпен суреттерін қарады, тұс-тұстан сұрақтар қойды.

Мектепке дейінгі балалардың мінез-құлқында қандай мотив түрлері болады?

Баланың тұлғалық дамуындағы құрбы-құрдастарының, үлкендердің қарым-қатынасының ықпалы қандай?

**Шешім:** мектепке дейінгі мінез-құлқында көптеген түрлі түрткі мысалдар көп:

1. Тәрбиеші ойында қалыпты қарым-қатынас жағдайын орнатты. Балалар өздерінің іс-әрекеттері туралы әңгімелесті ойының негізгі түйіндесесі айтылды.

2. Баланың өзіне деген мінез-құлқындағы «Менің» жете түсіну.

3. Көптеген көрсетілген мысалдардан өздерінің мінез-құлқын көруге болады.

4. Баланың мінез-құлқындағы мотивтерін әлемге деген үлкендерше қызық көзқарастарын көріне білу.

**6.3. Сұрақ:** мектепке дейінгі баланың психикасының дамуындағы іс-әрекеттің қандай түрлері көрсетіледі.

**Жауап:** мектепке дейінгі баланың психикалық дамуын ойындық іс-әрекеттің өнімдік түрлері болды. Оқуға деген және көптеген іс-әрекеттерде қиындықтар кездеседі, ойындық іс-әрекеттің рөлдік түрлері пайда болады.

**6.4. Жағдаят:** мектепке дейінгі кезеңде баланың ойыны рөлдік ойын түрлері әртүрлі үлкен топтағы балалар ойында дәл солай сюжеттік әртүрлі мазмұнда ойнайды. Үлкен мектеп жасына дейінгі балаалрда сюжеттік-рөлдік ойындардың негізгі мазмұнының құрылуы мектеп жасына дейінгі жастағыларда қандай болады?

Оларға жауап беруге болады дұрысын таңдаңыз?

- А) заттың іс-әрекеттің сонымен қатар оның қасиетін ұғынады;
- Б) заңды ережені бағындырады;
- В) адамдар арасындағы қарым-қатынасты қабылдау;
- Г) балалардың артық күштерін шығару;
- Д) қанағаттану;

**Шешім:** мектепке дейінгі жастағы үлкен балаларда сюжеттік-рөлдік ойындар негізінен мазмұндық болады, ережені бағындырады, өзіне белгіленген рөлді жақсы алып шығады, адамдар арасындағы қарым-қатынасты елестету (пункт «б» және «в»).

**6.5. Жағдаят:** балалар «аяғыңды сулап алма» ойының ойнады. Өзенге бару керек болды, арнайы тактайшамен еңбектеу, бір беттен келесі бетке секіру. Барлық балаларда бірдей жақсы орындалған жоқ әсіресе Даниал. Ол әрқашанда соңында болды, және нәтиже оны ренжітті. Тәрбиеші бұны егер өте қатты қаласа үйренуге болатынын ескертті. Даниал үйінде әкесіне жақсылап секіруді үйретуін өтінді.

Тәрбиешінің іс-әрекетін талдау?

**Шешім:** тәрбиеші балалардың өзіндік дамуын ұғындырып өзінің мүмкіндіктерінің толық дамуына көмек берді.

**6.6. Жағдаят:** баланың өмірінде ойыншықтар өте маңызды рөл атқарады. Олар көп және аз болуы мүмкін. Олардың ішінде ең жақсы көретіні және маңыздырақ емесі де бар.

Балалардың дамуына ойыншықтардың маңызы бар ма?

**Шешім:** балалардың ойыншықтарының ең сүйіктісі және өте жақсы ұнайтын ойыншығын көрсету.

Балалардан өздерінің ойыншықтары туралы сұраңыз сұрақтарға жауап беріңіз:

- \* Ойыншы несімен ұнайды және кім сыйлады?
- \* Ойыншық не деп аталады.
- \* Онымен қалай ойнауға болады?
- \* Қай уақытта ең жақсы көретін ойыншығымен ойнайсың?

Ұнамайтын ойыншығы туралы одан әрі әңгімелесеңіз:

- \* Неге бұл ойыншық ұнамайды?
- \* Бұл бұндай болмау керек еді?
- \* Ойыншық ұнау үшін нені ауыстыру қажет еді?

Одан кейін баладан жақсы көретін ойыншығының суретін салдырып және онымен не байланыстылығын салдыру.

**6.11. Жағдаят:** анасы қызымен бірге ойнауға тырысты, жүргізуші рөлінің іс-әрекеттің соңғы нәтижесіне дейін орындау.

Анасында қандай жекеленген психикалық дамулар байқалады?

**Шешім:** анасы жетекшінің белсенді рөлінің әсерінен қыздың мені өзгереді деп шешті. Егер рөл жеткілікті түрде ұзақ орындалса онда тұлға бойындағы өзгеріс басқаша болады.

## 7. БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Бала 6 жасқа қарай өзін әлеуметтік тұрғыда қалыптасқан тұлға ретінде көрсете бастайды: ол өзінің жынысын, өзінің адамдар арасында қандай орын иеленетіндігіне және қандай орын иелене алатындығына есеп бере алады, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасай біледі. Оның рефлексиясы дамыған, «мен орындай аламын» мотиві күннен-күнге айқынырақ көріне бастайды.

Мектепке дейінгі баланың психикалық даму көрсеткішінің бірі оның мектепке оқуға дайындығы болып табылады. Әрбір алты жасар баланың тұлғалық белгілері, мінез-құлық мотивтері және өмірлік позициясы айқын көрінеді. Бұл жастағы балалардың танымдық мүмкіндіктері олар мектепте жүйелі оқуды бастай алады. 6 жасар баланың зейіні, есте сақтауы, қиялы жақсы дамыған. Ол өз зейінін оңай ауыстыра алады, өзіне ерекше әсер берген нәрсені есіне сақтайды, қиялы алған әсеріне байланысты дамиды. Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеуі де жеткілікті дамыған. Ол өзі қатысқан ойынның мазмұнын түсіндіріп бере алады, сурет бойынша әңгіме құрастырады, көлемі шағын өлеңдерді жатқа мәнерлеп айта алады. Оның ойлауы бейнелік сипатта болады, бірақ ол назарын аударған жағдайды түсіне алады. 6 жасар балалардың барлық психикалық үрдістері біртіндеп басқарылатын бола бастайды. Әсіресе бұл арнайы ұйымдастырылған жағдайда тиімді байқалады. Бұл жастағы балалардың мектепке оқуға интеллектуалдық дайындығы олардың танымдық үрдістерінің дамығандығымен, жүйеде меңгерілген қажетті білім көлемінен анықталады.

Эмоционалды-еріктік дайындығы жаңа әрекет мазмұнына жағымды қатынас орнатуында, қиындықты жеңуге тырысуында, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жетуінде, өзінің жұмыс орнын ұйымдастыра білуінде және оны таза әрі тәртіпті ұстауында, жаңа адамдармен (ересектермен және құрдастарымен) байланыс жасауында және т.с.с. байқалады.

Ересек адам мектеп жасына дейінгі баланың танымдық, эмоционалды-еріктік, психикалық үрдістерінің ерекшеліктерін,

іс-әрекетімен, мінез-құлық мотивациясының ерекшеліктерін білуі тиіс, мектептің талаптарын білу керек және «бала-мұғалім», «бала-сыныптастар», «бала-ата-ана» арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін түсінуі керек.

Баланы мектепке оқуға дайындау үшін:

- оқуға дайындығымен қызығушылығын қалыптастыру;
- бала өмірін және іс-әрекетін мектепке оқуға байланысты ұйымдастыру;
- әр түрлі іс-әрекеттерді балалармен бірлесіп орындау;
- 6-7 жасар балалардың психикалық дамуын қадағалау;
- ата-аналармен психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізу.

Мектепке оқуға психологиялық дайындық – бұл баланың өзімен қатарлас құрдастарының ортасында оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті және жеткілікті деңгейде психологиялық дамуы.

**7.1. Сұрақ:** 5-7 жасқа қарай тұлға дамуының қандай құндылықты қажеттіліктері қалыптасады ?

**Жауап:** 5-7 жаста өзінің индивидуалдық ерекшелігінде мынадай құнды қажеттіліктер қалыптасады әрі сақталады:

- \* қоғамдық мәнді іс-әрекетпен айналысу;
- \* құрдастарымен қарым-қатынаста;
- \* іс-әрекет нәтижесіне қол жеткізуде;
- \* өзіне қоршаған орта қатынасы арқылы және орындалған жұмыс сапасы арқылы өзін өзі нығайту.

Баланың мектепке оқуға дайындығы алдағы дамудың барлық кезеңдерінде оның бейімделуіне мектеп өмірінің тәртібіне кіруіне оқудағы жетістіктеріне, психологиялық өзін-өзі сенуіне байланысты.

Ата-аналар, сөзсіз, жүйелі оқытуға көбінде азғаның дайындығы әсер ететін өз баласының мектептік жетістік-теріне қызығушылық танытады.

Егер бала әлсіз болса, онда оған партада тұзу отырысты сақтай алмайды, тез жалығып, жұмыс істеу қиын болады. Хат тану үшін бұлшық еттің ұсақ бөлшектерінің дамуы маңызды. Сонымен қатар баланың ірі бұлшық ет топтарыда негізгі қозғалу

дағдылары да дамыған болуы керек. Бұл оған әртүрлі ойындарға және жарыстарға қатыса отырып өз тәнін басқаруға көмектеседі.

Мектепке бала ағзасының өсу дайындығынан басқа, жаңа тіршілік жағдайына жалпы психологиялық дайындық қажет. Психологиялық дайындықтың құрамдас компоненттері тұлғалық, ақыл-ой және эмоционалды-еріктік болып табылады.

**7.2. Сұрақ:** Мектепке оқуға баланың ақыл-ой дайындығы деген не ?

**Жауап:** Мектепке оқуға баланың ақыл-ой дайындығы:

- \* жаңаны білуді қалау;
- \* жұмыс орнын ұйымдастыра және оны ретті ұстай алу;
- \* қиындықты жеңу қабілеті;
- \* өз іс-әрекетінің нәтижесіне қол жеткізу қабілеті;
- \* жаңа адамдармен байланыс жасай алуы;
- \* элементарлы оқу дағдыларының қалыптасқандығы;
- \* психикалық үрдістерінің дамығандығы;
- \* сенсорлық сфераның, сөйлеудің, ойлаудың дамуы;
- \* жүйеде меңгерілген білімі.

**7.3. Сұрақ:** Мектепте оқуға баланың дайындығын сіз қалай елестетесіз ?

Мектепте оқуға бала дайындығының негізгі компоненттерін сызбалы кесте түрінде анықтаңыз.

**Жауап:**

### Баланың мектепке оқуға дайындығы.

Негізгі компоненттер				
Психологиялық				
Арнайы	Тұлғалық және арнайы-психологиялық	Интеллектуалдық (ақыл- ой)	Эмоционалды еріктік	Физикалық
Оқи, жаза, санай білуі.	Оқушы позициясын қабылдау катынас – мектепке; – оқу іс-әрекеті; – мұғалімге; – өзіне;	Баланың қоршаған ортаға бағдарлануы, жүйеде меңгерген білімі.	Оқуды күту қуанышы. Жоғары сезімдері мен эмоцияларының дамуы. Қабілеті: – мотивтерін бағындыру; – өз мінез-құлқын басқару.	Денсаулық күйі, физикалық даму қалпы.
	Қарым-қатынас жасай алуы; – ересектермен; – құрдастарымен; – балалар ұжымына енуі.	Жаңаны білуге ұмтылу.	Жұмыс орнын ұйымдастыра және оны тәртіпте ұстай білу.	Талдау жүйелерінің дамуы.
		Білімге құштарлығы.	Іс-әрекет мақсатына жағымды катынас, оларды қабылдау.	Бұлшық еттің ұсақ топтарының дамуы.
		Бейнелі түсініктерінің дамуы.	Қиындықты жеңуге тырысу.	Негізгі қозғалыстық (жүгіру, секіру) дамуы.
		Сенсорлық дамуы.	Өз іс-әрекетінің нәтижесіне қол жеткізуге тырысу.	
		Ойлау мен сөйлеудің дамуы.		

Балалардың мектепке оқуға негативтілігі:

- \* мұғалімнің, оқушының ерекше рөлін түсінуге қабілетсіздігі;
- \* оқу міндеттерін түсінбеуде;
- \* ересектермен құрдастарымен бәсекелесе алмауда;
- \* өзіне адекватты емес қатынаста.

Бала ересектермен, құрдастарымен және өзімен қарым-қатынас сферасында қиыншылықты сезінеді.



Мектепке баланың тұлғалық және әлеуметтік психологиялық дайындығы-оның жаңа әлеуметтік позицияны-оқушы жағдайын қабылдауға дайындығының қалыптасуында көрінеді. Оқушы позициясы мектеп жасына дейінгімен салыстырғанда қоғамда өзгеше олу үшін жаңа ережелері бар жағдайды иеленуді міндеттейді.

Бұл тұлғалық дайындық баланың белгілі бір қатынасында анықталады: а) мектепке; б) мұғалімге және оқу іс-әрекетіне; в) құрдастарына; г) туғандарына және жақындарына; д) өз-өзіне.

А: Мектепке қатынасы. Мектеп тәртіп-ережесін сақтау, сабаққа өз уақытында келу, мектепке және үйде оқу міндеттерін орындау.

Б: Мұғалімге және оқу іс-әрекетіне қатынасы. Сабақ ситуациясын, мұғалім әрекетінің шынайы мағынасын, оның кәсіби рөлін дұрыс қабылдау. Сабақ ситуациясында өзге тақырыпта (сұрақ) айтуға болмайтын және алдын ала қол көтермей өзінше сұрақ қоюға болмайтын кезде тікелей эмоционалдық байланыстар ескертілген. Бұл жоспарда мектепке оқуға дайын балалар өздерін сабақта адекватты алып жүреді.

**7.4. Жағдаят:** 1 сынып оқушысы П. қанағаттанарлықсыз баға алып, сұрайды: «Қалайша, мен тырыстым ғой, жақсы оқыдым, бірақ баға нашар?» П. реніш сезімі туындайды, яғни мұғалім оған әділетсіздік жасағандай.

Неге мұндай ситуациялар туындайды?

**Шешім.** Мұндай ситуациялар мұғалім бағана тапсырманы орындауға кеткен күшке емес, іс-әрекет нәтижесіне қоятындығын түсіндірмеген жағдайда туындайды. Дәл осындай мұғалім мен оқушы арасында болуы мүмкін дау-дамайдың себебі жатыр.

**7.5. Жағдаят:** оқушылардың мектепке қатынасын анықтау бойынша зерттеу жүргізілді. Алғашқы кезең мектепке түсуге дейін 2 апта бұрын жүргізілсе, екіншісі-оқудың 2 айынан кейін. Нәтижелер көрсеткендей, оқушылардың мектепке қатынасы мұғалімнің жағымсыз қарым-қатынас стилінен нашарлап кеткен.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша қандай қорытынды жасауға болады ?

**Шешім:** балалардың мектепке қатынасының өзгеруі тек мектептік өмір мен оқудың қиындығынан ғана емес, мұғалімдердің оқушылармен қарым-қатынас ерекшеліктерінен де байланысты. В.Құрдастарына қатынасы. Құрдастарымен қарым-қатынасқа қажетті тұлғалық сапалардың қалыптасу деңгейі көбіне мыналарға байланысты:

а) Балалар бақшасындағы топтың эмоционалдық климатына;

б) Баланың құрдастарымен және ересектермен құрылған өзара қарым-қатынас сипатына.

**7.6. Тапсырма:** Баланы құрдастар ұжымында ауыстыру кезінде туындайтын қайшылықтарды талдаңыз. Мысалдар келтіріңіз.

**Шешім:** Бала өз құрдастарының ұжымында бар құндылықтар негізінде нығаяды. Баланың басқа ұжымға, мысалы бала бақшадан мектепке өтуде ол мектеп ұжымына тән құндылықтар негізінде, сәйкесінше расталады.

**7.7. Жағдаят:** 1-сынып оқушысы К. кері жүретін бала. Оқу материалының күрделілігімен мұғалім К. үлгерімінің төмендігіне, мінез-құлық ережесін бұзғанына реніш білдіре бастады және ақырында К. құрдастарымен қарым-қатынасында қиыншылық көріне бастады.

Мұндай жағдай немен байланысты болуы мүмкін ?

**Шешім.** бұл К. мектепке дейінгі кезеңде біржақты дамығандығымен байланысты. Баланың эмоционалды-еріктік сферасы дамымағын, кемелденбеген. К. өз қалауларын, өз мінез-құлқын басқаруды үйренбеген.

Мұндай жағдайда К. мүмкіндігінше пайдалы балалар ойынына, әсіресе спорттық ойындарға қосу керек. Ата-аналар іс-әрекеттің мектепке дейінгі түрлерін (ойындар, сурет салу, құрастыру және т.б.) қарқынды түрде дамытулары керек.

**7.8. Жағдаят:** С.(6 жас) отбасында көп жылдар бойы күткен бала. Ата-анасы оны әрдайым мақтайды, оның барлық тілегін және еркелігін орындайды. С. жоғары өзін-өзі бағалауды дәлелдейтін басқаларға өз әмірін жүргізу сезімі қалыптасқан.

Сыныпта С. қатынасы қандай болуы мүмкін, болжам жасаңыздар.

**Шешім:** сыныпта С. әдеттен тыс талаптармен міндеттермен, оның іс-әрекетін объективті бағалаумен қатығысуы мүмкін. С. мұғалім ерекше зейінмен махаббатпен емес, бәріне қарағандай бірдей қатынас жасайды. Келе-келе мұның бәрі кикілжіңді қатынастың туындауына соқтыруы мүмкін.

Жақындарына және туыстарына қатынасы. Бала отбасында «жеке» кеңестік иелене отырып, туғандарының, ағаларының, әпкелерінің оның жаңа оқушы рөліне деген едәуір мәнді құрметтеуші қатынасын сезінуі керек.

**7.9. Жағдаят:** Б.(6 жас) кикілжіңді отбасында өскен. Ата-анасы әрдайым өз мәселелерімен бастары қатып, балаларына аз назар салған. Ол эмоционалды жылылықтың жеткіліксіздігін анық сезінді. Анасының мазасыз, тынымсыз жүзіне әрқашан қарай отырып Б. ойлады. «Не жамандық жасадым, неге ол маған ашуланады?».

Б. мектепке оқуына отбасылық атмосфера қалай әсер етуі мүмкін ?

**Шешім:** Б. анасының нашар көңіл-күйінің себебі өзінде емес екенін түсінбейді. Мектепке мұндай оқушы өзіне әділетсіз қатынасты алдын ала күте отырып, өзі туралы мұғалімнің пікіріне сақтықпен қатынасады.

Мұндай жағдайда үлкен рөлді мұғалімнің оқушымен кері байланыс құра білуі ойнайды онымен бірге оның жетістіктері мен сәтсіздіктерін бөлісіп, кішкене оқудағы алға жылжуын мақтауды ұмытпаған жөн.

Өз-өзіне қатынасы өзінің қабілеттеріне, өз іс-әрекетіне оның нәтижесіне қатынасы. Баланы өз мүмкіндіктеріне адекватты бағалау керек. Өзін-өзі жоғары бағалау мұғалімнің ескертулеріне жағымсыз реакцияны тудыруы мүмкін: «жаман мектеп», «қатыгез мұғалім» және т.б.

Баланың жаңа әлеуметтік жағдайды иеленуге тырысуы білімге оның ішкі оқушылық позициясын әкеледі, Л.И.Божович тұтастай бала тұлғасын сипаттайтын орталық тұлғалық жаңа білім ретінде сипаттайды. Ол баланың іс-әрекетін, мінез-құ-

лықын және оның шындыққа өз-өзіне, қошаған адамдарға деген қатынасын анықтайды. Баланың жоғарыда көрсетілген қалыпты дамыған тұлғалық сапалары жаңа әлеуметтік жағдайға оның жылдам бейімделуін қамтамасыз етеді.

**Жағдаят:** Мейіржан (6 жас) мамасында баласының мектепке дайындалудың орнына ойнап жүргенін көргенде мазасыз сезім пайда болды. Алаңдаушылықтың себебі: беделді мектепке конкурстан өту үшін баладан оқи, санай, логикалық тапсырмаларды шеше білу талап етіледі.

Мына ситуацияға психологиялық талдау жасаңыз.

**Шешім:** оқи, санай білу - баланың мектепке дайындаудағы бастысы емес, бастысы-барлық психикалық үрдістердің дамуы және барлық ми құрылымының қалыптасуы. Фантазияның жоқтығы, өзінің өзіндік тақпақтарын айта білмеу, бос уақытын көңілді де интенсивті өткізе білмеу, кейінірек айқындалатын басқа да қабілетсіздіктер балалық шақта баланың аз ойнағандығымен байланысты. Ата-аналар балалар ойынын аз жүргізген және оның үстіне баласын жақсы ойнағаны үшін де көп мақтаған. Оқу әрине қажет, бірақ ол ойынды ауыстыруы керек емес.

**7.11. Жағдаят:** Сұлтан мектепке даярлық тобына барады. Тәрбиеші оны кейде мақтайды, бірақ анасы оған көңілі толмайды. Анасы ұлын жалқау, бәрін жәй, сенімсіз жасайды деп санайды. Анасы оны оқуға жазуға үйрете бастады, егер нашар болып жатса, қайта жазғызады. Ондайда Сұлтан айтады: «Мен істей алмаймын, менікі нашар, мен оданда ойнайын». Анасы түсінбей: «Бірақ қанша ойнауға болады? Ал мүмкін оны көп мақтау керек шығар? Бірақ не үшін?».

Сұлтанның оқуға ынтысын қашыратын себептерді көрсетіңіз.

Ересектер қандай қателіктер жібереді ?

**Шешім:** Бала (6 жас) өз күшіне сенімді болуы керек. Оның қандай әрекетте табысқа жететіндігі маңызды емес. Бұл жаста балалар сәттіліктер мен сәтсіздіктерге жалпылай қарайды. Ересектер баланың сәтсіздігіне байсалды қарау керек, әйтпесе олардың мазасы балаларға беріледі. Баланың оқуға, жазуға ын-

тасының болмауы оның әлі «ойнап болмағандығымен» түсіндіруге болады. Ересектердің талаптары бойынша мектепке дейінгі бала ойынды доғарады, бірақ ол тіптен бас тартпайды, құпия, ойнауды жалғастыра береді.

Сенім білдіру, мейірімділік, өз уақытында мақтау баласын мектепке түсуге дайындайтын ата-аналардың, ересектердің қатынасы осындай болуы керек.

**7.12. Жағдаят:** Сіздің балаңыз мектепке оқуға дайын ба? Арнайы зерттеу жоғарғы мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке баруға үлкен тілегін дәлелдейді.

Сіздің балаңыз осындай ма? Балаңызбен оның мектепке деген қатынасы жайлы әңгімелесіңіз.

Ол мектепке баруды қалай ма? Оның мектебі немен қызықтырады немесе жалықтырад?

Неге баламен «Мектеп» тақырыбында әңгімелесу маңызды?

**Шешім:** Тіпті балада қажетті білім, білік, дағды, ақыл-ой деңгейі, ерік-жігері дамыған болсада, оған оқу қиынға түседі, егер оқушының әлеуметтік позициясына сәйкес дайындығы болмаса.

Мектепке жағымды қатынасты интеллектуалдық, эмоционалдық-еріктік компоненттер, жаңа әлеуметтік жағдайды иеленуге-оқушы болуға тырысуы құрайды. Ата-аналарға балаларының мектепке қалай қатысатынын білу маңызды, алдағы оның оған деген қызығушылығын қалыптастыру үшін. Мектепке саналы қатынас жасау оқу іс-әрекетті жөнінде кең әрі терең түсінікпен байланысты.

Балаларға берілетін мектеп жайлы мәлімет тек түсінікті ғана болмау керек, сондай-ақ сезініп, әсерлену керек. Мысалы, өзінің сүйікті мұғалімдері жайлы айта отырып көркем әдебиет оқи отырып, кинофильм көре отырып, баланың ойын да, сезімін де белсендендіруге қажет. Мектепке экскурсиялар, мұғалімдермен кездесулер мектеп жасына дейінгі баланың мектепке оқуға жағымды қатынасын құрады.

**7.13. Жағдаят:** Ата-аналарға баласының «жаңа әлеуметтік позицияны» маңызды міндеттерімен құқықтары бар, қоғамда ерекше орынды иеленетін, мектепке дейінгіден ерекшелендіретін оқушы жағдайын қабылдауға қаншалықты дайын екендігін білу маңызды.

**Анықтаңыз, бала қалай қатынасады:**

- а) мектепке
- б) оқу іс-әрекетіне
- в) мұғалімге
- г) өз-өзіне.

Балаға мектеп, мұғалім қалай елестететінін суреттеп салуды ұсыныңыз. Баламен және оның достарымен мектеп жайлы әңгімеленіңіз. Жанама сұрақтар қойыңыз:

«Егер бала бақшада не үйде оқуға мүмкін болса, сен мектепке барар ма едің?» деген сияқты.

**Шешім:** Баланы мектепке форма, арқаға асынатын сумка және басқа сыртқы аксессуарлар қызықтыруы мүмкін, досының мектепке оқуы да жағдайды өзгертуі мүмкін. Бірақ баланың мектепке қызығуы өзінің басты іс-әрекет түрімен-оқумен болуы маңызды, мысалы, жазуға, оқуға, санауға, тапсырмаларды шешуге қызығуы; әке сияқты болу үшін оқу.

Оқушы болу-бұл баланың жоғарыға ересектікке қарай саналы сатысы, иә оқу олар үшін жауапты іс. Баламен мектеп жайында әңгімелесу және осы тақырыпта оның суретінің нәтижесі алынған соң мектепке деген оның қатынасының себептерін алдын ала талдаңыз. Сосын баланың оқу іс-әрекетіне деген қатынасына ерекше назар аударыңыз. Ол үшін не тартымды және не қызықсыз. Одан кейін оның мұғалімге, құрдастарына және өз-өзіне деген қатынасы жайлы тест нәтижелерін талдаңыз. Соңғы мәліметтерді мектеп жайлы және оқу іс-әрекеті жайлы алдыңғы мәліметтермен салыстырыңыз.

Баланың мектепке қатынасы және оның жаңа әлеуметтік оқушы позициясы жайлы жалпы қорытынды жасаңыз.

## 8. БАЛАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛЕР

### *БАЛАНЫҢ 1 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНІҢ, ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ*

#### **10 күн.**

1. Көрінетін нақты реакция: баланың 10 секунд аралығында ойыншықпен ойнағанын бақылаймыз және қалай әсер ететіндігін байқаймыз.

2. Еститін нақты реакция. Селк еткен дыбысқа бала қорқады немесе шошиды. Бұл жағдайда екі реакцияның нәтижесін біліп алу керек.

#### **18 –20 күн.**

1. Көрінетін нақты реакция. Баланың үлкен адамға деген реакциясын бет-жүзінен байқайды. Ол 10-5 секунд аралығында болады.

2. Естілетін нақты реакция. 5-10 секунд кейін тынышталады әрекет тоқтатылады.

Естілген дыбыс бірқалыпқа 10-15 секунд аралығында тоқтайды.

#### **1-ай**

1. Көрінетін нақты реакция: қалыпты қимылдайтын зат ойыншыққа деген көзқарасын тексеріп, бақылаудан шеттемей зерттейді. Ойыншыққа бір жағынан екі мәрте тексеру рұқсат етіледі.

2. Естілетін нақты реакция: ойыншықтың дыбысы өшкен уақытта 10-15 секунд тыңдалады. Әрекет тоқтады.

3. Эмоциялық және әлеуметтік жүріс-тұрысы баланың бірінші күлкісі үлкендерге әңгіме болып саналады. Жарқын күліп жауап бермесе 3-4 рет көңілін аударып сөйлеу керек.

4. Бүкіл іс-әрекет: ішімен жерге жатса, тұрғысы келіп талпынады. Бұл 5 секунд аралығында болады. Лезде көтерілсе немесе жатып қалса, ол 5 секунд ұстап тұрады, содан кейін жантаяды.

#### **2-ай.**

1. Көрінетін нақты реакция:

а) көзге түскен затқа зейін аударып, көзін алмай қарайды немесе ересектерге; ойыншыққа 20-25 секунд қозғалмастан қарайды.

б) ойыншыққа үлкен адамдарға немқұрайлы қараса, 10-15 секунд кейін үлкен ойыншыққа көзі түсіп кетсе, соған назар аударып, басын оңға да, солға да бұрады.

2. Естілетін нақты реакция,

а) іздеп жүріп, болып жатқан дыбысқа беттейді;

б) басын бұрып, үлкендер сөйлесіп жатқан кезде 5-10 секунд аралығында бала іздеп, көргісі келеді.

3. Эмоция және қоғамдық жүріс-тұрысы:

а) тез жауап береді, күлкісімен 3 мәрте сөйлескеннен кейін бала ұзақ уақыт күліп сөйлеседі.

б) ұзақ уақыт тыңдап алғаннан кейін бала қасында жатқан өзі сияқты нәрестенің даусын естіп назарын 10-15 секунд енді сол балаға аударады.

4. Барлық іс-әрекет, ішімен жатып, басын бірер минут көтеріп 5 секунд тұрады.

5. Дайындық этапын белсенді ұйымдастыру қайтадан сол талпыныс басталады.

#### **3-ай.**

1. Көрінетін нақты реакция: бала 2 -3 сөйлескеннен сөйлеп жатқан адамның бетіне қарап, немесе ойыншыққа 10 секунд қарай алады.

2. Эмоциялық және қоғамдық мінез-құлқы.

а) нәресте өзімен сөйлескісі келіп жатқан адамның бетіне қарап біліп алады. Екі-үш сөйлескеннен кейін ұзағырақ күліп, қысқаша немесе ұзағырақ дыбыстар шығарып белгі бере бастайды. Нәресте жанданғаннан кейін балада 5-10 секунд қарым-қатынасы сақталып қалады.

б) бала көзімен іздейді, яғни дыбысты естіп қасындағы нәрестеніде іздейді. Сонымен қасындағы нәрестені нәресте көріп жанданады.

3. Қолмен қимылдауы.

Байқаусызда қолмен ойыншықты алып алады, содан кейін ойнап ары-бері қимылдатады.

4. Барлық іс-әрекет.

а) ішімен жантайып, басын жоғары көтеріп тұрып, тез арада басын көтереді де етпетімен жатады. Ал, аяғы тыныш. Осы калыппен 1 минут жатады.

б) басын тік көтеріп, анасының қолында 1 минут отырады.

в) мықтап көтеріп алған анасына тек аяғымен қимылдай алады.

#### 4-ай

1. Көрінетін нақты реакция: нәресте өз анасын, туысын сезінеді де қуанады. Таныс адамға күліп қарайды. Кейде сол адамға қарап тұрып, соның көтеріп, ойнатқанын қалайды. Адамдардың назары басқа жатқа болып, көңіл бөлмесе ренжиді.

2. Естілетін нақты реакция:

а) болған дыбысты, нәресте көзімен немесе құлағымен тыңдап іздейді.

#### 5-ай.

1. Көрінетін әсерлі реакция. Жақын адамдарын бөгде адамдардан ажыратып тануы жақын туысын көргенде қуанады, жыбырлайды, ал басқа адамдарға көңіл-күйі лезде түсіп, жылап жібереді.

2. Естілетін әсерлі реакция:

а) нәресте анасының, туысының дауысын таниды, анасы екенін біледі. Сөйлеп жатқан басқа адамға көңіл бөлмейді, яғни назар аудармайды. Анасының дауысын естігенде тыңдап, көздерімен іздеп, қуанады, бұрылып қарайды, алаңдап іздейді.

б) Адамның қандай интонациямен сөйлегенін нәресте сезеді, қаттырақ сөйлесе жылайды немесе үндемей қалады. Ал жай қуанып, бірге ойнайды.

3) Эмоциялық және қоғамдық мінез-құлқы: бала қуанады, қоюына ойыншық алып ойнайды, сол ойыншықтың даусымен гуілдеп сөйлейді. Ойыншықты көзімен іздеп, қолымен ұстағысы келеді.

4) Қолымен заттарды қимылдату.

а) ойыншықты үлкен адамнан алып, қарайды, көтереді;

б) ойыншығын сындырмай, лақтырмай қолына бос ұстап тұра алады.

#### 6-ай.

1. Көру бағытының реакциясы: нәресте басқа біреудің аты аталып жатса, мән бермейді, тыңдамайды. Әрдайым үлкен адамдарға көне бермейді. Егер баланың өз аты аталса, алаңдап кім менің атымды атап жатыр дегендей көзімен іздеп тауып алуға тырысады.

2. Қолымен қимылдау: сенімді түрде ойыншықты қолына алып, бір қолынан екінші қолына беріп ойнайды.

3. Барлық іс-әрекет.

Бала ішімен немесе арқасымен қимылдап, немесе үлкен адамның көмегімен басын бұрып, орнына қимылдай алады.

#### 7-ай.

1. Қолымен әрекет жасау 1 минут ішінде ойыншықты алып, ұрып, лақтырып тарсылдатып лақтырады.

2. Барлық іс-әрекет: жақсы қимылдап ойыншықты ұстағанына қуанып, ары бері жылжып жүргісі келіп талпынады.

3. Түсіну кезеңі. Үлкен адамның сөйлегенін бала қызық көріп, қайталап айытқысы келеді. Мысалы: «а-на» деген сөздер айта бастайды.

5. Талпыныс: үлкен адамның шайына жабысып тез ішкісі келеді.

#### 8-ай.

1. Көңіл-күй туралы мінез-құлқы. Баланың қасындағы адам қатты күлсе, қимылдап затты ұстап тұрған болса, соның бәрін бақылаған нәресте қайталайды, яғни қолымен тырсылдатып, айғайлап сөйлейді.

2. Заттармен пайдалану әрекеті. Ойыншықпен көп ойнаған бала, допты да лақтырып, болмаса үлкен адам көмегімен ойнайды.

3. Бала үлкен адамның көмегімен өз бетінше жүріп көруге талпынады.

Айтқан сөзіңді түсінуге тырысатын бала «берші қолыңды» десең ол қолын көтеруі мүмкін.

### 9-ай.

1. Естіліп бақыланатын реакция: жай ойналатын әнге бала да жай қалыппен қимылдар жасай бастайды.

2. Эмоциялық және қоғамдық мінез-құлқы екі бала бір-бірімен ойнап, күліп, қуанып, бірін-бірі ұстағысы келіп ойнайды. Қасында үлкен балалар ойнап жүрсе, ол да қызығып, қолындағы заттарды тарсылдатып лақтырады.

Заттармен іс-әрекеті: допты тебеді, резина ойыншықты аузына салады, қапқакты ашады, тез қимылдар жасайды. Түсіну жолдары «қайда» деген сұрақ қойғысы келеді.

### 10-ай.

1. Эмоциялық және қоғамдық жүріс-тұрысы. Екі бала ойыншықтарымен ойнап отырып, қуанады және қимылдайды.

2. Заттармен әрекет етуі: өз бетінше және ересектердің сұрауымен түрлі ойыншықтармен әрекеттер жасайды (алады, салады, ашады, жабады).

3. Жалпы қозғалысы: Ересектердің сүйеуімен алға қарай жүре алады.

4. Түсінуі: өтініш бойынша: «Бер.....»- ойыншықтарының ішінде танитынын жауып бере алады.

### 11-ай.

1. Заттармен әрекеті. Ересектердің айтуы бойынша жаңа әрекеттерді игере алады (кубиктің үстіне екінші кубикті қою).

2. Жалпы қозғалысы:

а) Ешкімнің сүйеуінсіз өзі құламай 5 секунд тұра алады.

б) Өз бетінше алғашқы қадамдарын жасайды, 2-3 қадам алға басып, кейін отырып қалады немесе сүйенетін зат іздейді.

3. Белсенді сөйлеуі: алғашқы сөздерді айта алады. Мысалы, «мама», «ав-ав, би-би, бер» және т.б. Ойын кезінде немесе көрсетілген ойыншықты жеңіл-желпі сөздермен айтады немесе ересектердің айтқанын қайталайды. 1-2 сөз айтады.

### 12-ай.

1. Суреттегі таныс адамның немесе анасын таниды, суретті танып, күледі, түртіп көрсетіп, ересектерге қарайды. Егер бала сөйлей алса, суреттегі адамның атын атайды.

2. Эмоциялық және қоғамдық мінез-құлқы.

а) бір бала ойыншығын 2-ші балаға беруге тырысады.

б) басқа баланың тығып қойған ойыншығын екінші бала іздейді; Біреуі екіншісінің қолынан ойыншықты алып оны арқа жағына тығып қояды. Екіншісі оны іздейді «Бер», күледі.

3. Заттармен әрекет ету.

а) өз бетінше ойыншықтармен үйренген әрекеттерін жасайды. Үйренген әрекеттерін өз бетінше қайталайды (қуыршақты тамақтандырады, машинаны жүргізеді). Әртүрлі 3 әрекетті 3 ойыншықпен немесе бір әрекетті 3 ойыншықпен орындайды.

б) әрекеттерді ауыстырады. Әрекеттерді ересектердің сұрауымен немесе өзі орындайды. Қуыршақты тамақтандырылады, ұйықтатады.

4. Жалпы көзқарасы: өз бетінше жүреді (ешкімнің көмегінсіз); бұрыла алады, бағытын өзгерте алады. 3 минутқа дейін отырмастан жүре алады.

5. Түсінуі:

а) заттардың атын, әрекеттерді, ересектердің және балалардың есімдерін (көрсетпей-ақ) түсінеді. Жеке тапсырмаларды да орындай алады («тауып ал, алып кел, әпкеңе бер, орнына қой»); бала ересектің кез-келген өтінішін орындайды.

б) «Болмайды» деген сөзді түсінеді; «болмайды» дегеннен кейін бірден немесе 2-3 рет қайталап айтқаннан кейін қояды (стаканды столға қоймауы мүмкін, бірақ тарсылдатуын қояды).

в). Ересектер айтқаннан кейін немесе 2-3 рет қайталап айтқаннан кейін әрекетті нақты орындайды.

г) Ересектің айтуымен бала бұрын үйренген әрекеттерін ойыншықпен жасап көрсете алады. Қуыршақты алады және оны тебетеді, итке тамақ береді, кірпіштің үстіне кірпіш қою және т.б.

6. Белсенді сөйлеу

а) жаңа сөздерді айтуға тырысады.

б) 5-10 жеңіл сөздерді айтады.

Ойыншықты көрсеткенде жеңіл сөздермен өзі немесе ересектердің артынша қайталап айтады.

7. Кезеңдерге дағдылану: өз бетінше ыдыстан тамақ ішеді; Ыдысты аузына апарып шайды ішеді де, жібермей ұстап, столға өзі қояды.

## СӘБИДІҢ ӨЗ БЕЙНЕСІНІҢ ДАМУЫН ТАНЫП БІЛУІ

**Зерттеуге дайындық:** Айна, кішкене үстел, моншақ, түрлі түсті орамал, ашық түсті ойыншық, бір уыс мақта дайындау қажет.

**Зерттеудің жүргізілуі:** Эксперимент мынадай жас ерекшелігіне қарай 4 топқа бөлінген балалармен жеке жас кезеңіне байланысты (2,5-4 ай, 4-6 ай, 6-9 ай, 9-14 ай) жүргізіледі. Эксперимент 2 бөлімнен, олардың әрқайсысы 5 түрлі экспериментальды ситуациялардан тұрады.

**I Бөлім.** Бала айна алдында үстелде отырады.

1 жағдаят – баланың еркін қозғалуын тіркеп отырады.

2 жағдаят – баланың маңдайына білдірмей диаметрі 1,5 см болатындай етіп, далаппен белгі қояды.

3 жағдаят – баланың сол жақ құлағына диаметрі 5 см мақта қыстырылып, басына түрлі-түсті орамал кигізіледі.

4 жағдаят – бала айна алдында отырады, арт жағынан анасы жақындайды.

5 жағдаят – баланың артына айнадан көрінетіндей етіп иық тұсына ашық түсті, балаға таныс емес ойыншық ілінеді.

**II Бөлім.** Айна алдында – бала анасының қолында.

1-4 жағдаяттар – бірінші бөлімдегідей.

5 жағдаят – анасы баласына білдірмей көзге түсетіндей немесе жылтырақ моншақ тағып алады. Моншақ балаға таныс емес болуы тиіс.

Анасы айнадан өз бейнесіне қарайды. Айнадан баланың басы мен денесі, ал анасының жоғарғы жақ денесі көрініп тұруы керек. Бала мен айна арасындағы қашықтық 20-30 см. Эксперимент баланың ұйқыдан және тамақтанудан кейінгі белсенді қозғалыс кезінде жүргізіледі. Әрбір жағдаяттың ұзақтығы – 2,5 мин.

Баланың мынадай көрсеткіштері бойынша тіркейді.

1. Көзқарасының мінездемесі: бағыты. Ұзақтығы (қарау ұзақтығы 5 с дейін – жылдам, 5 тен-15 с дейін – жалғасқан, 15 с жоғары – ұзақ).

2. Эмоциональды болуы: ұзақтығы және қарқындылығы.
  3. Вокализация: мінезі, ұзақтығы, қарқындылығы.
  4. Өзіне бағытталған мінез-құлқы: өз бейнесіне қарайды, соған қарап айна алдында түрлі әрекеттер жасайды, (ритмикалық, мимикалық).
  5. Айнаға бағытталған мінез-құлқы: қолымен көрсетеді, түртіп көреді және т.б.
  6. Анасына бағытталған мінез-құлқы: вокализация, әрекеттер, (обращение) назар аудару, қарау және т.б.
- Берілгендерді талдау.

*Кесте 1.*

**1 және 2-ші бөлімдегі 5 жағдаят бойынша орташа балы.**

Баланың жасы	Бөлім	Мінездемелер			
		Қуанышты күлкісі	Жасқаншақтық	Алаңдау, таң қалу	Көңілі толмаушылық, қорқыныш
2-6 ай	I				
	II				
6-12 ай	I				
	II				
орташа	I				
	II				

*Кесте 2.*

**Өзіне, өз бейнесіне, айнаға және айнадағы бейнесіне бағытталған мінез-құлық көрсеткіштері.**

Баланың жасы	Бөлім	Өз бейнесіне қарауы	Әрекеттер бағытталған		
			Өзіне	Айнадағы бейнесіне	Айнаға
2-6 ай	I				
	II				
6-12 ай	I				
	II				
орташа	I				
	II				

### 3 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МАҚТАНУ СЕЗІМІНІҢ КӨРІНІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ

**Зерттеуге даярлық.** Пирамида және оның суретін (үлгі) дайындау, конструктор.

**Зерттеу барысы.** Зерттеу (2 жас 6 ай – 3 жас 6 ай) балалармен индивидуалды түрде жүргізіледі. Эксперимент 5 сериядан тұрады, олардың әрқайсысында 3 тапсырма беріледі.

Мысалы, бірінші серия тапсырмалары:

1. сурет-үлгі көмегімен пирамиданы жинақтау;
2. конструктор бөлшектерінен үй құрастыру (үлгінің көмегінсіз);
3. конструктор бөлшектерінен машина құрау (үлгінің көмегінсіз).

Қалған төрт серия да осыған ұқсас тапсырмалардан тұрады, бұл тапсырмалар баланың заттар әлеміне және ересектерге қатысты мінез құлқының тұрақты сипаттамаларын анықтауға бағытталған.

1-ші тапсырманың орындалу сапасына қарамастан баланы мақтау қажет, 2-ші тапсырма нәтижеге байланысты «жасай алдың», «жасай алмадың» деп бағаланады, 3-ші тапсырма бағаланбайды. Бала тапсырманы орындауда киналса экспериментатордың көмектесуіне болады.

**Нәтижелердің өңделуі.** Балалардың тапсырманы орындау барысындағы белсенділігі екі параметр бойынша бағаланады:

1. баланың заттар әлемімен байланысы орындап жатқан іс әрекетіндегі жетістіктерінің құндылығын бейнелейді (тапсырманы қабылдау іс-әрекетке қызығушылық пен мотивацияның көрсеткіші, тапсырманы орындаудағы мақсатқа бағыттылық), тапсырманы орындауға берілуі (іс әрекет процесіне берілу тереңдігі), баланың өзінің өнімді іс әрекетін бағалауы;

2. баланың ересектермен байланысы тапсырманы орындаудағы өз бетіншелігін бейнелейді (баланың ересек адам көмегіне қатынасы, оның эмоциялық көріністері), ересек адамның бағалауын күтуі және оған қатынасы.

Белсенділік көрсеткіштері төмендегі шкала бойынша бағаланады:

белгінің максималды көрінісі 3 балл,  
орташа көрінісі 2 балл,  
төмен көрсеткіштер 1 балл.

Сонымен, белсенділіктің I деңгейі - 0-7 балл;

II деңгейі - 7-14 балл;

III деңгейі - 14-21 балл.

Топ бойынша нәтижелер төмендегі кестеге енгізіледі:

*Кесте.*

#### Балалардың мінез құлық ерекшеліктері

Белсенділік көрсеткіштері	Әр түрлі жастағы балалардың белсенділігін бағалау (балл)		
	2 ж. 6 ай - 2 ж. 10 ай	2 ж. 10 ай -3 ж.2 ай	3ж. 2 ай - 3ж. 6 ай
Тапсырманы қабылдау Табандылық Тапсырмаға берілуі Өз бетіншелік Өз нәтижесін бағалауы Ересектің бағалауын күту Ересектің бағалауына қатынасы			

Сандық көрсеткіштердің бір жастық топты келесісімен салыстырғандағы өзгерісін ескеру керек. Балалардың ересектің бағалауларын күрудегі белсенділігі талданады. Әр жастық топтағы бағалау алған кездегі және бағалау болмаған кездегі эмоциялық реакциялары байқалады. Жаман бағалау кезінде немесе бағалаудың болмауы кезінде мінез құлықтың аффективті формаларының (өз жетістіктерін асыра көрсету, сәтсіздік құндылығын төмендету) көрінісі анықталады.

Нәтижелерді жалпылай келе, жастық периодта 3 үш жас дағдарысының орын алуы, «өз жетістіктеріне мақтану» сияқты жаңа құрылым (ол қоршаған ортаға заттық қатынасты үлгі ретінде қарауды, жетістіктері арқылы өзіне қатынасты біріктіреді) көрінісі туралы қорытынды жасалады.



### 3 ЖАС ДАҒДАРЫСЫ КЕЗІНДЕГІ БАЛАНЫҢ ӨЗІНЕ ҚАТЫНАСЫН ЗЕРТТЕУ

**Зерттеуге даярлық:** Жануарлар, өсімдіктер, заттар бейнеленген суреттер дайындау және сол суреттер мазмұны бойынша баламен әңгімелесу сұрақтарын қалыптастыру.

**Зерттеу барысы:** Зерттеу 2-3 жастағы балалармен жеке түрде жүргізіледі. Бала жануарлар, өсімдіктер, заттар бейнеленген суреттерді қарастырып, солардың мазмұнына байланысты ересек адамның сұрақтарына жауап береді. Ересек адамның балаға және оның жауаптарына қатынасы төменде берілетін екі жағдайда үш фазадан өтуі тиіс:

I фаза – суреттерді қарамас бұрын балаға деген мейірімді, қызығушылықты қатынас.

II фаза – суреттер бойынша әңгімелесу барысында экспериментатор дұрыс жауаптарды «Жақсы, сен мұны біледі екенсің», қате жауап болса: «Сен мұны білмейді екенсің» деп бағалайды.

III фаза – суреттерді қарастырып болғаннан кейін балаға деген мейірімді, қызығушылықты қатынас.

I жағдай – сәтті жауаптар ғана ескеріліп, бағаланады;

II жағдай – сәтсіз жауаптар ғана ескеріліп, бағаланады және теріс бағаланады.

*Кесте*

Эксперимент барысында I және II жағдайлардағы мінез құлық реакциялары тіркеледі (кесте).

Баланың аты-жөні	жасы	бағалау түрлері							
		жағымды				жағымсыз			
		мінез құлық компоненттері							
		Б	Қ	Э	Е	Б	Қ	Э	Е
	2 жас								
	2 ж 5 ай								
	2 ж 3 ай								
	3 жас								

**Ескерту:** Б - бағдарлану, Қ - қозғалыс, Э - эмоциялық, Е –еңбек.

**Нәтижелердің өңделуі:** Балалардың I және II жағдайлардағы мінез құлықтары салыстырылады. Баланың өзіне деген жалпы қатынасы және тапсырманы шешудегі жетістіктеріне нақты қатынасының қаншалықты ажырағандығы туралы қорытынды жасалады. Бұл дифференциацияның бағалау түріне және ересекпен қатынас контекстіне қаншалықты тәуелді екені анықталады.

### БАЛАЛАРДЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПІН АНЫҚТАУ.

(1 жастан 3 жасқа дейін Г.П.Лаврентьева және Г.М.Гитаренко ұсынған).

**Нұсқау:** Құрметті ата-аналар балаларыңыз келесі жағдайларда өзін қалай ұстайтынын бақылаңыздар! Бір апта ішінде балаңыздың реакциясын бақылай отырып, графикке белгі қойып отырыңыз.

#### 1. Егер тез және тоқтаусыз әрекетті орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, балаңыз өзін қалай ұстайды?

А) Оңай, ашық эмоцияларсыз қосылады	Б) Өте белсенді және эмоциялық тұрғыда қосылады	В) Асықпай қосылады	Г) Жасқанып, абайлап қосылады

#### 2. Үлкендердің ескертуін бала қалай қабылдайды

А) Енді қайталамаймын деп, кешірек қайта істейді.	Б) Тындамайды өз дегенін істейді.	В) Қабылдап сөйлемейді, ойланады.	Г) Ренжиді, ұзақ уақыт уайымдайды, жылайды, сөйлемейді.

#### 3. Өзіне маңызды жағдайларда бала басқа балалармен қалай сөйлеседі?

А) Басқалардың айтықанын тез тыңдайды.	Б) Ешкімді тыңдамайды, ынталылық, шапшандылық байқалады.	В) Тыныш және сенімді	Г) Сенімсіздікпен басқаларға қарайды.

#### 4. Бала өзі үйренбеген ортада өзін қалай ұстайды (дәрігердің қабылдағанында, аэропортта және т.б.)?

А) Тез бейімділік, белсенділікпен қызығу-шылық танытады.	Б) Тынышсызданып, кейде шектен тыс мазасызданады	В) Айналасын мұқият қарайды.	Г) Үлкендерді тыңдайды, ұялады

Бақылау қартасының кілті. Әр бір тип реакциясының санын санаңыздар: «А», «Б», «В», «Г» және оларды иерархиялық қатар бойынша орналастырыңыз. Алғашқы екі типі сәйкес темперамент ерекшеліктерін білдіреді:

- «А»- сангвиник
- «Б» -холерик
- «В»- флегматик
- «Г» - меланхолик

#### «Не жетіспейді бұл суреттерде?» әдістемесі

**Мақсаты:** Балалардың қабылдауын анықтау.

**Қолданылатын құрал:** Түрлі- түсті қарандаштар, өшіргіш.

**Әдістеменің бейнесі:** Әр балаға сурет таратылады, ол суреттің ішінде белгілі – бір зат жетіспейді, жетіспейтін заттарды тауып, оны толықтыру қажет.

#### Интерпретация:

**10 бал** – бала 25 секундтан аз уақыт ішінде барлық жетіспейтін затты айтып шықты

**8-9 бал** – балаға барлық заттарды табу үшін 26-30 секунд кетті

**6-7 бал** – балаға барлық заттарды табу үшін 31-35 секунд кетті

**4-5 бал** – балаға барлық заттарды табу үшін 36-40 секунд кетті

**0-3 бал** – балаға барлық заттарды табу үшін 45 секундтан көп кетті

#### Қорытындысы:

**10 балл** – өте жоғары.

**8 – 9 балл** – жоғары.

**6 – 7 балл** – орташа.

**4 – 5 балл** – төмен.

**0 – 3 балл** – өте төмен

### «Суреттерді есіңе сақта» әдістемесі

**Мақсаты:** Бұл әдістеме балалардың қысқа мерзімдегі есін анықтауға арналған.

**Әдістеменің бейнесі:** Балаларға бір – бір 6 суреті бар карточка таратылады. Оларға бұл суреттерді есіне сақтау үшін 30 сек. беріледі. Сосын оларға көрсетілген 6 суреттермен аралас тағы 3 сурет қосылған карточкалар таратылады. Суреттерді есіне түсіруге, таңдауға біраз уақыт беріледі 1,5 минуттан көп уақыт беруге болмайды.

#### Интерпретация:

*10 балл* – бала барлық 6 суретті тапса, 45 сек. ішінде

*8 – 9 балл* – бала барлығы 5 суретті тапса, 45-55 сек. ішінде

*6 – 7 балл* – бала барлығы 4 суретті тапса, 55-65 сек. ішінде

*4 – 5 балл* – бала барлығы 3 суретті тапса, 65-75 сек. ішінде

*2–3 балл* – бала барлығы 2 суретті тапса, 75-85 сек. ішінде

*0 – 1 балл* – бала бірде-бір суретті таппаса, 90 сек. Ішінде

#### Қорытынды:

*10 балл* – өте жоғары.

*8 – 9 балл* – жоғары.

*6 – 7 балл* – орташа.

*4 – 5 балл* – төмен.

*0 – 3 балл* – өте төмен

### «Мүсін» әдістемесі

**Мақсаты:** Балалардың қиялын анықтауға арналған әдістеме.

**Қолданылатын құрал:** Пластелин.

**Әдістеме бейнесі:** Бала 5 мин. ішінде өзінің қалауы бойынша бірдеңені пластиленнен қиялына байланысты жасауы қажет.

#### Интерпретация:

*0 – 1 балл* – бала көп уақыт аралығында ештеңені ойластыра алмаса (5мин)

*2 – 3 балл* – бала пластиленнен өте жеңіл, қарапайым нәрсе жасаса.

*4 – 5 балл* – бала белгілі заттан карап, көшіріп жасаса.

*6 – 7 балл* – бала ерекше бірдеңе жасаса, бірақ қиялы ештеңеден айырылмаса

*8 – 9 балл* – бала ерекше бірдеңе жасаса, бірақ оны жөнсіз, ұқыпсыз жасаса

*10 балл* – бала ерекше, өзгеше, әдемі, ұқыпты жасаса

#### Қорытынды:

*10 бал* – өте жоғары.

*8 – 9 бал* – жоғары.

*6 – 7 бал* – орташа.

*4 – 5 бал* – төмен.

*0 – 3 бал* – өте төмен

### «Ойлау» әдістемесі

**Мақсаты:** Бұл әдістеме арқылы баланың ойлауын, интеллектісін анықтауға болады.

#### Әдістеменің бейнесі:


1. Артық затты тап.



1.



2.



3.



4.



5.



6.

«Артық затты тап»

Әр 6 қатарда 4 заттан берілген, 4 заттың ішінен біреуі артық, балалар қай зат артық екенін табуы керек.

### Интерпретация:

10 балл – 6- уы дұрыс болса

8 – 9 балл – 5-еуі дұрыс болса

6 – 7 – балл – 4 -еуі дұрыс болса

4 – 5 – балл – 3 -еуі дұрыс болса

2– 3 – балл – 2 -еуі дұрыс болса

0–1 балл – 1-еуі немесе бірде біреуі дұрыс болмаса

### Қорытынды:

10 балл - өте жоғары.

8 – 9 балл – жоғары.

6 – 7 балл – орташа.

4 – 5 балл – төмен.

0 – 3 балл – өте төмен

### «Жер, су, ауа, от» әдістемесі

**Мақсаты:** Қабылдауды есті анықтауға арналған әдістеме

**Әдістеменің бейнесі:** Балалармен шеңбер жасап тұру. «Балалар мен қазір сендерге:

Жер – қолдарыңды астына түсіресіңдер

От – қолдарыңды Жан- жаққа сермисіңдер


Су – қолдарыңды алдарына көтересіңдер

Ауа – қолдарыңды жоғары көтересіңдер.


Балалар кішкене естеріне сақтап болғасын, осы ойынды жарыс түрінде өткізу керек. Балалар сол қалпында шеңбер қылып тұрады, мен су, ауа, жер, от деп айтып тұрам, кім шатасса сол ойыннан шығады. Соңында жеңімпаз аталынады.

**Интерпретация:** Балалармен ойнаған кезде, олар ойынға қызығып кетті. Балалардың есі, қабылдауы, қабілеті, ойлауы, зейіні қай көлемде екені әдістеме аралығында анық көрінді.

Пішіндері бірдей нысандарды сызықтар арқылы қос. Боя.




Сурет қандай нысандардан құрастырылған?







Қай жануарға қандай үн сәйкес келеді?

Мө-ө-ө, бырк-бырк, мияу, ку-ка-ре-ку, канқ-канқ, қыт-қыт-қыт




Мә-ә-ә, бақ-бақ, әуп-әуп, и-ехэ-хе, корс-корс, бе-е-е, бырк-бырк  
 Бірдей екі мысықты, балапанды, сиырды, тасбаканы тауып,  
 оларды боя.



« Есіңе сақта және орын – орындарына қойып шық »  
 әдістемесі

**Мақсаты:** Бұл әдістеме арқылы баланың зейін көлемі анық-  
 талады.

**Қолдану құралдары:** Бұл әдістемені жүргізу үшін мына суретті  
 пайдалануымыз қажет:



Бала үстіңгі қатардағы нүктесі бар суреттерді астыңғы бос қа-  
 тарларға көшіру керек.

**Нұсқау:** Әдістеме басталмас бұрын балаларға келесі нұс-  
 қаларды оқып шығу қажет: « Қазір біз зейінге байланысты ойын  
 ойнаймыз. Қазір мен сендердің алдарыңа карточкаларды тара-  
 тып берем. Сендер карточканың ішіндегі қатардағы нүктесі бар  
 суреттерді 15 секунд ішінде астыңғы бос қатарларға көшіріп  
 шығу керексіңдер. Уақыт кетті!»

**Интерпретация:**

**10 бал** – бала 8 клетканың барлығына дұрыс көшірме жасады.

**8 – 9 бал** – бала 7 – 6 клетканың ішіне дұрыс көшірме жасады.

**6 – 7 бал** – бала 5 – 4 клетканың ішіне дұрыс көшірме жасады.

**4 – 5 бал** – бала 3 – 2 клетканың ішіне дұрыс көшірме жасады.

**0 – 3 бал** – бала 1 немесе еш бір клеткаға дұрыс көшірме жасай  
 алмады.

**Зейін көлемінің қорытындысы:**

**10 бал** – өте жоғары.

**8 – 9 бал** – жоғары.

**6 – 7 бал** – орташа.

**4 – 5 бал** – төмен.

**0 – 3 бал** – өте төмен

### Мен не білемін» әдістемесі

**Мақсаты:** баланың өзін қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды танып білуін бағалау. Орындау ережесі: Балаларға келесі сұрақтар беріледі және олардың беріп отырған жауаптары талданады.

Келесі жауаптардың қайсысы дұрыс?

1. Жабайы жануарлар: а) сиыр; б) арыстан; в) қой.
2. Артық сөзді тап: қасқыр, ешкі, түлкі.
3. 5 санынан кейін қандай сан келеді?
4. 3 пен 5 сандарының арасында қандай сан тұрады?
5. Артығын тап: а) ат; б) пингвин; в) көбелек; г) раушан гүл.
6. Келесі заттарды бір сөзбен ата: пиала, тарелка, стакан, қазан, табақ.
7. "Ауырға" қарсы мағыналы сөз тап.
8. 10-ға дейін сана.
9. Дұрыс жауапты тап:  
Сейсенбіден кейін келетін күн - ... деп аталады. а) дүйсенбі; б) сәрсенбі; в) жұма
10. Алтыдан көп, сегізден аз санды ата.
11. Артық сөзді тап: түн, күндіз, бүгін, танертең, кешқұрым.
12. Келесі жануарлардың төлдерін ата: жылқы, ешкі, қой, сиыр, түйе.
13. Келесі жауаптардың ішінен дұрысын тап: Сенде көп ... бар.  
а) дәптер; б) дәптерлер.
14. Қандай сан қалып кеткен? 1,2,3,4,6,7.
15. Келесі жауаптардың қайсысы дұрыс? Дөңгелекке ұқсас зат ... а) үстел; б) табақ; в) паровоз.
16. Фигуралардың қайсысы артық? а) телевизор; б) арыстан; в) тауық; г) балық.
17. Артық сөзді тап: а) тез; б) жай; в) ертең.
18. 1 саны мен 5 санының қайсысы үлкен.
19. Дұрыс жауапты тап: ...- шөп. а) терек; б) сора; в) шынар.
20. Жыл мезгілдерін айтып бер.

21. Тәулік мезгілдерін атап бер.
22. Аптаның күндері қалай аталады.
23. Аптадағы демалыс күн қалай аталады.
24. Артық сөзді тап: а) машина; б) ит; в) терезе.
25. Келесі заттарды бір сөзбен ата: алма, өрік, алмұрт.

### «Автопортрет», «Үй – адам – ағаш», «Өмірде жоқ жануар»

Бұл әдістер психомоторлық байланыс негізіне құрылған. Психиканың қалпын анықтау үшін моторика жағдайын зерттейді (сурет салып жатқан қол моторикасы). И.М.Сеченовтың ілімі бойынша, психикадағы пайда болған кез-келген елес, қабылдау қимылмен аяқталады, «кез-келген ой қозғалыспен білінеді». Мысалы, қорқыныш тудыратын бейне не ой – аяқ-қол бұлшық еттерінің тартылысын тудырады. Оның көрінісі қорғаныс қимыл, тарс еткен дыбыс естігенде қолыңмен денеңді жабу, т.б. Сурет салу кезінде парақ қағаз кеңістіктің моделін, сурет салып отырған адамның бұлшық етінің қалпын, соның көмегімен эмоциялық жағдайын көрсетеді.

Төменде берілген «Автопортрет», «Үй – адам – ағаш», «Өмірде жоқ жануар» тестілері осы заңдылыққа негізделініп құрылған. Сурет қарындашпен салынуы тиіс: фломастермен не қаламмен салуға болмайды.

### «Автопортрет»

Таза қағазға өзіңіздің бір нәрсемен айналысып отырған суретіңізді салыңыз. Сіз өзіңізді жалғыз немесе отбасыңыздың мүшелерімен не сыныптастарыңызбен болмаса жұмыстасыңызбен салуыңызға болады. Суреттегі адамдарды тұтас, толық салуға тырысыңыз. Карикатура не шимай керек емес.

#### **Болжалды шешім:**

«Автопортрет» тесті АҚШ-та кеңінен қолданылады.

**Бас.** Үлкен етіп салынған бас өзін ақылдымын деп санайтын немесе керісінше, өзінің ақыл-ойына көңілі толмаушылықты байқатады. Бас кішкентай болса, өз біліміне көңілі толмайды немесе әлеуметтік жайға лайықты емес сезімді байқатады.

**Көз.** Көз сақтықты, сенімсіздікті, сондай-ақ, қоғамдық пікірге деген өте сезімталдық пен уайымды білдіреді. Кірпігі ұзын көз-өзін көрсетуге құштарлық, ұнағысы келу. Кішкене немесе жабық көз суреті, өзінің ішкі дүниесіне шому, **интроверттік** тенденцияны байқатады.

**Ауыз.** Ерекше анық салынған ауыз, ерін – сөйлеуде қиындықтың барын аңғартады. Аузы жоқ болса депрессия, я болмаса, қарым-қатынасқа жоқ екенін байқатады. Сайқымазақтың аузындай сурет болса – шынайы емес, амал жоқтықтан сыпайы болып көрінетіндігі.

**Тістері көрініп тұрса** - ашушандықты көрсетеді.

**Құлақтары мен мұрын.** Үлкен құлақ сынға сезімтал екенін, кішкене құлақтар ешқандай сынды қабылдамайтынын аңғартады. Мұрынға акцент – сексуалдық проблеманың бар екенін, мұрынның тесігін анықтап салған болса, агрессияға бейімділігі.

**Қолдары.** Қол қоршаған әлеммен тұлғаның қатынасқа түсуінің символы іспетті. Қолдардың айқасып тұрғандығы тұлғаның тұйық, қатаң, тәртіпке бағынышты екендігін, жан-жағында салбырап тұрған қолдар тиімсіздікті, әлсіздікті аңғартады. Нәзік, әлсіз қолдар физикалық дене әлсіздігі не психикалық әлсіздік, қамқорлықты қажетсінуін, тәуелділікті байқатады. Ұзын да күшті қолдар амбицияны, сыртқы органның құбылыстарына қатынасының күшті екендігінің белгісі. Өте қысқа немесе қолдар мүлдем болмаса – адекватты еместіктің белгісі, қолдары артында немесе қалталарында болса – кінә сезімі, өзіне өзі сенбеу; қол бокс қолғабы секілді болса, ішкі ашу-ызаның сыртқа шыққан көрінісі. Қолда саусақ саны бесеуден көп болса – ішкі жеке өкпесі бар екенін не амбицияны байқатады. Қол жұдырық түрінде салынса – қарсылық, өкпе.

**Аяқтары.** Ұзын аяқтар еркіндікті қажетсіну. Аяқтары жоқ сурет – үректік, негіздің әлсіздігі, тіректің жоқтығы.

**Адамның суретіндегі қалпы.** Адам өз суретінде желкесін көрсетіп салса, тұйықтық. Басы профильмен, денесі анфаспен салынған болса, қоршаған ортасының туғызған қауіп сезімін байқатады. Отырғыштың шетіне отырған адам салынса – адамның тығырықтан шыққысы келгені, жалғыздықтан қорқуы. Жүгіріп бара жатқан адамның суреті – бір нәрседен, біреуден тығылып қалғысы келеді.

## «Үй – Ағаш – Адам»

Үйдің, ағаштың және түрегеліп тұрған адамның суретін салыңыз. Адамның әрекет жасап жатқанын салуға тырысыңыз.

*«Үй-Ағаш-Адам» суретіне түсініктеме:*

**Ағаш** – өмірлік энергияны, күш-қуатты бейнелейтін символ, сіздің өмірге құштарлығыңыздың өлшемін ағаш дінгегінің және бұтақтарының ауқымы, қалыңдығы аңғартады. Егер суретте ағаш көп орынды алып тұрса, үлкен күш-қуаттың барлығын және өмірге деген оң қатынасты байқатады.

**Ағаш желдің әсерінен үйге қарай иілген.** Сіз отбасыңыздың камын, тыныштығын қамтамасыз етуге ұмтыласыз. Бұл образ өткен өміріңізде тұйық болғаныңызды да аңғартуы мүмкін.

**Бұтақтар төмен бағытталған.** Мұндай суретті шешілмеген проблемалары көп адам салады. Егер ағаш үйенкі (ива) болса, депрессия немесе өткен өмірінің тұйықтығын аңғартады.

**Ағаш бұтақтары жоғары бағытталған.** Егер ағаш жерде орнықты тұрған болса, сурет алға ұмтылған, өмірде өзіндік орны бар, жолы болған, басшылыққа бағытталған адамды аңғартады.

**Бұтақтары әр жақта** – тұлға өзін тану үстінде, өзіне сенім қалыптастыру, іздену үстінде. Егер **бұтақтар мен діңгек тек бір сызықпен** салынған болса, адамның шындық өмірдегі жағымсыздықтар мен қиындықтардан қашып кетуге ұмтылатынын байқатады, яғни заттар мен құбылыстарға шындық тұрғысынан қарағысы келмеу. **Бұтақтар сыртқа бағытталған** – мұндай суретті өзгелерге көмек беруді, қол ұшын аямайтын адамдар салады.

**Үйге қарама-қарсы бағытта бұтақтары мен жасыл желегі мол ағаш суреті.** Адамның отбасылық және үй-ішілік құндылықтарды мойындамай, күш-қуатының барлығын өз бойына жұмсайтындығын аңғартады.

**Егер ағаштың тамыры салынған болса,** сіз білуге құштарсыз, жердің астында нелер жасырылды, не бар екені толғантады.

**Егер шыршаның суреті салынған болса,** сіз басшылыққа құштарсыз, билікке ұмтыласыз, белсенділік танытып, ұйымдас-тырушылық қабілеттеріңізді көрсетеді.

*Егер суретте ағаштың бойында үңгіршелер салынса*, басынан өткен психологиялық травманы, не дене жаракаты, операцияны басынан өткергенін байқатады.

*Қалалық көп қабатты үй* – бұл сурет өз проблемасымен өзі болған, тұйық, салқын адамды байқатады.

*Шатыры өте кішкене, шағын үйдің суреті* – адам өзін шаршанқы сезінеді, өткен өмірінен есте ұстарлық жақсылық таппаса да өткенін еске алғанды ұнатады.

*Патша сарайы не қорғанның суреті* – адамның жеңілтектігін, қиялшыл екендігін, алайда өзінің нақты істеріне үлгере алмай жүрген, жауапкершілігіне шек келтіріп жүрген адамды байқатады.

*Кең, жарық ауыл үйі* – отбасын құруды, бала өсіруді армандайтын, өзінің өмірлік кеңістігін кеңейткісі келетін адамның суреті. Егер үйдің айналасындағы дуал, аула неғұрлым төмен болса, соғұрлым бұл адам өзгелермен қарым-қатынасқа дайын, ашық, адамдарға сенімі мол.

*Есік*. Суретте есік салынбаған болса, адамның психологиялық тұрғыда жабық, тұйық, қарым-қатынасқа жоқтығын, өзгелердің алдында ашылудың оған қиын екендігін білдіреді. Өте кішкене есік- өзінің «Меніне» ешкімді жібергісі келмеу. Үлкен, әдемі есік – ашықтық, қарым-қатынасқа бейімділік, өзгелерге тәуелділік. Есік құлыпталынған болса, сенімсіздік, кінәмшілдік, қорғаныс тенденциясы. Есік үйдің жанынан салынса – проблемадан қашу.

*Үй алыста бейнеленген* – шеттеушілікті аңғартады.

*Үй жақыннан бейнеленген* – қонақжайлылық, ашықтық.

Егер үйдің орнына оны *жоғарыдан көрінген проекция түрінде* салса – адамның үлкен конфликтілері мен проблемалары бар екенін аңғартады.

*Шатыр* – қиял әлемі. Егер шатырдың контуры қою болса, қиялын тізгіндеп ұстағысы келуі. Үшбұрышты, ұшы сүйір шатыр – күшті сана мен кінәні сезінуі.

*Мұржа* – егер мұржаға акцент бере салынса, үйдегі ахуалға мән беріп, алаңдаушылық, сондай-ақ, күштілікті, шығармашылық бастау бар екенін аңғартады. Мұржаның жоқтығы – үйде эмоциялық жылулықтың жетіспейтіндігін көрсетеді.

*Суағар құбырлары* – өте-өте секемшілдік пен қорғанышты байқатады. Мұржадан шығып жатқан *қою түтін* – ішкі толқынысының көптігін, күрделі екенін, егер түтін жіңішке болса – үйдегі эмоциялық жылулықтың жетіспейтіндігін көрсетеді.

*Терезе*. Терезе салынбаған болса, тұйықтықты, адаммен араласпаушылықты, егер терезе неғұрлым көп болса – адамдармен терең қарым-қатынасқа ұмтылатынын байқатады. Терезе өте ашық болса – тікбақайлық пен дарақылықты, өз дегенімен жүретінін байқатады. Терезе жапқыш салынса – әдемілікке тәуелділік және қарым-қатынасты белгілі қашықта (тығыз емес) ұстауға тырысу. Терезе жапқыш жоқ болса – өз сезімін жасыру ұмтылысының жоқтығы. Бірінші қатарда терезе жоқ - сырттаушылық, дұшпандық сезім. Терезе тек жоғары қатарда, бірінші қатарда жоқ – адамның күнделікті өмірі мен қиялының арасында өткелдің жоқтығы. Кішкентай терезе ұялшақтық пен психологиялық жабықтықты білдіреді.

*Баспалдақтар мен жол сұрлеулері*.

Жақсы салынған сұрлеу өзінің мінез-құлқын жақсы бақылай алатынын және адамдармен қарым-қатынаста жақсы, әдеп сезімінің барлығын аңғартады. Ұзын сұрлеу немесе ұзын баспалдақтар қарым-қатынастағы ара-қашықтықты білдіреді. Басы кең, үйге қарай жіңішкерген сұрлеу – жалғыз болу сезімін жеңіл-желпі достық қатынас арқылы жасыруды білдіреді.

*Ауа-райы* – егер жағымсыз ауа-райы бейнеленсе, қоршаған органы дұшпан, жау ретінде қабылдау; бұлт – қауіп-қатерден қорқу, алаңдаушылық пен депрессияны білдіреді.

*Жел өтінде тұрған адам суреті* – сүйіспеншілік пен қамқорлықты қажетсінуін аңғартады.

Егер *суретте басқа адамның суреті болса*, ата-анасы, не жары, баласы – сол кісі сіздің өміріңізді алға ұмтылдыратын күштің иесі екенін білдіреді.

Егер *сіз тек өзіңізді салған болсаңыз* – өзіңізді жақсы бақылап және басқара алатыныңызды аңғартады.

Егер *сіз суретте үйдің ішінде болсаңыз* – бұл сіздің қамқорлықты, қорғанышты қажетсінетінін білдіреді.



Егер *сіздің суретіңізде үй көп орынды* алып тұрса, сіз материалдық байлыққа ұмтылудасыз. Сондай-ақ, адам суретін жақсы түсіну үшін «Автопортрет» суретінің талдауына қараңыз.

Егер сурет тым *штрихталып салынса*, психологиялық қысымның жоғарылығын байқатады.

### «Өмірде жоқ жануар» суреті

**Тапсырма:** Өмірде жоқ жануардың суретін ойлап тауып салыңыз және оған өмірде кездеспейтін ат қойыңыз. Ол қайда өмір сүреді, нені қорек етеді, неге ұмтылады, ол жөнінде әңгімелесіңіз.

*Егер сурет қағаздың жоғары оң жағында* болса, – бұл суреттің қазіргі кезбен немесе болашақпен байланысын, жағымды эмоциямен байланысты екендігін білдіреді.

*Егер сол жақ төмен салынса* – өткенмен, жағымсыз эмоциямен байланыс және енжарлықты білдіреді..

*Норма бойынша сурет қағаздың ортасына салынуы тиіс.* Неғұрлым сурет қағаздың жоғарғы бөлігіне жақын болса, өзіне бағасы жоғары да өзінің қоғамдағы орнына, қоршаған адамдардың өзін бағалауына көңілі толмаушылығы солғұрлым жоғары, ол өзінің претензияларын іске асырып, жоғарылауға ұмтылады.

*Егер сурет қағаздың төменгі бөлігіне салынса* – өзіне сенбеушілік, өзін төмен бағалаушылық, шешімге келе алмаушылық, жалтақтық.

*Егер жануардың денесі оңға бұрылған болса* – адам өзі нені жоспарласа соны орындайтынын немесе орындалып жатқандығын байқатады.

*Егер жануардың денесі солға бұрылған болса* – бұл адам ойланып-толғануға бейім, оның жоспарының кейбірі ғана жүзеге асады. Ол кейде белсенді әрекет етуден де қорқады. «Бас», яғни адамға қарап тұрған жануардың басы, эгоцентризм, өзімшілдікті байқатады.

### Басының детальдарының мағынасы:

*Құлақтарына акцент* – ақпаратқа қызығушылық, қоршаған ортаның ол туралы пікірлерінің маңыздылығы, бұл адам өзіне өзгелердің беретін бағасына эмоционалды тұрғыда мән береді, дегенмен барлық кезде ол өзінің мінез-құлқын өзгерте бермейді.

*Тілі көрініп тұрған ашық ауыздың суреті* – мылжыңдықтың белгісі, ерінді айқындап салған болса, – сезімінің күштілігі. Ерекше сызылып салынған, ерін мен тілі көрсетілмеген ашық ауыз суреті – үркектік, қорқыншы, сенімсіздік белгісі. Тістерімен салынған ауыз – вербальдық агрессия (ауызша қарсылық көрсету, қокан-лоқы, дерекілік).

*Көздері.* Егер көздері өте айқын етіп салынған болса, – адамға тән қорқыныштың символы. Кірпіктерінің болуы – истерикалық-демонстрациялық қылық, айналадағылардың оған таңқалуын, сұлулығы мен әдемі киімін көріп таңқалса деген қажеттілік.

### Жануардың басында қосымша бөліктер болса:

*Мүйіз* – агрессия, басқа да агрессия белгілерімен – тырнақтары, инелері, қабыршақтарымен байланысса, агрессияның сипаты анықталады: аяқ асты суырып салып сөйлеушілік немесе қорғаныс-жауап беру агрессиясы.

## ҚОСЫМШАЛАР

### АТА-АНАЛАР ҮШІН

#### Қосымша 1

Ата-аналардың нақты сұрақтарына жауап берместен бұрын, біз бала дамуына көмек беретін бірқатар психологиялық пікірлермен бөліскіміз келеді. Бұл пікірлер біздің көзқарасымыз бойынша баланың бүкіл өмір бойы сенімді және дұрыс қатынас орнатуға көмек береді. Әрі қарай біз айтатын барлық нәрсе балалармен тең құқылы қатынас орнатқанда ғана тиімді болады. Бірақ тең құқылықтың өзіндік шектері бар. Біз және біздің балаларымыз бұл әлемде тұруға, өз-өзімізбен болуға, бақытты болуға құқылымыз. Бірақ қымбатты ата-аналар, біздің балаларымызбен қатынас кезіндегі жауапкершілік деңгейінде тең емеспіз. Біз оларға қарағанда тәжірибелі, ақылды, баланың әрі қарай өміріне толығымен жауап береміз. Оларға тек біз көмек бере аламыз. Бала дамуында біздің жауапкершілігіміз көрінуі қажет. Әсіресе бұл бала жеткіншектік кезеңге жеткен кезде, өзіміздің ата-аналық міндетімізге ақылды – парасатты көзқарас танытуымыз керек. Ұл-қыздарымыздың өміріне, әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауымыз керек. Көптеген тәжірибелердің көрсеткіші бойынша бұл қадам күрделі екендігі байқалады. Әсіресе, жауапкершілікті білдірту, махаббат пен көмек беру негізінде үйлесуі керек.

**Шексіз сүйіспеншілікті тек қана ата-аналар бере алады:** өмірінің алғашқы жылдары ата-анасының қамқорлығы бала үшін, өзінше бір әлем моделі болып табылады. Отбасындағы жылылықпен тыныштық болашақта баланың қатаң, күрделі өмірдегі орнын анықтайды. Балада және ересек адамдардағы эмоциялық саулық, өмірге және өзіне деген жағымды қатынас оның ата-анасының қабылдауына байланысты.

Бұл сөздердің астарында не жатыр?

Шексіз махаббат немесе қабылдау «ұлымды немесе қызымды қандай болғанын қалаймын» оның үлгерімі, ерекшеліктері біз күткендей болуы міндетті емес, бала қандай болса сондай болуына құқылы дегенді білдіреді.

Баланың кез-келген әрекетін ата-аналар ақау немесе кемістік деп қабылдамай, басқа адамдарға ұқсамайтын, даму деңгейінің ерекшелігі ретінде түсінуі керек.

Қабылдау – баламен конструктивті қатынас базасы. Бұл қатынаспен сезім шынайы болу керек. Бала біздің қатынасымыздағы және сезімімізді білдірудегі кез-келген жалғандылықты, жасандылықты сезеді. Егер ең жақын, беделді ата-аналарымыз бізге өздерінің шексіз махаббаттарын көрсете алмаса, басқа адамдардан не күтуге болады? Баласын ол арық немесе семіз, дарынды немесе миғұла, шамадан тыс белсенді немесе жайбасарлығына қарамастан ата-аналар ғана жақсы көруге қабілетті. Сонымен қатар, балаға өз махаббатын білдіріп отыру өте маңызды. Ата-аналарға мұны орындау оңай, бұл табиғи құбылыс, бірақ көбінесе баланы шектен тыс еркелетіп аламыз деп өз қабылдауларымызға, сезімдерімізге шектеу қойып жатамыз, ал олар бала үшін қажет. Ата-аналық қабылдау – баланың ұзақта, бақытты өмірі үшін «қорған» болып табылады. Әсіресе қабылдаумен шексіз махаббат баланың ата-анасымен қарым-қатынасы (алғашқы кезекте анасымен) эмоция негізінде құрылатын өмірінің алғашқы жылдары маңызды. Балада өмірді танып, оларды жүйелеп қабылдау қабілеттері әлі аз. Ата-аналар әсіресе анасы әлеммен өсіп келе жатқан бала арасындағы делдал қызметін атқарады. Бала қамқорлықпен жылулықты сезінсе, «Бұл өмір сен үшін жау емес, оған сенуге болады...» деген белгі береді. Бірақ балаға өте көп шиеленушілік, жылулықпен қамқорлық аз болса, бұл өмірге деген яғни, келешекте өзіне деген сенімсіздіктің қалыптасу жолы. Мамандар мұндай жетіспеушіліктің орнын толтыру қиынға соғады дейді.

Ата-аналарда өз балаларын қабылдау қиындығы көбінесе болашақ ұл немесе қызының идеалды үлгісі болады, сол үлгідегі ауытқуды олар теріс қабылдайды. Тағы бір себебі, өзіміз соны тілемей, бірақ баламен қатынасымызда берілетін өзіндік рұқсат бермеулер және ішкі қақтығыстар. Ал кейбір ата-аналар «еркелетіп» аламыз деп әдейі балаларына өз сезімдерін білдірмейді. Ата-аналар махаббаты еш уақытта көп болмайды.

## ОТБАСЫНДА БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚАТЕЛІКТЕР

Ата-ана қатесін шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

- жанұядағы өмір жағдайының ретсіздігіне байланысты ата-ана әр қилы іс-әрекеттері арқылы балаға өнеге көрсете алмауы;

- баланың әрбір ісі мен қимылына сәйкес, ата-ананың нақтылы шара қолдана алмауы.

Бірде ғылыми қызметкер оқушылардың бір топ ата-аналарынан отбасы тәрбиесінде жиі кездесіп отыратын қателіктерді атап айтуларын өтінеді. Ата-аналар елуден аса қателіктерді айтады. Солардың ішінде елеусіз және үнемі кездесіп отыратыны мыналар:

- баланың бір жасқа толғанға дейінгі өмірінде оған тұрақты көңіл аударылмауы;

- балаға біркелкі және нақты талап қойылмауы;

- баланы бет алды және естен тана жақсы көруі;

- үйдегі барлық ересек жанұя мүшелерінің назары жалғыз балада болады;

- ата-аналар өздерінің балалық шағында бастарынан ауыр тұрмыс халін кешірген, сондықтан да олар баласының жеңіл-желпі тіршілік етуі үшін деп санаиды.

- Балаға ата-ана тарапынан тиісті талап-тілектер қойылмаған;

- Науқас болғандықтан баланы аяп, оның денсаулығын бұзып алмауы үшін, оған қажет талаптар қойып отыруды орынды деп санамайды;

- Ата-аналар басты күшті отбасын материалдық қажеттіліктермен қамтамасыз етуге жұмсап, бала тәрбиелеуді екінші кезектегі іс санаған;

- Отбасы тәрбиесінің мақсаты, міндеті, әдіс-тәсілі жетілмеген;

- Бала үйдегі жақсы жағдайға дандайсыған;

- Бала тәрбиесіндегі қайшылықтар: шектен тыс босаңсыту, өз бетімен жіберу немесе қорқыту, аса қатаң, орынсыз жазалау;

- Шектен тыс қатаңдық (ата-ананың дәрекі билігі, ұрып-соғып жазалауы, өктем қылықтары);

- Ата-аналардың балаларды сүйкімді және жағымсыз деп бөлуі.

Бұл жерде осы айтылған қателіктердің балаға қалай әсер ететініне, яғни тек екеуіне ғана талдау жасап көрейік. Мысалы: отбасы тәрбиесіндегі елеулі кемшілік: ата-аналардың тәрбие істерінің мақсат-мүддесін, оның түрлері мен әдіс-тәсілдерін жете түсінбеуі балаға кері

ықпал етеді. Өкінішке орай, жанұядағы мұндай қателіктердің орын алуы баланың оқудағы жетістіктеріне ғана емес, сондай-ақ, басқа да сапаларына, соның ішінде оқушылардың қоғамдық белсенділігіне теріс әсер етеді.

Келесі: баланы тәрбиелеуде бірыңғай талап пен айқын бағыттың болмауы да елеулі қателік болып табылады. Ата-аналардың 25% бұл қателердің өз жанұяларында күшті және орта дәрежеде екенін айтады. Негізінен, үлгерімі жақсы оқушылардың 61% ата-аналары бірыңғай талап қоятын, оны күнделікті іс жүзіне асыруға ұмтылатын отбасынан, ал үлгерімі төмен оқушылар балаларға бірыңғай талап қоюда өзара келісімі жоқ ата-аналар жанұясынан.

## Ата-анаға кеңес

- Балаңызға ешқашан ол басқалардай емес деген кемсітушілік, аяушылық танытпаңыз.

- Балаңызға өзіңіздің махаббатыңыз бен көңіліңізді бөліңіз, бірақ басқа да отбасы мүшелері бар екенін ұмытпаңыз, оларға да Сіздің жылылығыңыз қажет.

- Балаңыздың жағымды жақтарын сақтауда ештеңеге қарамаңыз.

- Үй тұрмысында әр отбасы мүшесі өзінің жеке өмірін «құрбан» санамайтындай ұйымдастырыңыз.

- Балаға міндет пен келелі мәселені шешуге тосқауыл қоймай, барлық шаруаны баламен бірігіп шешіңіз.

- Балаға өз бетімен іс-әрекетке шешім қабылдай беруге мүмкіндік беріңіз.

- Өзіңіздің сыртқы келбетіңіз бен тәртібіңізді қадағалаңыз. Балаңыз Сізді мақтаныш тұтатындай болсын.

- Балаңыздың кейбір талабы шектен тыс деп есептесеңіз, одан бас тартудан қорықпаңыз.

- Теледидар мен радио Сіздің орныңызды баса алмайды, сондықтан баламен өзіңіздің әңгімелескеніңіз жөн.

- Баланың өз қатар-құрбысымен араласуына шек қоймаңыз.

- Педагог, психолог кеңестеріне жиі көңіл бөліңіз.

- Педагогикалық әдебиеттермен қоса көркем әдебиеттерді де жиі оқыңыз.

- Балалы жанұялармен көбірек араласып, тәжірибе алмасыңыз.

- Балаңыздың есейіп, жанұялы болатынын да есте сақтап, оларды болашақ жанұялық өмірге дайындап, әңгімелесіңіз.

**Р.В.ОВЧАРОВАНЫҢ «ОТБАСЫНДАҒЫ  
АЛАҢДАУШЫЛЫҚТЫ ТАЛДАУ» САУАЛНАМАСЫ**

**Нұсқау:** Сауалнама сіздің үйдегі, отбасындағы көңіл-күйіңізді анықтауға арналған. Пайымдаулар номерленген. Сондай номерлер сауалнама бланкісінде де берілген. Сіздің міндетіңіз- сауалнамадағы пайымдаулардың барлығын кезегімен оқып шығып, өзіңіз келісетін пайымдаудың бланкідегі нөмерін шеңберге алыңыз. Егер жауап таңдау мұндай жағдай үштен артық болмау керек. Сіз өзіңіздің отбасындағы көңіл күйіңізді сипаттайтыныңызды ұмытпаңыз. Өзіңіз шын мәнінде не сезінесіз, соны белгілеңіз.

**Сұрақнама**

1. Отбасы мүшелерінің маған жиі көңілдерінің толмайтынтының білемін.
2. Мен қалай орындасам да, бәрі бір ойдағыдай болмайтының сеземін.
3. Мен көп нәрсені орындауға үлгермеймін.
4. Менің отбасымдағы болып жатқан жағдайларға үнемі мен кінәлі болып қаламын.
5. Отбасында өзімді жиі көмексіз сезінемін.
6. Үйде жиі күйбелектенемін.
7. Үйге келгенде өзімді икемсіз сезінемін.
8. Отбасымның кейбір мүшелері мені қолынан түк келмейді деп санайды.
9. Үйде болғанда мен үнемі бір нәрсеге алаңдаймын.
10. Өз отбасымның сынына жиі ұшыраймын.
11. Үйге келе жатып, мен жоқта бір нәрсе болып қалды ма деп алаңдаймын.
12. Тағыда бір нәрсені орындауым керек деген сезімді сезінемін.
13. Өзімді керексізбін деп сезінбеймін.
14. Үйдегі жағдай мені жиі шаршатады

15. Мен кетіп қалсам, ешкім байқамайтын сияқты.
16. Үйде үнемі ұстамды болуға тырысамын
17. Үйге келе жатқанда бір нәрсені орындаймын деп ойланып, басқа нәрсені орындаймын.
18. Отбасы жұмыстарын ойлай бастағанан-ақ уайымдай бастаймын.
19. Отбасымның кейбір мүшелері достары мен таныстарының алдында мен үшін ыңғайсыз жағдайға қалады.
20. Көбінесі артық қыламын деп, тыртық қыламын.
21. Маған отбасымдағы көп нәрселер ұнамайды, бірақ мен оларды көрсетпеуге тырысамын.

**ОАТ сауалнамасының бланкісі**

Сұрақ номерлері	Шкалалар	Диагностикалық мән
1 4 7 10 13 16 19	В	5
2 5 8 11 14 17 21	Т	5
3 6 9 12 15 18 21	Н	6
	С	14

Отбасындағы алаңдаушылық, шеңберге алынған бланкісіндегі жауаптар санымен тең немесе диагностикалық мән көп болғанда ғана анықталады.

**Белгілеу:**

- «В» – отбасында өзін кінәлі сезіну;
- «Т» – алаңдау;
- «Н» – жүйкелік психологиялық күштеу;
- «С» – отбасы алаңдаушылығын отбасы жағдайының типологиясы ретіндегі интегралды көрсеткіш.

### Р.В.ОВЧАРОВАНЫҢ «ТИПТІК ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ» ӘДІСНАМАСЫ

**Нұсқау:** Ойша өз отбасыңызға оралыңыз үйіңіздің есігін ашқан кезде қандай сезімде болатыңызды есіңізге аласыз. Демалыс күндері кешке өзіңізді қалай сезінесіз. Жалпы отбасы өміріңізді есіңізге түсіріңіз. Көбінесе өзіңізді қалай сезінесіз. Шкалалар бойынша белгілеңіз.

#### ӘДІС БЛАНКІСІ

Аты-жөні -----

Көңіл-күй	Бағалар шкаласы	Көңіл-күй	Индекс
Ырза	0 1 2 3 4 5 6 7	Ырза емес	У
Сабырлы	0 1 2 3 4 5 6 7	Сабырлы емес	Т
Зорығу	0 1 2 3 4 5 6 7	Босаңсыну	Н
Көңілді	0 1 2 3 4 5 6 7	Ренжулі	У
Қажет	0 1 2 3 4 5 6 7	Артық	Т
Тыныққан	0 1 2 3 4 5 6 7	Шаршаулы	Н
Дені сау	0 1 2 3 4 5 6 7	Ауру	У
Батыл	0 1 2 3 4 5 6 7	Жасқаншак	Т
Алаңсыз	0 1 2 3 4 5 6 7	Уайым басқан	Н
Жаман	0 1 2 3 4 5 6 7	Жақсы	У
Епті	0 1 2 3 4 5 6 7	Епсіз	Т
Бос	0 1 2 3 4 5 6 7	Бос емес	Н

**Өңдеу:** Шкаладағы индекспен сәйкес келетін ұпай сандары қосылады. Көңіл-күйді белгілеу.

Егерде баға соммасы субшкала бойынша диагностикалық мәннен артық немесе тең болса:

«У» шкаласы бойынша (жалпы қанағаттанбаушылық)-26 ұпай.

«Н» шкаласы бойынша (жүйкелік, психологиялық күштеу) -27 ұпай

«Т» шкаласы бойынша (отбасылық алаңдау) -26 ұпай

### АТА-АНА ҚАТЫНАСЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕ

**Мақсаты:** ата-аналардың өз балаларымен қатынасының ерекшеліктерін психодиагностикалауға арналған. Орындау ережесі. Ата-аналарға тапсырмалар жазылған парақ таратылады. Олар әр тұжырымдаманы мұқият оқып, жауап парақтағы тұжырымдаманың номерінің тұсына «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап береді.

Әдістеменің авторлары А.Я.Варга, В.В.Столин бұл әдістемені құрғанда ата-аналар өз балалармен қарым-қатынас жасау барысында олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін қабылдауы мен оның салдарынан орын алатын сезімін көрсететін мінез-құлық стереотиптерін анықтау жолдарын тапқан.

Әдістеме негізінде ата-аналардың балаларымен қатынас жасау ерекшеліктерін бес шкала бойынша бағалау қойылған:

1. «Қабылдау - шектету».
2. «Бірлестікте болу» (кооперация).
3. «Симбиоз».
4. «Өзімшілдікпен гиперэлеуметтендіру».
5. «Кішкентай қолапай» (олақ, ебедейсіз).

Әр қатынас типіне мінездемелер берілген. Олар тапсырмалардан соң берілген.

Тапсырмалар.

1. Менің балама барлық уақытта жаным ашиды.
2. Менің балам не туралы ойланып жүргенін мен барлық уақытта біліп отыруым керек.
3. Мен баламды сыйлаймын.
4. Менің баламның мінез-құлқында нормадан едеуір ауытқулар байқалады.
5. Қоршаған ортадағы болып жатқан оқиғалар бала жанын жаракттайтын болса оны осы ортадан аулақ ұстау керек.
6. Балама тілектеспін.
7. Жақсы ата-ана баласын барлық қиындықтардан қорғап жүреді.
8. Мен баламның жағымсыз екенін жиі сезінемін.

9. Мен балама барлық уақытта көмектесемін.
10. Баланы келемеждеп отырғанның кейде пайдасы бар.
11. Өз балама қарап әттеген-ай, деп ызаланамын.
12. Менің балам өмірде ешнәрсеге қол жеткізе алмайды.
13. Басқа балалар менің баламды мазактап жүретін сияқты.
14. Менің баламның іс әрекетіне көңілім толмайды.
15. Менің балам өз жасына қарағанда жетіліңкіремей қалған.
16. Менің балам менің жынымды келтіру үшін жексұрындық жасайды.
17. Менің балам барлық жамандықтарды өзіне шаңсорғыштай тартып алады.
18. Қанша тырысқанмен менің баламды жақсы мәнерлерге үйрету мүмкін емес.
19. Жақсы адам болуы үшін баланы қатал тәртіпке кішкентайынан үйрету керек.
20. Менің үйіме балаларымның достары келгенін жақсы көремін.
21. Балама көп көңіл бөлемін.
22. Барлық «жамандық» менің балама жабысқақ келеді.
23. Менің баламның өмірде табысты болуы мүмкін емес.
24. Өзгелер өз балалары туралы әңгіме көтергенде менің баламның өз ойындағыдай болмағанына, өте қабілетсіз болғанына ұяламын.
25. Мен баламды аяймын.
26. Баламды басқа құрбыларымен салыстырғанда өзге балалар менің баламнан әлде қайда ересектеу және ақылдылау сияқты.
27. Мен бос уақытымды өз баламмен бірге өткізгенімде сүйсіну сезіміне бөленемін.
28. Мен баламның күннен күнге есейіп бара жатқанын түсініп, оның кішкентай кездегі қылықтарын ерекше сезіммен еске аламын.
29. Мен өзімнің балама қастандықпен қарайтынымды кейде байқап қаламын.
30. Менің қолым жетпегендердің барлығына баламның қолы жетсін деген ниеттемін.

31. Тек баланы өзіңе икемдей беруге тырыспастан, ата-аналар да балаларына икемделуі керек.
32. Мен баламның өтініштерінің барлығын толық орындауға тырысамын.
33. Отбасында бір мәселе бойынша шешім қабылдағанда баламның да пікірін ескеру қажет.
34. Баламның өмірі мені барлық уақытта қызықтырады.
35. Баламен тіл табыса алмай қалғанда оның айтқанының да жаны бар екенін мойындаймын.
36. Ата-аналар да қателесетінін балалар ерте түсінеді.
37. Барлық уақытта баламның айтқан пікірімен санасамын.
38. Балама достық сезімімен қараймын.
39. Баламның шатақ мінезінің негізгі себептері – менмендігі, қырсықтығы және жалқаулығы.
40. Кезекті демалысты баламен бірге өткізгеннен қиын нәрсе жоқ.
41. Негізгі мәселе – балалардың балалық шақты қамсыз және уайымсыз өткізуін қамтамасыз ету.
42. Кей кезде менің баламның қолынан ешқандай жақсылық келмейтін сияқты болады.
43. Мен өз баламның қызығушылықтарын қолдаймын.
44. Менің балам кімдіде болса ашуландырады.
45. Баламның қапа болған нәрселерін жақсы түсінемін.
46. Менің балам мені жиі қапаландырады.
47. Бала тәрбиелеу - жүйкені тоздыру.
48. Баланы қатал тәрбиелеу нәтижесінде өр мінеділік қалыптасады.
49. Өз балама сенім білдіре алмаймын.
50. Қатал тәрбие үшін балалар болашақта алғыс айтады.
51. Кейде өз баламды жек көретін сияқты боламын.
52. Баламның кемістіктері оның оң қасиеттерін жоққа шығарады.
53. Баламның ниеттерін қолдап отырамын.
54. Балам өз бетімен бірнәрсені істеуге қабілеті жетпейді, егер істесе де оның дұрысынан бұрысы көп болады.
55. Балам өмірге икемділігі жоқ болып өсіп келеді.
56. Менің балам сол болмысымен өзіме өте ұнайды.

57. Мен баламның ден саулығын сақтауға өте көп көңіл бөлемін.

58. Өз баламның табысты болғанына жиі қуанып, қайран қаламын.

59. Баланың ата-анасынан жасыратын сыры болмауы керек.

60. Мен өз баламның қабілеттілігіне сенімім зор екенін одан жасырмаймын.

61. Баланың ата-аналарына ұнаған балалармен достасқаны дұрыс.

### БАҒАЛАУ ШКАЛАСЫ:

Кілтке сай келген «Иә» деген жауапқа 1 ұпай, ал «Жоқ» деген жауапқа 0 ұпай беріледі.

1. «Қабылдау - шектету»: 3, 5, 6, 8, 10, 12, 14, 15, 16, 18, 20, 23, 24, 26, 27, 29, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 51, 52, 53, 55, 56, 60.

2. «Бірлестікте болу»: 21, 25, 31, 33, 34, 35, 36.

3. «Симбиоз»: 1, 4, 7, 28, 32, 41, 58.

4. «Өзімшілдікпен гиперәлеуметтендіру»: 2, 19, 30, 48, 50, 57, 59.

5. «Кішкентай қолапай»: 9, 11, 13, 17, 22, 54, 61.

**Талдау ережесі:** Әр шкала бойынша жинаған ұпайлар есептелінеді, нәтижесі төменде берілген мінездеме бойынша талданады.

#### Шкалалар бойынша мінездеме:

1. «Қабылдау-шектеу». Бұл шкала ата-ананың балаларымен одақтастығының екі полюстегі көріністерінің ерекшеліктерін бағаланады. Бұл көрсеткіш бірінші шкала бойынша 14 және одан төмен ұпай жинаса қатынас шкаланың бірінші полюсында болғаны. Оның мазмұны: ата-анаға баласы ұнайды, оның өзі қандай болса солай қабылдайды. Баланың пікірлерімен санасып, оны сыйлайды, жақсы көреді. Көп уақытын баламен өткізіп, оның жоспарлары мен қызығушылықтарын қолдап отырады. Бұл шкала бойынша жинаған баллар саны 15 және одан жо-

ғары болса қатынас шкаланың екінші полюсында болады. Бұл көрсеткіштің мазмұны: ата-ана өз баласына көңілі толмастан, оны жаман адам, ешнәрсе қолынан келмейтін қолапай деп қабылдайды. Ол өз баласының қабілеті төмен деп есептеп, болашақта табысты болуына күмәнданады. Баласын жаман көріп, өмірге қапалық білдіреді. Балаға сенімсіздікпен қарап, оны ешқандай сыйламайды.

3. «Бірлестікте болу» (кооперация) – ата-ананың баланы әлеуметтендіруге өте ыңғайлы көзқарасы. Зерттелінуші жинауға болатын 7-8 ұпай ата-анамен бала арасында түсінушілік те мол болады. Бұл шкаланың мазмұны: ата-ана баланы әлеуметтендіруге қызығушылық білдіреді, оның жоспарларын жүзеге асыруға көмектесіп, барлық уақытта оны түсінуге тырысады. Баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілетін жоғары бағалайды, оны табысты болғанына мақтанады. Олар баланың ықыласы мен дербестігіне қолдау көрсетеді. Кейбір пікірталастарда баланың көзқарасымен санасады және балаға деген үлкен сенім білдіреді.

4. «Симбиоз» - (ұзақ уақыт немесе өмір бойы бірге тіршілік жасауға даярлық) баламен қатынастағы бірлестікті көрсететін шкала. Бұл өлшем бойынша (жинауға болатын ең жоғары ұпай 7) жоғары көрсеткіш ата-ананың баламен бірге, бір-біріне пайда келтіріп өмір сүруге даяр екенін көрсетеді. Симбиоздық қатынас – ата-ананың өз баласымен байланысының өте мекем, біртұтас сезімге негізделген екендігінің белгісі. Баланы өте кішкентай, өзін қорғауға шамасы келмейді деп қабылдап, оның барлық мұқтаждықтарын уақытында қанағаттандыруға, барлық сәтсіздіктерден қорғауға даяр. Бала өзбетімен күн көруге ынта білдіргенде ата-ананың мазасыздануы жоғарылап, баланың жүгенін босатқысы келмейді.

5. «Өзімшілдікпен гиперәлеуметтендіру» - баланың өмір тіршіліктерін қатал бақылап, басқарып, қадағалап отыруға бағытталған қатынас. Бұл шкала бойынша жиналған ұпай өте жоғары болғаны (7 ұпайдан) ата-ананың авторитарлығының белгісі. Баладан ата-анаға сөзсіз бағынуды және қатал тәртіпті талап етеді. Баланың ой-пікірлерімен санаспастан, тек өздерінің айтқанын істетеді. Баланың өзіндік пікірі мен өзбетімділігі көрініс

бергенде олар қатал жазаланады. Баланың әлеуметтік ортадағы жетістіктері мен оған жетудегі қадамдары, жеке тұлғалық ерекшеліктері, әдеттері, ой-пікірлері, сана-сезімі толық қадағаланады.

6.«Кішкентай қолапай» - ата-ананың баласының жеке тұлғалық ерекшеліктерін қабылдауы мен түсінуін көрсетеді. Бұл шкала бойынша жинаған ұпайлар жоғары болғаны (8 ұпай) баланы инфантильдендіруге, үлкендерге тәуелділігін нығайтуға, оның өз бетімен күн көруге шамасы келмейтіндігі туралы сенімді нығайтуға бағытталған. Баласын ақиқат жасынан кіші көріп, оның қызығушылықтары, әдеттері, ой-пікірлері, сезімдері, айтқан сөздері кішкентай баланың былдырындай қабылданады. Баланы қоршаған ортаға ыңғайлана алмайтын, сәтсіздікке жиі ұшырайтын жаңғалақ деп түсініп, ол барлық теріс әсерлерді тез қабылдайтын деп түсінеді, сондықтан ол ата-ана өз баласына сенімсіздікпен қарап, қоршаған ортадан оны қорғау үшін барлық әрекеттерін қатал қадағалайды.

#### *Қосымша 6*

### **БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ДИАГНОСТИКАЛУ ҮШІН АТА-АНАЛАРМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР**

1. Баланың бір күннің ішінде көңіл-күйінің көтеріліп және түсуін жиі байқайсыз ба?
2. Оны қызу және көңілді деп айта аласыз ба?
3. Бала бір нәрсені дұрыс істемедім деп көп ойлайды ма?
4. Соңы табысты болып аяқталмайтынын біле тұра бір жұмысты ұзақ уақыт бойы жасай алады ма?
5. Балаңыз өкпешіл ме?
6. Бөтен адаммен сөйлескенде қысыла ма?
7. Бала бір орында отыра алмайтындай қозып кететін кездері болды ма?
8. Армандауды жақсы көре ме?
9. Оны ашуланшақ деуге бола ма?
10. Ұйқысы тыныш па?

11. Бір істі, ойынды соңына дейін жеткізе ме?
12. Өзін кінәлі деп санайтын кездері жиі бола ма?
13. Негізгі ойларынан көңілі жиі бөліне ме?
14. Үйде жалғыз өзі қалуға қорқа ма?
15. Дау-жанжал шыққан жағдайда, ол туралы ұзақ уайымдайды ма?
16. Біркелкі жұмыстан тез жалығады ма?
17. Жұмысынды пайда болған қиындықтарды өз бетінше жеңуге тырыса ма?
18. Бала жиі “бұртия” ма?
19. Оны күйгелек деп айтуға бола ма?
20. Ешқандай себепсіз бір жері ауырған кездері бола ма?
21. Бір ісі үшін сын білдіргенді көңіліне тез ала ма?
22. Бір істі жасап отырып көңілі жиі бөліне ме?
23. Көңіліне жара түсіретін оқиғалардан, мазасыз ойлардан ұйқысы бұзыла ма?
24. Әсерлі оқиғаларда дене мүшелерінің тартылғанын, қасақана қимыл жасағанын байқадыңыз ба?
25. Өзі ойлағанындай болмаса, жылап, еркіңізге бағынбай аса қызу әрекет жасай ма?
26. Жұмысын уақытында аяқтап үлгере ме?
27. Үлкендердің көзінше қысыла ма?
28. Ойын сәтсіз аяқталса қажып, жасағанын қирата ма?
29. Құрдастарымен әртүрлі жағдайлардың себебімен жанжалдаса ма?
30. Үлкендермен де солай жасай ма?

Нәтижесі бойынша мінездеме құрылады. Ата-анаға баланың мінез-құлқын жақсы білетін үлкендерден оның тәртібін бағалап, қайсарлығы, жігері, эмоционалды тұрақтылығы немесе тұрақсыздығы, қызбалығы туралы қорытынды жасауын өтінсеңіз болады.



**К.Томастың «Конфликтідегі әрекет стратегиясы» тесті  
Конфликт жағдайында сіз жол (амал) таба аласыз ба?**

**Мақсаты:** Адамның мінез-құлық стилін анықтау (Жүріс-тұрыстың). Жеке адамның конфликтілік жағдайға деген тапқырлығын анықтау.

**Методикаға түсініктеме:**

Туындап отыратын конфликтті шешу мақсатымен, конфликт жағдайын басқаруда индивидуумдерге тән мінез-құлықтарды, олардың қайсысы продуктивті, қайсысы деструктивті екенін анықтау маңызды. Және қандай жағдайда продуктивті мінез-құлыққа стимул жасауда болады.

К.Томас конфликтілі мінез-құлықтың типологиясын негіздей отырып, мінез-құлықтың екі стилін ажыратады: 1- кооперация. Бұл конфликт жағдайында адам зейінінің, басқа адамның тілек-мүддесімен байланыстылығы.

2-бірбеткейлік. Яғни, өз қызығушылығын қорғаудағы, акценттік жағдайлардың көрінуі.

Осы екі стильге сай К.Томас конфликтті реттеудің келесі тәсілдерін көрсетеді:

А) Жарыс (у) (қарсыластық), эффективтілігі аз болғанмен, конфликт жағдайында көп қолданылады. Бұл тәсіл, басқаға залал, нұқсан келтіріп, өз ойын іске асыруда көрінеді.

Б) Бейімделушілік, басқа үшін өз мүддесін құрбан ету. Бұл қарсыласуға қарама-қайшы тәсіл.

В) Компромисс, екі жақтың да мүддесін қорғайтын, конфликт кезіндегі қарсыластардың келісімге келуі.

Г) Иілу (кету). Кооперацияға деген ұмтылыстың жоқтығы, өзіндік мақсатқа жету кезіндегі тенденцияның болмауы.

Д) Әрекеттестік (сотрудничество), екі жақтың да тілек-мүддесін толық қанағаттандыратын, альтернативті шешім.

К.Томас: «Конкуренциялық жағдайда конфликттен қашып, екі жақтың ешқайсысы да жетістікке жете алмайды, бейімделу және компромисс жағдайларында тек бір ғана адам жеңе алады, ал екіншісі жеңіледі немесе немесе екеуі де жеңіліске ұшы-

райды. Тек әрекеттестік (сотрудничество) жағдайында ғана екі жақ бірдей табысқа жете алады» - деп санайды.

Сұрақтама 30 жұпқа біріктірілген, 60 пікірден тұрады. Зерттеулердің қандай типке жататындығын анықтау үшін, оған әрбір жұпты мұқият оқып шығып оның өз мінез-құлқына сай келетін біреуін таңдап алу ұсынылады.

**Инструкция:** Сізге ұсынылған сұрақтама екі жұп пікірден тұрады: а және б. Әрбір жұп пікірді мұқият оқып шығып, өзіңіз көбінесе қалай шешім өрекет етсеңіз, соған сәйкес пікірдің біреуін таңдап аласыз.

Сізге 30 жұп пікірлер беріледі. Дау жан-жалды немесе дау-дамайлы ситуацияларда сіздің әрекетіңізге сай келетін бланкіде толтырыңыз.

1. А. Мен кейде даулы мәселеде жауапкершілікті өзге адамның алуына жол беремін.

Б. Арамыздағы айырмашылықты талдағаннан гөрі, екеуіміздің келісетін жерлерімізге көңіл аударуға тырысамын.

2. А. Мен компромисті шешім табуға тырысамын.

Б. Мен өзгелердің және өзімнің қызығушылықтарымды ескере отырып істі тындырғанды ұнатамын.

3. А. Әдетте мен өз дегеніме жетуге табанды түрде тырысамын.

Б. Кейде мен, біреудің тілегі үшін, өз мүддемді құрбан етемін.

4. А. Мен компромисті шешім табуға тырысамын.

Б. Мен басқаның намысына тимеуге тырысамын

5. А. Даулы мәселені шеше отырып, мен әрқашан өзгеден қолдау табуға тырысамын.

Б. Мен пайдасыз күйзелістен арылу үшін бәрін істеуге тырысамын.

6. А. Өзіме туындайтын қолайсыздықтан шығуға тырысамын.

Б. Мен уақыт өте біржола шешу үшін, даулы сұрақ шешімін кейінге қалдыруға тырысамын..

7. А. Бір нәрсеге жету үшін, басқа нәрсені қию, мен үшін мүмкін деп ойлаймын.

Б. Өз дегеніме жетуге тырысамын.

8. А. Әдетте мен өз дегеніме табанды түрде талпынамын.  
Б. Біріншіден даулы мәселенің неден түп негізін анықтауға тырысамын.

9. А. Кейбір келіспеушіліктердің пайда болуына маңызданбау керек деп ойлаймын.

Б. Мен өз дегеніме жету үшін күш жұмсаймын.

10. А. Өз дегеніме қатаң талпынамын.

Б. Мен компромисті шешім табуға тырысамын.

11. А. Мен біріншіден даулы мәселелердің түп негізін анықтауға тырысамын.

Б. Мен өзгені тыныштандыруға, ең бастысы өзіміздің қатынасымызды сақтауға тырысамын.

12. А. Мен көбіне дау тудыратын позициядан бастартамын.

Б. Егер, қарсыласым мені қолдайтын болса, мен оған өз пікірінің кейбіреуін жақтауға мүмкіндік беремін.

13. А. Мен ортаңғы позицияны ұсынамын.

Б. Менің табандылықпен өз айтқанымдай болғаның талап етемін.

14. А. Мен өзгеге өз ойымды айтып, оның пікірін сұраймын.

Б. Мен өзгеге логикалық және менің көзқарасымның дұрыстығын көрсетуге тырысамын.

15. А. Мен қарсыласымды тыныштандыруға, ең бастысы өзіміздің қатынасымызды сақтауға тырысамын.

Б. Шиеленістік жағдайдан шығу үшін барлығын жасауға тырысамын.

16. А. Мен өзгенің намысына тимеуге тырысамын.

Б. Мен өзімнің позициямның дұрыстығын өзгеге жеткізуге тырысамын.

17. А. Әдетте мен өз дегеніме табанды түрде жетуге тырысамын.

Б. Мен пайдасыз шиеленістен шығу үшін бәрін істеуге тырысамын.

18. А. Егер осы басқаны бақытты етсе, мен оның дегеніне жетуіне мүмкіндік беремін.

Б. Егер қарсыласым мені қолдаса, мен оған өз пікірінде қалуға мүмкіндік беремін.

19. А. Мен біріншіден даулы мәселелердің түп негізін анықтауға тырысамын.

Б. Мен даулы мәселені біртіндеп соңына жеткізу үшін кейінге қалдыруға тырысамын.

20. А. Тез арада арамыздағы келіспеушіліктерді шешуге тырысамын

Б. Мен екі жақтың да пайдасы мен шығынынның жақсы үйлесімін табуға тырысамын.

21. А. Келісім жүргізе отырып, мен өзгенің тілегіне мұқият болуға тырысамын.

Б. Мен мәселені тікелей шешуге әрқашан бас иемін.

22. А. Маған және өзгеге ыңғайлы позицияны табуға ұсынамын.

Б. Мен өз позициямды қорғауға тырысамын.

23. А. Әдетте мен біздің әрқайсымыздың, тілегімізді қанағаттандыруды ойлаймын.

Б. Мен кейде даулы мәселеде жауапкершілікті өзге адамның алуына жол беремін.

24. А. Егер, осы позиция басқа үшін өте маңызды болса, мен оған қолдау көрсетуге тырысамын.

Б. Басқаның компромиске келуге шақырамын.

25. А. Мен өзгеге менің көзқарасымның дұрыстығын көрсетуге тырысамын.

Б. Келісім жүргізуде, мен басқаның аргументіне мұқият болуға тырысамын.

26. А. Мен ортаңғы позицияны ұстанамын.

Б. Мен әдетте біздің әрқайсымыздың тілегімізді қанағаттандыруды ойлаймын.

27. А. Мен кейде дау тудыратын позициядан бас тартамын.

Б. Егер осы өзгені бақытты етсе, мен оның дегеніне жетуіне мүмкіндік беремін.

28. А. Мен өз дегеніме әдетте табанды түрде талпынамын.

Б. Жағдайды жұмсарты отырып, басқаның көмегін күтемін.

29. А. Мен ортаңғы позицияны ұстанамын.

Б. Кейбір келіспеушіліктердің пайда болуына мазасызданбау керек деп ойлаймын.

30. А. Мен өзгенің сезіміне тиіспеуге тырысамын.

Б. Мен әрқашан, бірлесіп жетістікке жететіндей позицияны ұстанамын.

Р.с	Қарсыласу (соперничество)	Қызметтестік (сотрудничество)	Компромисс	Қашу (избегания)	Бейімделу
1				а	б
2		б	а		
3	а				б
4			а		б
5		а		б	
6	б			а	
7			б	а	
8	а	б			
9	б			а	
10	а		б		
11		а			б
12			б	а	
13	б		а		
14	б	а		б	а
15				б	а
16	б			б	
17	а		б	б	а
18			б		а
19		а		б	
20		а	б		
21		б			а
22	б		а		
23		а		б	
24			б		а
25	а				б
26		б	а		
27				а	б
28	а	б			
29			а	б	
30		б			а

## ТЕСТ КІЛТІ.

**1. Қашу** – бұл бірлесіп еңбек ету талпынысының жоқ болуы, сонымен қатар өз мақсатына жетуге деген талпыныстың да болмауы; қатысушылар дау-дамай мүлдем жоқ секілді түр жасайды (1А, 5Б, 6А, 7 А, 9А, 12А, 15 Б, 17Б, 19Б, 23А, 27 А, 29 Б).

**2. Жол беру** – өз қызығушылығын құрбан ету, жақсы қатынас сақтау үшін жеңіліспен келісу (1Б, 3Б, 4Б, 11Б, 15А, 16А, 18А, 21А, 24А, 25Б, 27Б, 27Б, 30А).

**3. Компромисс** – екі жақты жол берумен алмасу. Екі қатысушы да жеңеді, бірақ кейде өз мақсаттарынан бас тартуларына тура келеді.

**4. Агрессия** – қандай жағдай болмасын өзгеге қиян келтіре отырып дегеніне жету. (3А, 6Б, 8А, 9Б, 10А, 13Б, 14Б, 16Б, 17А, 22Б, 25А, 28А).

**5. Бірлестік** – екі қатысушылардың да қызығушылықтарын қанағаттандыратын шешімді бірлесе іздеу. (2Б, 5А, 8Б, 11А, 14А, 19А, 20А, 21Б, 23А, 26Б, 28Б, 30Б).

Дау-дамайды шешу эффективтілігі бірлесуден қашумен арта түседі. Кілт бойынша реакцияның 55 атын жазып алып, сіздің тандауыңызға сай жауаптардың қасына белгі қойыңыз. Реакцияның әрбір түрінің қолындағы белгінің санын санап, оны 3,33-ке көбейтіңіз. Адам мінезіндегі типті пайызбен аламыз.

## ГЛОССАРИЙ

**Адаптация** – индивидтің өзгеретін әлеуметтік ортаға бейімделуі, дағдылануы.

**Анализ** – тұтасты бөліктерге бөлу, жіктеу (ойша немесе фактикалық); бірдемені қарастыру, талдау.

**Анализатор** – ағзаның сыртқы және ішкі ортадан пайда болатын тітіркендіргіштерінің анализ бен синтез функцияларын жүзеге асыратын жүйке аппараты.

**Аффект** – күшті, қызу көрінетін эмоционалды әсер.

**Вариация** – түр өзгерту.

**Жетекші іс-әрекет** – қандайда бір жас кезеңіндегі адамның психикалық даму сипатын анықтайтын іс-әрекет.

**Зейін** – объектіге психикалық іс-әрекеттің бағыттылығы, шоғырлануы.

**Қозу** – тірі ағзалардың қасиеті, тітіркенуге олардың реакциясы, белсенді жауабы.

**Ерік** – адамның өз іс-әрекетін саналы әрі мақсатты түрде реттеу.

**Қиял** – есте сақталған әсерлер мен ақпараттарды өңдеу негізінде жаңа бейнелерді жасайтын психикалық үрдіс.

**Тәрбие** – адамға белгілі бір мінез-құлық қалыптарын, дүниеге көзқарастың, ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыру мақсатымен жүйелі әсер ету.

**Қабылдау** – сезім органдарының рецепторлық үстіртіне тітіркендіргіштердің тікелей әсер етуінде туындайтын оқиғалардың, құбылыстардың, заттардың тұтас бейнеленуі.

**Генетикалық** – бір дененің дамуына, шығу тегіне қатысты.

**Госпитализм** – сәбиді анасынан бөлу нәтижесінде және оны ерте институализациялағанда пайда болатын психикалық және тұлғалық балалар дамуының патологиялық синдромы.

**Мектепке оқуға дайындық** – баланың әлеуметтік жетілу нәтижесінде туындайтын оқудың қажеттілігін сезіну және қалау.

**Іс-әрекет** – қоршаған шындыққа әсер етуде айқындалатын оған деген белсенді қатынас; іс-әрекет әрекеттен тұрады.

**Дифференциация** – тұтастық көп жүйелі және әр түрлі бөлімдерге, формаларға және денгейлерге бөлінуі, жіктелуі.

**Белгі** – ақиқаттың басқа элементінің (тіл, хат, санақ, сурет) орнын басушы ретінде көрінетін ақиқат элементі.

**Белгі функциясы** – белгілерді қолдану қабілеті.

**Идеомоторлық** – қозғалысты жүзеге асырудағы бұлшықет қозғалыстары туралы ұғымдардың ауысуы психикалық үрдіске қатысты.

**Мотивтер иерархиясы** – мәні аз қозғыштардың мәні көптерге бағынатын мінез-құлықтың қозғыш күштер жүйесі.

**Имплицитті** – болжанған, айқындалмаған, адамның адамды бағалау сферасына қатысты әлеуметтік-психологиялық саналанбаған мотивтер жиынтығы.

**Интеллект** – индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің салыстырмалы тұрақты құрылымы; адамның ойлау қабілеті.

**Интерииоризация** – сыртқы әлеуметтік іс-әрекет құрылымын меңгеру нәтижесі ретінде адамдық психиканың ішкі құрылымының қалыптасуы.

**Иррадиация** – жүйке үрдісінің өзінің пайда болған орнынан шеттерге таралу қабілеті.

**Қыңыр** – ақылды дәлелге қарамастан өзінікінде қатып қалуға тырысуда көрінетін негативті реакция.

**Кинестезия** – жасалған бұлшықет күштерін және тәннің бөліктерін, қозғалысын сезіну.

**Континуум** – құбылыстардың, үрдістердің талассыздығы, үздіксіздігі.

**Тұлға** – белгілі бір индивидуалдық сапаларды иеленетін, қоғамдық-тарихи қатынас өкімі ретіндегі адам.

**Лонгитюдті үрдіс** – зерттелушіні ұзақ жүйелі зерттеу.

**Манипуляция жасау** – заттармен оның тағайындауын есепке алмай жүргізілетін элементарлы әрекет.

**Зерттеу әдістемесі** – белгілі бір жүйеде зерттеу мақсатымен сәйкес пайдаланылатын әдістерді нақты іске асыру.

**Зерттеу әдістері** – зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін айғақ, ақпарат алу тәсілдері.

**Моделдеу** – ортаны жасанды құрастыру жолымен адам іс-әрекеттің қандай-да бір түрін ұйымдастыру.

**Моральдық (құлықтық) сезім** – адамның басқа адамдарға, қоғамға және өзінің қоғамдық міндеттеріне деген қарым-қатынасына байланысты әсерлер, жоғары сезімдер.

**Ойлау** – объективті шындықты жалпылап жанамалар бейнелейтін психикалық үрдіс.

**Дағды** – әрекетті орындаудың автоматтандырылған тәсілі.

**Көрнекі** – әрекеттік ойлау-заттармен сыртқы бағдарланған әрекетті қамтамасыз ететін, көрнекі-қабылданатын ситуация ағымындағы ойлау.

**Негативизм** – қарсыласу, қарсы әрекет жасау, керісінше жасауға тырысу, кейде теріс тәрбиенің салдары.

**Қатынас** – түрлі сипаттағы ақпарат алмасатын, бірлескен іс-әрекетте қажеттіліктер тудыратын адамдар арасындағы байланыстың құрылу және дамуының күрделі де көп жоспарлы үрдісі.

**Онтогенез** – ағзаның индивидуалдық даму үрдісі.

**Нысаналы іс-әрекет** – ситуацияда белсенді хабардар болуға бағытталған субъект әректінің жиынтығы, оны зерттеу және мінез-құлық тактикасын таңдау.

**Нысаналы әрекет** – ақпарат алу мақсатымен заттарды зерттеуге бағытталған әрекет.

**Қарулы әрекет** – бір құрал зат басқа заттарға әсер ету үшін қолданылатын әрекет.

**Түйсік** – сезім органдарына тікелей әсер ететін заттардың, құбылыстардың белгілерін, жеке қасиеттерін бастағы ми қабығында бейнелейтін психикалық танымдық үрдіс.

**Ес** – қаперінде қалдыру, сақтау және келесіде индивидтің өз тәжірибесімен қайта жаңғырту.

**Ұғым** – шындықтағы заттар мен құбылыстардың жалпы және мәнді қасиеттерін бейнелеу, адам ойының негізгі тәсілі.

**Заттық іс-әрекет** – ерте жастағы баланың жетекші іс-әрекет түрі, бұл үрдісте заттарды қолданудың қоғамдық өңделген тәсілдерін меңгереді.

**Психика** – объективті әлемді субъектінің белсенді бейнелеуімен қорытындыланатын жоғары ұйымдастырылған материяларының жүйелі қасиеттері.

**Шынайы қарым-қатынас (ойында)** – ойын барысын реттеуге бағытталған (ролдерді бөлу, сюжетті жоспарлау т.б.) ортақ іс бойынша серіктестер реінде балалар арасындағы қарым-қатынас.

**Ішкі сөйлеу** – шынайы коммуникация үрдісінен тыс тілді қолдану түрі.

**Рефлекс** – тітіркенуге ағзаның заңды туындайтын жауабы: рефлекстер шартты және шартсызға бөлінеді.

**Рефлексия** – өз ерекшеліктерін ұғыну қабылеттілігі бұл ерекшеліктерді басқалар қалай қабылдайтындығын ұғыну және өз мінез-құлқын басқалардың болуы мүмкін реакцияларына қарап тұру; өзіндік психикалық қалып-күйін талдау.

**Сөйлеу іс-әрекеті** – адамның сөйлеудің қарым-қатынас тәсілі және ойлау құралы ретінде пайдалану үрдісі.

**Рецептор** – тітіркендіргішті қабылдайтын талдағыштың периферикалық маманданған бөлімі.

**Мәртебелі рөл** – тұлғааралық қатынас жүйесіндегі қоғамда адамдардың мәртебесі мен позициясына қатысты мінез-құлық нормаларына сәйкес тәсіл.

**Балалардың рөлдік қатынастары** – ойын сюжетімен сәйкес балалар ойнайтын қарым-қатынастар.

**Өзін-өзі бағалау** – адамның өзін-өзі, өз мүмкіндіктерін, тұлғааралық қарым-қатынас жүйесінде өз орнын бағалау.

**Сана-сезім** – адамның өз қажеттіліктерін, мотивтерін, әсерлерін, қабылеттерін және тұлғалық сапаларын бағалау: өз-өзіне бағытталған, қоғамның бір мүшесі ретіндегі адам санасының жоғары айқындалуы.

**Сензитивтілік** – жоғары сезімталдылық.

**Семантика** – тілдің жеке сөздер мен сөз бөліктерінің мағыналы жағы.

**Өзін-өзі дәлелдеу** – өз ниеттерін жүзеге асыруға тырысу.

**Сенсорлық эталондар** – заттық әлемнің негізгі қасиеттері жайлы түсініктер.

**Синдром** – пайда болудың бір механизміне біріккен қандайда бір құбылыс белгілерінің белгілі бір үйлесімі.

**Синектика** – нағыз кездейсоқ пікірлердің, мүмкін емес анологиялардың қақтығысуы жатқан, жаңа идеяларды туындататын ұжымдық шығармашылықты белсендендіретін әдіс.

**Синтез** – бөліктердің фактикалық немесе ойша бір тұтасқа бірігу үрдісі.

**Жүйені талдау** – жүйе ретінде қарастырылатын құбылысты талдауға методикалық жүріс.

**Сана** – қоғамдық-тарихи тіршілік иесі ретінде адамға ғана тән өзін-өзі реттеу мен психикалық шағылысудың жоғары деңгейі.

**Арақатынасты әрекет** – белгілі-бір кеңістіктің өзара қатынастағы екі немесе бірнеше заттарды келтіру- мақсаты болып саналатын әрекет.

**Социометрикалық мәртебе** – тұлғааралық қатынас жүйесіндегі субъект жағдайы.

**Құрылым** – объектінің тұрақтылығын және өз-өзіне деген сенімділігін қамтамасыз ететін көптеген компоненттері арасындағы тұрақты байланыстар жиынтығы.

**Тежелу** – жүйке орталықтарының немесе жұмыс органдарының іс-әрекетін тежеуге әкелетін белсенді үрдіс.

**Білік** – жинаған білім мен дағды негізінде әрекетті орындаудың субъект меңгерген тәсілі.

**Қасарсушылық** – 1) негативизмнің жиі көрінуі; 2) басқалардың істеріне түрткісіз қарсы әрекет ету; 3) индивидтің ерік сферасының ауытқуы ретіндегі мінез-құлық ерекшелігі.

**Менгеру** – қоғамдық-тарихи тәжірибені индивидтің негізгі игеру жолы.

**Шартты рефлекс** – тітіркендіргіштер әрекетінің белгілі бір шартында ағзаның өмір ағымында туындайтын рефлекс.

**Филогенез** – тарихи даму барысында сана формасының пайда болуы және эволюциясы.

**Мінез** – адамның шындыққа қатынасын айқындайтын және әрекеттерінде көрінетін тұлғаның мәнді сапаларының индивидуальды-өзінше үйлесімі; мінез тумысынан бойға бітпейді ол жүре қалыптасады.

**Мақсат** – әрекет бағытталған объект.

**Эгоцентризм** – өз-өзіне қатынасы; индивидуализм мен эгоизмнің шеткі формасы.

**Эгоцентрикалық сөйлеу** – өз-өзіне бағытталған, баланың эгоцентрикалық позициясын бейнелейтін сөйлеу.

**Эмпатия** – басқа адамның уайымын, әсерін, ішкі әлемін сезіне біліу, басынан кешіріп, түсіне білу қабілеті.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Анисимов В.П., Счастье быть родителем., «Педагогическая литература», М., 2007.

Ауталипова У.И., Психология детско-родительских отношений в конфликте., Алматы, 2004.

Божович Л.И., Личность и ее формирование в детском возрасте. М., 1968.

Венгер А.Л., Старший дошкольник. Дошкольное воспитание., 1994. №1.

Венгер А.Л., Готов ли ваш ребенок к школе? М., 1994.

Валлон А., Психологическое развитие ребенка. М., 1967.

Волков Б.С., Волкова Н.В. Возрастная психология. М., 2005.

Волков Б.С., Волкова Н.В. Детская психология. М., 2002.

Выготский Л.С., Детская психология. Собрание сочинений в 6 томах. М., 1984.

Возрастная и педагогическая психология. / Под ред. А.В.Петровского, М., 1979.

Ергуатова Р. Макашева. Психолог кеңістігі: мектеп және отбасы. Алматы, 2008.

Золотнякова А.С., Проблемы психологии общения (социальный и личностные типы общения, их профессиональные, познавательные и генетические аспекты). Ростов-на-Дону. 1976.

Гуткина Н.И., Психологическая готовность к школе. М., 1996.

Гамезо М.В., Петров Е.А., Орлова Л.М. Возрастная и педагогическая психология. М, 2003.

Кравцова Е.Е. Психологические проблемы, готовности детей к обучению в школе», М.,1991.

Кулагина И.Ю., Коллюцкий В.Н. Возрастная психология. М., 2001.

Мухина В.С., Детская психология. М., 1985.

Обухова Л.Ф., Возрастная психология. М., 1999.

Обухова Л.Ф., Шаграева О.А. Семья и ребенок: психологический аспект детского развития. М., 1999.

Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психологический словарь. М., 1990.

Петровский А.В. Педагогикалык және жас ерекшелігі психологиясы. Алматы, 1987.

Популярная психология для родителей / Под ред. А.А. Бодалева. М.,1988.

Популярная психология для родителей. Под ред. А.С.Спиваковской. С-Пб.,1997.

Психология детства / Под.ред. А.А. Реана. СПб., 2003

Рогов Е.И., Настольная книга практического психолога. М., 1996.

Рыбалко Е.Ф., Возрастная и дифференциальная психология. М., 1990.

Савенков А.И., У колыбели гения. М., 2000.

Смирнова Е.О., Психология ребенка. М., 1991.

Субботский Е.В., Ребенок открывает мир. М., 1991.

Султанова Ф., Мектеп психологының жұмыс кітабы. Алматы, 2008.

Урунтаева Г.А., Афонькина Ю.А. ПРАКТИКУМ по детской психологии., «Просвещение», «Владос», М. 1985.

Урунтаева Г.А., Дошкольная психология. М., 1987.

Щербаков А.И., Проблемы возрастной психологии. М., 1987.

Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии / Под ред. Л.И. Ильясова, В.Я. Ляудис, М., 1981.

Эльконин Б.Д., Детская психология. М., 1990.

Эльконин Б.Д. Психология развития.

# **БАЛАЛАР ПСИХОЛОГИЯСЫ**

*(Туылғаннан мектепке дейінгі кезең)*

Пішімі 60x84 1/16

Тығыздығы 80 гр./см<sup>2</sup>. Қағаздың ақтығы 95% .

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Көлемі 142 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды

ҚР, Алматы, Сатпаев к., №90.

e-mail: otan88@mail.ru